

Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында әскери-дәрігерлік сараптама өткізу қағидаларын және әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 717 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 21 қазанда № 21469 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 11-бабы 1-бөлімінің 10) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында әскери-дәрігерлік сараптама өткізу қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы (Р.Ф. Жақсылықов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Мыналардың:

1) "Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери-дәрігерлік сараптама өткізу қағидаларын және Әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 17 ақпандағы № 118 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10337 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 20 сәуірде жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери-дәрігерлік сараптама өткізу қағидаларын және Әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 17 ақпандағы № 118 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің

2020 жылғы 14 қаңтардағы № 16 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19895 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 20 қаңтарда жарияланған) бүйрықтарының күші жойылған деп танылсын.

4. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Р.Ф. Жақсылықовқа жүктелсін.

5. Осы бүйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министри

E. Тургумбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
2020 жылғы "___" ____

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлік
2020 жылғы 16 қазаны
№ 717 бүйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында әскери-дәрігерлік сараптама өткізу қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында әскери-дәрігерлік сараптама өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 11-бабы 1-бөлімінің 10) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында (бұдан әрі – ҮҮ) әскери-дәрігерлік сараптама өткізу тәртібін айқындауды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) әскери-дәрігерлік сараптама (бұдан әрі – ӘДС) – Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарында медициналық қамтамасыз етуді тиімді жасақтау және жетілдіру, Қазақстан Республикасының заннамасында көзделген өзге де мәселелерді шешу мақсатында жүзеге асырылатын ғылыми, әдістемелік, ұйымдастыруышылық және практикалық іс-шаралар кешені болып табылатын медициналық қызметтің түрі;

2) медициналық куәландыру – аурудың болу немесе болмау фактісін анықтау, сондай-ақ растау, оның денсаулық жағдайын айқындау мақсатында жеке адамды зерттеу;

3) мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия алу) (бұдан әрі – мертігу) – еңбекке қабілеттілігін немесе әскери қызмет атқаруға қабілетін қысқа уақытқа ішінara немесе толық жоғалтуға әкеп соқтыратын сыртқы механикалық, химиялық (техникалық сұйықтықпен, зымырандық отын құрамымен, газбен, тұтінмен және бумен, улы заттармен улану), терминалық, атмосфералық (тоңу, қалтыру, үсу), спецификалық (электрлік, радиоактивтік және иондаушы сәулелену, электрлік магнитті өрістің ықпалы, оптикалық кванттық генераторлардың, лазерлер мен радио толқындар ықпалы), барометрлік және акустикалық факторлардың сыртқы ықпал етуі кезінде тіндердің, органдар мен жүйелердің зақымдануы;

4) психофизиологиялық зерттеулер (бұдан әрі – ПФЗ) және полиграфологиялық зерттеулер (бұдан әрі – ПГЗ) – әскери қызметшілердің және азаматтардың жеке-психологиялық және психологиялық-физиологиялық қасиеттерін жан-жақты бағалауға бағытталған тексеру іс-шараларының жиынтығы. Интеллект, өзін-өзі бағалау, коммуникативтік және эмоционалды ерік-жігер қабілеттерін, жеке тұлғаны бағыттау деңгейі мен ерекшеліктерін айқындау, орталық нерв жүйесінің жеке функционалдық жай-күйі ерекшеліктерін зерттеу болып табылады;

5) полиграфологиялық зерттеу туралы декларация (бұдан әрі - декларация) сынақтан өтушінің полиграфологиялық зерттеуден өту талаптарымен келісіу туралы құжат;

6) психофизиологиялық зертхана (бұдан әрі - ПФЗ) – психофизиологиялық зерттеу жүргізуге бейімделген арнайы жабдықталған үй-жай.

7) айқындалған тұрақты дәрігерлік-сараптамалық нәтиже (бұдан әрі - айқындалған тұрақты ДСН) – тексеру және емдеу нәтижелері одан әрі емдеу және (немесе) байқау нәтижесінде өзгермейтін әскери қызметке жарамдылықтың нақты санаты туралы қорытынды шығаруға негіз болатын денсаулық жағдайы;

8) айқындалған тұрақты қолайсыз ДСН - әскери қызметке жарамдылық дәрежесі (санаты) туралы: "әскери қызметке шектеулі жарамды", "бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды" немесе "әскери есептен шығара отырып, әскери қызметке жарамсыз" қорытындыларының бірі шығарылатын ДСН;

9) сырттай әскери-дәрігерлік сараптама - әскери қызметшілерге, запастағы әскери қызметшілерге, оның ішінде қайтыс болғандарға (қаза тапқандарға) медициналық қуәландыруды жүргізу мүмкін болмаған жағдайларда немесе ӘДС мәселелері бойынша бұрын қабылданған қорытындылардың, қаулылардың немесе өзге де шешімдердің негізділігіне тексеру жүргізу кезінде медициналық сараптамалық және өзге де құжаттамаға сараптама жүргізу.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-1. Әскери-дәрігерлік сараптама:

1) денсаулық жағдайы бойынша азаматтардың әскери қызметке немесе арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметке, сондай-ақ әскери жиындарға, арнаулы мемлекеттік органдардың жиындарына немесе денсаулық жағдайы бойынша есептік мақсаттарға жарамдылық санатын;

2) Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарында қызмет өткериуіне (міндеттерді орындаудына), сондай-ақ әскери жиындардан, арнаулы мемлекеттік органдардың жиындарынан өтуіне байланысты азаматтардың науқастануының, мертігуінің (жаралануының, жарақаттануының, контузия алуының) (бұдан әрі – мертігу) және қаза табуының (қайтыс болуының) себепті байланысын;

3) әскери қызмет міндеттерін (қызметтік міндеттерін) орындау кезінде әскери қызметшілердің немесе қызметкерлердің мүгедектікке әкеп соқтырмаған мертігуінің ауыртпалық дәрежесін;

4) арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарына қызметке кіретін Қазақстан Республикасы азаматтарының, олардың қызметкерлерінің, сондай-ақ мемлекеттік авиацияға кіретін авиациялық персоналдың жеке психофизиологиялық қабілеттерін айқындау үшін жүргізіледі.

Ескерту. Қағидалар 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Азаматтардың және әскери қызметшілердің әскери қызметке жарамдылық санаты "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында қызмет өткери үшін адамдардың денсаулық жағдайына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 722 бұйрығына (бұдан әрі – Талаптар) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21863 болып тіркелген) сәйкес айқындалады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Медициналық куәландыру:

1) орта техникалық және кәсіптік, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын, оның ішінде шет мемлекеттердің әскери оқу орындарына түсетін азаматтар мен әскери қызметшілерге (бұдан әрі – ӘОО кандидаттар), жоғары оқу орындарының әскери факультеттеріне түсетін және оқитын азаматтарға;

2) келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін азаматтарға;

3) резервтегі (бұдан әрі – резервтегі әскери адамдар), шақыру немесе келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге, әскери оқу орындарының курсанттарына;

4) арнайы мақсаттағы бөлімдерде әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге;

5) радиоактивті заттармен, ионды сәулелену көздерімен, электр магнитті өріс және лазерлік сәулелену көздерімен қызмет өткери үшін іріктелетін және қызмет өткеретін әскери қызметшілерге;

6) әскери қызметке шақыру кезінде запастағы азаматтарға қатысты өткізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Психологиялық-физиологиялық және полиграфологиялық зерттеу "Тағайындау кезінде әскери қызметшілер мен азаматтық персонал адамдарына қатысты психологиялық-физиологиялық және полиграфологиялық зерттеу қолданыла отырып, тексеру жүргізілетін әскери лауазымдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 8 тамыздағы № 542 бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15656 болып тіркелген) адамдарға жүргізіледі.

2-тaraу. Медициналық куәландыру жүргізу тәртібі

7. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін азаматтар, резервтегі әскери адамдар, ЖОО-ға кандидаттар мен ҰҰ әскери қызметшілері әскери бөлімдердің (бөлімшелердің) орналасқан жері бойынша медициналық куәландырудан ҰҰ штаттық (штаттық емес) ӘДК-де, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, Қазақстан Республикасы ПМ Полиция департаменттерінің ӘДК-де (бұдан әрі - ПД ӘДК) өтеді.

Медициналық куәландыруға арналған жолдаманы әскери бөлім командирлері немесе кадр қызметінің бастығы тікелей командирдің (бастықтың) шешіміне сілтеме жасай отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша береді.

Кадр қызметтері әскери билеттерді, қызметке кіретін азаматтарды тіркеу куәлігін зерделейді және оларды әскери есепке түруға әскери қызметке жарамдылық немесе шамалы шектеулермен жарамдылық жағдайында әскери-дәрігерлік комиссияларға (бұдан әрі – ӘДК) жібереді.

Жолдамаға кадр қызметі қол қояды, мөрмен (фотосуретте) расталады, беру күні көрсетіледі және әскери қызметшілердің (кандидаттардың) ӘДС уақтылы өтуін бақылайды. Кадр қызметі куәландырылатын адамдарға жолдамамен бірге осы Қағидалардың 15, 16, 35, 63, 66-тармақтарында көрсетілген қажетті медициналық зерттеулер мен құжаттардың тізбесін береді. Куәландырылатын адамдардың әрбір санаты үшін көрсетілген тізбені ӘДК жасайды. Анықтамалар, үзінді көшірмелер және

зерттеу нәтижелері денсаулық сақтау мекемелерінің мөрімен немесе QR-кодымен расталады.

ӘДК қорытындылары кадр қызметінің өкіліне медициналық куәландыру актісінің титулдық парагында қол қойыла отырып беріледі.

ЖОО-ға кандидаттардың ӘДК анықтамалары кадр қызметтерінің өкілдеріне хаттамалар кітабына қол қойылып беріледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жолдама ӘДК куәландыру үшін берілген күнінен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде жарамды.

Көрсетілген мерзімде медициналық куәландыру аяқталмаған жағдайда куәландыруға жолдаманы әскери бөлім командирі немесе кадр қызметінің бастығы бір рет бір айға дейінгі мерзімге ұзартады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Медициналық куәландыру осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ҰҰ әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу кезіндегі зерттеу әдістемесіне сәйкес өткізіледі.

Осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген адамдарды куәландыруды ӘДК мынадай дәрігер мамандардың: терапевтің, хирургтың, невропатологтың, психиатрдың, офтальмологтың, оториноларингологтың, дерматовенерологтың, стоматологтың тексеруімен өткізеді, әйелдерді гинеколог тексереді. Көрсеткіштер болған жағдайда куәландырушылар басқа мамандарға тексеруге (кеңес беруге) жіберіледі.

Қосымша тексеру көлемін диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларына (бұдан әрі – ДЕКХ) сәйкес ӘДК маманы айқындайды.

Дәйектің құжаттарды, мәліметтерді ұсыну фактісі анықталған кезде куәландырылушылар медициналық куәландырудан шеттетіледі және олар бойынша "Қорытынды толық тексерілмеуге байланысты шығарылған жоқ" деген қорытынды қабылданады.

Көрсетілген фактілерді растайтын құжаттар медициналық куәландыру актісіне қоса тіркеледі. Осы фактілер туралы мәліметтер медициналық куәландыру туралы анықтамада, "Ескерте" деген бөлімінде көрсетіледі.

Медициналық тіркеуші алдыңғы медициналық куәландырудан өту нәтижелерінің болуын (болмауын) тексереді. Медициналық куәландыру аяқталғаннан кейін азаматтарға амбулаториялық карталар қайтарылады. Қызметке (оқуға) түсуге жарамсыз деп танылған азаматтардың өтініші бойынша (ӘДК бастығының атына жазбаша өтінішпен) оларға ПФЗ нәтижелерін қоспағанда, медициналық құжаттардың (анықтамалардың, талдаулардың) көшірмелері ұсынылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Психофизиологиялық қабілеттерін анықтау үшін психофизиологиялық және полиграфологиялық зерттеулер қолданылады.

11. Құрамында ПФЗ бар ӘДК психиатр-дәрігерді қоспағанда, сарапшы дәрігерлер медициналық қуәландырған соң ПФЗ жүргізеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. ӘДК осы Қағидаларға және Талаптарға сәйкес қорытынды шығарады.

Азаматтар шағымданатын штаттық емес (тұрақты және уақытша жұмыс істейтін) ӘДК, ПД ӘДК қорытындылары штаттық ӘДК-де бақыланатын қайта қарауға жатады. Қайта бақылау тексеруінен кейін ӘДК қорытындысы түпкілікті болып табылады және қуәландырылуши штаттық ӘДК-нің қорытындысымен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік іс жүргізу-процестік кодексінің 91-бабына сәйкес шағымданады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Орта техникалық және кәсіптік, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын, оның ішінде шет мемлекеттердің әскери оқу орындарына түсетін азаматтар мен әскери қызметшілерді, жоғары оқу орындарының әскери факультеттеріне түсетін және оқитын азаматтарды медициналық қуәландыру

13. Әскери оқу орнына түсетін азаматтар мен әскери қызметшілер (бұдан әрі – ӘОО-ға кандидаттар) алдын ала медициналық қуәландырудан ҰҰ штаттық (штаттық емес) ӘДК, ПД штаттық ӘДК, соңғы медициналық қуәландырудан Ұлттық ұлан академиясының (бұдан әрі – ҰҰА) штаттық емес уақытша жұмыс істейтін ӘДК өтеді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Ұшқыштар құрамын дайындау бойынша ӘОО-ға кандидаттар алдын ала медициналық қуәландырудан ҰҰ штаттық (штаттық емес) ӘДК, ПД штаттық ӘДК өтеді, содан соң дәрігерлік-ұшқыштар комиссиясына жіберіледі, соңғы медициналық қуәландырудан ҰҰА штаттық емес уақытша жұмыс істейтін ӘДК өтеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Медициналық куәландыру басталғанға дейін ӘОО-ға кандидаттар мынадай медициналық құжаттарды:

1) психоневрологиялық үйымнан, наркологиялық үйымнан (ағзада психикалық белсенді заттардың болуына тестілеу нәтижелерімен), туберкулезге қарсы үйымнан, тері-венерологиялық диспансерлерден (кабинеттерден) - медициналық куәландыру күніне 10 жұмыс күнінен кешіктірмей және (немесе) EGOV электрондық үкімет порталы арқылы берілген осы денсаулық сақтау үйымдарында олардың есепте тұруры туралы мәліметтер (анықтамалар).

2) басқа да медициналық денсаулық сақтау үйымдарынан:

созылмалы науқастары бойынша диспансерлік есепте тұрудың жай-күйі және соңғы он екі ай ішінде жүқпалы және паразитарлық науқастарға шалдыққаны туралы мәліметтерді;

алдын алу егулері туралы және дәрі-дәрмек құралдары мен басқа да заттарды көтере алмайтыны (жоғары сезгіштігі) туралы мәліметтерді;

амбулаториялық пациенттің электрондық картасынан мәліметтерді (соңғы бес жыл ішінде), амбулаториялық, стационарлық науқастың медициналық картасынан үзіндіні.

Куәландырылатын адам жазбаша немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қажетті мәліметтерді беруге келісім, дербес медициналық деректердің электрондық базасына рұқсат береді. Жоғарыда аталған құжаттар мен зерттеу нәтижелері болмаған не куәландырылатын адам қажетті мәліметтерді беруге келісуден, дербес деректермен электрондық базаға рұқсат беруден бас тартқан кезде, куәландырылатын адам медициналық куәландыруды жүргізуге жіберілмейді.

3) мектептен, басқа оқу орындарынан, жұмыс орнынан, қызмет орнынан немесе тұрғылықты жері бойынша аудандық ішкі істер бөлімінен мінездемелер ұсынады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. ӘОО-ға кандидаттар мынадай медициналық зерттеулердің нәтижелерін:

1) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген жалпы қан талдауын;

2) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген жалпы зәр талдауын;

3) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген мерезге Вассерман немесе микропреципитация реакциясын (микрореакция);

4) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген қандағы қант талдауын;

5) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей өткізілген мұрын қуысының рентгенограммасын;

6) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге құнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген электрлік кардиограмманы (бұдан әрі - ЭКГ) (тыныштықта және жүктемеден соң);

7) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге үш айдан кешіктірмей өткізілген курсақ қуысы органдарын және бүйректі ультрадыбыстық зерттеуді (бұдан әрі – УДЗ);

8) электрлік энцефалограмманы (бұдан әрі - ЭЭГ) (медициналық куәландыру актісі ашылған күнге үш айдан кешіктірмей өткізілген);

9) АИТВ-инфекцияның болуын тексеруді (медициналық куәландыру актісі ашылған күнге алты айдан кешіктірмей өткізілген);

10) қырық жастан асқан адамдар ішкі көз қысымының өлшеуін;

11) медициналық куәландыру күніне дейін үш айдан кешіктірмей өткізілген кеуде қуысы мүшелерін екі қырынан (тура және бүйірден) флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеуді;

12) В және С вирустық гепатиттері маркеріне қан талдауын (медициналық куәландыру актісі ашылған күнге алты айдан кешіктірмей өткізілген) ұсынады.

Медициналық көрсеткіштер бойынша қосымша зерттеулер мен басқа да мамандардың кеңестері тағайындалады.

Жоғарыда көрсетілген құжаттарды ұсынбаған адамдар медициналық куәландыруға жіберілмейді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Медициналық ұйымдардың мәліметтері бойынша оқу орындарына түсуге және әскери қызмет өткериуге кедергі келтіретін созылмалы аурулары мен дene бітімінде кемшіліктері бар адамдар медициналық тексеруге жіберілмейді.

18. Оқуға түсуге кедергі келтіретін науқастану анықталған жағдайда одан әрі куәландыру тоқтатылады және оқуға түсуге жарамсыздығы туралы қорытынды шығарылады.

19. Медициналық куәландыру нәтижелері және штаттық, штаттық емес ӘДК, ПД ӘДК қорытындылары осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ӘОО түсетін азаматтың медициналық куәландыру картасына, медициналық кітапшаға (әскери қызметшілер үшін) және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ӘДК отырыстарының хаттамалары кітабына (бұдан әрі – Хаттамалар кітабы) жазылады

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Медициналық куәландыру нәтижелері бойынша ӘДК оқуға жарамдылық (жарамсыздық) туралы қорытынды жасайды, бұл ретте Талаптардың қорытынды шығаруға негіз болған тармақтары көрсетіледі.

21. Соңғы медициналық куәландыру кезінде ӘОО оқуға түсуге жарамсыз деп танылған кандидаттардың медициналық куәландыру карталары медициналық куәландыру сапасын талдау және жақсарту үшін медициналық куәландыру аяқталғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмей штаттық ӘДК-ге жолданады.

Штаттық ӘДК медициналық куәландыру карталарын алдын ала медициналық куәландырудан өту орны бойынша талдау және зерделеу үшін жолдайды.

2-параграф. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіretіn азаматтарды медициналық куәландыру

22. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіretіn азаматтар медициналық куәландыру кезінде әскери билетті немесе әскери қызметке жарамдылығы және әскери қызметке шақырудан шеттету себептері туралы белгісі бар тіркеу куәлігін ұсынады.

23. Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер медициналық куәландыруға медициналық кітапшамен және медициналық көмекке жүгінгені, зерттеу нәтижелері көрсетілген медициналық сипаттамамен жіберіледі.

24. ӘДК келісімшарт бойынша әскери қызметке кіretіn кандидаттарды медициналық куәландыру үшін осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық зерттеу актісін ресімдейді.

25. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіretіn кандидаттарды куәландыру осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес жүргізіледі. Медициналық куәландыру басталғанға дейін келісімшарт бойынша әскери қызметке кіretіn кандидаттар осы Қағидалардың 15, 16-тармақтарында көрсетілген медициналық құжаттарды ұсынады.

26. Медициналық көрсеткіштері бойынша науқастану диагнозын нақтылау үшін кандидат амбулаторлық немесе стационарлық медициналық тексеруге медициналық денсаулық сақтау ұйымына жіберіледі.

27. Куәландырылатын адамның медициналық тексеруді бір ай ішінде аяқтауға мүмкіндігі болмаса, сондай-ақ тағайындалған қосымша медициналық зерттеу нәтижелері мерзімінде ұсынылмаған жағдайда ӘДК "Медициналық куәландыруға келмеуіне (тексерудің аяқталмауына) байланысты қорытынды шығарылмайды" деген қорытынды шығарады.

28. Кандидат тексерілуден бас тартқан кезде ӘДК: "Келісімшарт бойынша әскери қызметке жарамсыз" деген қорытынды шығарады.

29. Талаптарға сәйкес денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды немесе әскери қызметке шамалы шектеулермен жарамды кандидаттар келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге жарамды деп танылады.

30. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Медициналық қуәландыру кезінде келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге кедергі келтіретін жүктілік немесе науқастануы анықталған кезде одан әрі медициналық қуәландыру тоқтатылады, штаттық немесе штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК, ПД ӘДК "Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге жарамсыз" деген қорытынды шығарады, бұл ретте әскери қызметке жарамдылық санаты туралы қорытынды шығарылмайды.

Келісімшарт бойынша әскери қызметке уақытша жарамсыз деп танылған адамдарға қатысты да осындай қорытынды шығарылады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. ӘДК қорытындысы шығарылған күнінен бастап алты ай ішінде жарамды.

3-параграф. Шақыру бойынша, келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді, резервтегі әскери адамдарды және әскери оқу орындарының курсанттарын медициналық қуәландыру.

Ескерту. 3-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Әскери қызметшілер кадр қызметінің жолдамасымен бірге:

1) осы Қағидалардың 15-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген медициналық құжаттарды;

2) қызметтік куәлігін, ол болмаған жағдайда – лауазымын, атағын көрсете отырып, кадр қызметінен анықтама;

3) әскери бөлімнің мөрімен расталған қызметтік және медициналық мінездемелер (амбулаторлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме) ұсынады.

Қызметтік мінездемеде қуәландырылатын адамның денсаулық жағдайының оның атқаратын лауазымы бойынша әскери қызметтің міндеттерін орындаудына әсері және қолбасшылықтың әскери қызметшіні әскери қызметте қалдырудың мақсатқа сай екендігі туралы пікірі көрсетіледі.

Медициналық мінездемеде қуәландырылатын адамның соңғы үш жылда терендетілген медициналық тексеруден өту нәтижелері, денсаулық жағдайын динамикалық бақылау нәтижелері, оның медициналық көмекке жүргінуі туралы мәліметтер көрсетіледі. Көрсетілген мәліметтер медициналық кітапшадағы деректермен және басқа да медициналық құжаттармен расталады.

4) әскери қызмет міндеттерін орындаумен байланысын көрсете отырып, қызметтік тергеу материалдарының негізінде жасалған қызметтік міндеттерін орындау кезінде мертіккен адамдарға мертігу туралы анықтама (бұдан әрі - мертігу туралы анықтама) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес ұсынылады.

34. Әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді тексеру немесе емдеу барысында әскери қызметке жарамдылық санатын өзгертетін науқастану, мертігу зардаптары анықталған жағдайда медициналық куәландыруға жолдау туралы шешімді медицина қызметінің бастығы қабылдайды.

Әскери қызметшіде тұрақты қолайсыз ДСН айқындайтын айқын анатомиялық ақаулар немесе функционалдық бұзылулар болған кезде медициналық куәландыру зертханалық-аспаптық тексеру әдістерінің негізінде стационарлық зерттең-қарау жүргізілмей өткізіледі.

Ескеरту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Медициналық куәландыру басталғанға дейін әскери қызметшілер мынадай медициналық зерттеу нәтижелерін ұсынады:

1) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген жалпы қан талдауын;

2) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген жалпы зәр талдауын;

3) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген мерезге Вассерман немесе микропреципитация реакциясын (микрореакция);

4) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген қандағы қант талдауын;

5) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей өткізілген мұрын қуысының рентгенограммасын;

6) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген ЭКГ (тыныштықта және жүктемеден соң);

7) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге үш айдан кешіктірмей өткізілген құрсақ қуысы органдарын және бүйректі УДЗ;

8) АИТВ-инфекцияның болуын тексеруді (медициналық куәландыру актісі ашылған күнге алты айдан кешіктірмей өткізілген);

9) қырық жастан асқан адамдар ішкі көз қысымының өлшеуін;

10) медициналық куәландыру күніне дейін үш айдан кешіктірмей өткізілген кеуде қуысы мүшелерін екі қырынан (тура және бүйірден) флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеуді;

11) В және С вирустық гепатиттері маркеріне қан талдауын (медициналық күэландыру актісі ашылған күнге алты айдан кешіктірмей өткізілген);

12) медициналық күэландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген тазалық дәрежесіне жағынды талдауын (әйел адамдарға) ұсынады.

Жоғарыда көрсетілген құжаттарды ұсынбаған адамдар медициналық күэландыруға жіберілмейді.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - КР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Шақыру бойынша, келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін адамдарды, резервтегі әскери адамдарды, әскери оқу орындарының курсанттарын күэландыру айқындалған әскери-сараптамалық қорытынды бойынша осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - КР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді медициналық күэландыруды штаттық және штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК, ПД ӘДК амбулаторлық, стационарлық түрде тексеру басталған күннен бастап он төрт жұмыс күніне дейінгі мерзімде жүргізеді. Ұсынылған медициналық құжаттардың нәтижелері бойынша патологиялардың немесе аурулардың болуын көрсететін зертханалық-диагностикалық көрсеткіштердің және басқа да медициналық тексерулердің өзгерістері анықталған жағдайларда ӘДК өткізу мерзімдері түпкілікті диагноз қойылғанға дейін емдеу және тексеру кезеңіне ұзартылады.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - КР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Егер мертігу немесе науқастану салдарын әскери қызмет өткерумен байланысты емес деп тануға негіз болса, онда ӘДК медициналық құжаттаманы және әскери қызмет өткери туралы анықтаманы сұратады.

39. Талаптарда көзделген науқастанулар кезінде оқуды жалғастыруға жарамдылығын айқындау мақсатында курсанттар медициналық күэландырылу үшін штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК жіберіледі.

40. Жасы он сегізге толмаған курсанттарына қатысты штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК тек оқуға жарамдылығы (жарамсыздылығы) туралы қорытынды шығарады.

41. Оқуға жарамсыз деп танылған жасы он сегізден жоғары бірінші курс курсанттарына қатысты бір уақытта Талаптарға сәйкес олардың әскери қызметке жарамдылығы туралы мәселе шешіледі.

42. Курсанттардың денсаулық жағдайында әскери қызметке уақытша жарамсыздықты көздөйтін өзгерістер болған кезде ӘДК әскери қызмет міндеттерін орындаудан уақытша босату немесе науқастануы бойынша демалыс беру қажеттігі туралы қорытынды шығарады.

43. Әскери қызметтің міндеттерін орындаудан толық босату туралы (7 тәуліктен 15 тәулікке дейін) қорытынды шығарған курсанттары ҰҰА лазаретінде жатады.

Әскери қызметтің міндеттерін орындаудан ішінара босату туралы қорытынды шығарған кезде қандай жұмыс, сабак, наряд түрлерінен босатылғаны көрсетіледі. Әскери қызметтің міндеттерін орындаудан ішінара босатылған курсанттардың сыныптық сабактарға баруы ҰҰА медицина қызметі бастығының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 17.05.2022 № 354 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтүзбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Әскери қызмет міндеттерін атқару, әскери оқу орындарында оқу кезінде мертіккен әскери қызметшілерді медициналық куәландыру әскери-медицина мекемесінде (медицина ұйымында) емделуі аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

Емделу ұзақтығы белгіленген мерзімдерден асқан басқа да мертігу және науқастану жағдайында айқындалған дәрігерлік-сараптамалық қорытынды бойынша әскери қызметшілер әскери қызметке жарамдылығын анықтау үшін медициналық куәландыруға жіберіледі.

45. Ілесіп жүруге мұқтаж әскери қызметшіні тұратын орны бойынша бір әскери медицина мекемесінен (медицина ұйымынан) басқасына ауыстыру, сондай-ақ денсаулық жағдайы бойынша шыгару кезінде штаттық, штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК, ПД ӘДК ілесіп жүретін адамдардың саны және көлік түрі туралы қорытынды шығарады.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің әскери қызметке жарамдылық дәрежесі туралы қорытынды, олардың қатерлі нысандарын қоспағанда, аурулар анықталған, байқалған (емделген) кезден бастап 6 (алты) айдан артық динамикалық бақылау мерзімі болған кезде шығарылады.

6 (алты) айдан артық динамикалық бақылау болмаған жағдайда келісімшарт бойынша әскери қызметші ӘДК-ге қайта жіберіледі.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткөретін әскери қызметшілердің Талаптарға сәйкес әскери қызметке жарамдылық санатын жеке бағалауды көздейтін науқастануы кезінде мынадай жағдайларды:

1) әскери қызметте болудың шекті жасына толуын;

2) әскери қызметшіде Талаптарға сәйкес әскери қызметке жарамдылық санатын жеке бағалауды көздейтін бір-біріне әсерін тигізетін үш және одан көп ауруды анықтауды қоспағанда, науқастануын жағымды болжау, қолбасшылықтың пікірі бойынша әскери қызметте қалдырудың мақсатқа сай, қызметті жалғастыруға ынталы болуы кезінде "Шамалы шектеулермен әскери қызметке жарамды" деген қорытынды шығарылады.

Жоғарыда көрсетілген жағдайларда "Әскери қызметке шектеулі жарамды" деген қорытынды шығарылады.

Соңғы курста оқытын курсанттарда Талаптарға сәйкес әскери қызметке жарамдылық санатын жеке бағалау көзделетін науқастану анықталған жағдайда ӘДК "Шамалы шектеулермен әскери қызметке жарамды" деген қорытынды шығарады.

47-1. Егер резервтегі әскери адамдарда Талаптарға сәйкес әскери қызметке жарамдылық санатын жеке бағалау көзделетін мертігулер (жаралану, жарақаттану, контузия алу) болса, әскери қызметке уақытша жарамсыздық әскери қызметтің міндеттерін орындаудан босатуды қажет еткен жағдайда ӘДК "Әскери қызметке шектеулі жарамды" деген қорытынды шығарады.

Ескерту. Қағидалар 47-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Әскери қызметшіге науқастануы бойынша демалыс беру, сондай-ақ әскери қызмет міндеттерін атқарудан босату туралы қорытынды Талаптарға сәйкес әскери қызметке уақытша жарамсыздығы көзделгенде шығарылады.

49. Бейбіт уақытта штаттық, штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК, ПД ӘДК егер стационарлық емделу және медициналық оңалту жүргізу аяқталғаннан кейін кемінде бір айды құрайтын мерзімде әскери қызметші әскери қызмет міндеттерін атқаруға кірісе алса, науқастануы бойынша демалыс беру туралы қорытынды шығарады.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Бейбіт уақытта әскери қызметшіге науқастануы бойынша демалыс (қалпына келтіру емделудің соңғы кезеңі) мертігу, науқастану сипатына және ауырлығына байланысты отыздан алпыс тәулікке дейінгі мерзімге беріледі.

51. Штаттық және штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК науқастануы бойынша босату (босатуды ұзарту) туралы қорытындысы ӘДК отырыстарының хаттамалары

кітабына жазылады және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық куәландыру туралы анықтамамен (бұдан әрі - медициналық куәландыру туралы анықтама) ресімделеді.

52. Шақыру бойынша қызмет өткеретін әскери қызметшілердің стационарлық емдеуде үздіксіз болуының, медициналық оңалту жүргізудің және науқастануы бойынша демалыста болуының жалпы ұзақтығы төрт айдан аспайды, ол аяқталғаннан кейін штаттық және штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК және ПД ӘДК әскери қызметке жарамдылық санатын айқындайды.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшіге, әскери оқу орнының курсантына науқастануы бойынша демалыс медициналық көрсеткіштері бойынша ұзартылады, бірақ әрбір ретте отыз тәуліктен аспайды. Стационарлық емделуде болу, медициналық оңалту жүргізу және науқасы бойынша демалыста болу уақыты жалпы алғанда төрт айдан, ал туберкулезben ауыратындар үшін он айдан аспайды.

Егер көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметші деңсаулық жағдайы бойынша әскери қызмет міндеттерін атқаруға кірісе алмайтын болса, оның емделуде болу мерзімі штаттық және штаттық емес ӘДК қорытындысы негізінде өнірлік қолбасшылық қолбасшысынан бастап және одан жоғары тікелей бастықтың шешімімен ұзартылады.

Егер әскери қызметшіні одан әрі емделгеннен кейін әскери қызмет міндеттерін орындауга кірісе алатын жағдайларда емдеу мерзімдерін ұзарту жүзеге асырылады.

Жоғарыда көрсетілген емделуде және науқастануы бойынша демалыста болудың мерзімдері аяқталған соң, әскери қызметшілер әскери қызметке жарамдылық санатын айқындау үшін медициналық куәландырылуы тиіс.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Ауыр созылмалы, онкологиялық, психикалық, мінез-құлық бұзылыстары (аурулары), айқын функционалдық бұзылулары бар мертігу (контузия, жара, жарақат) салдары және (немесе) тұрақты қолайсыз ДСН айқындалған не әскери қызметшінің сырттай медициналық куәландырудан жазбаша бас тартуы себебінен сырттай медициналық куәландыруды жүргізу қыындаған немесе мүмкін болмаған кезде кадр қызметі ӘДК жолдамада "сырттай сараптама жүргізу үшін" деп сырттай медициналық куәландыруды өткізу туралы өтінішхат береді. Әскери қызметшінің деңсаулық жағдайы бойынша немесе сырттай медициналық куәландырудан өтуден жазбаша бас тартуды ресімдеуге келіспеген жағдайда кадр қызметі еркін нысанда бас тарту (

қабілетсіздік) туралы акт ресімдейді, ол ӘДК-ге сырттай сараптама жүргізу үшін өтінішхатпен және жолдамамен бірге ұсынылады. Әскери қызметшінің қызметке жарамдылық дәрежесі туралы қорытынды медициналық куәландыру сәтінде әскери қызметке жарамдылық санаты туралы шешім қабылдауға негіз болатын құжатпен расталған медициналық мәліметтер болған кезде шығарылады.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Әскери қызметші әйелдерге жүктілігі және бала тууы бойынша демалысты әскери бөлім командирі (мекеме бастығы) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне және Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы №124 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру қағидаларына сәйкес ұсынады. Бала күтімі бойынша демалысы аяқталған соң, әскери қызметші әйелдердің денсаулық жағдайында әскери қызметке жарамдылық санатын қайта қарауды қажет ететін өзгерістер болған жағдайда, ӘДК-ге жіберіледі.

56. Науқастануы бойынша демалыс ұсыну көзделмейтін жағдайларда ӘДК әскери қызметшіні әскери қызметтің міндеттерін орындаудан 7 тәуліктен 15 тәулікке дейін босату (бұдан әрі – босату) туралы қорытынды шығарады, бірақ жалпы босату мерзімі 30 тәуліктен аспайды.

57. Штаттық, штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК-нің науқастануы бойынша босату (босатуды ұзарту) туралы қорытындысы ӘДК, ПД ӘДК отырыстарының хаттамалары кітабына енгізіледі және медициналық куәландыру туралы анықтамамен ресімделеді.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Шақыру бойынша әскери қызметшілер науқастануы бойынша демалыс аяқталғаннан кейін қажет болған кезде әскери қызметке жарамдылық санатын айқындау немесе науқастануы бойынша демалысты ұзарту үшін штаттық емес ӘДК-ге қайта медициналық куәландыруға (әскери қызмет өткөрген немесе демалысты өткізген жері бойынша) жіберіледі.

59. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Арнайы мақсаттағы әскери бөлімдердің әскери қызметшілерін медициналық куәландыру

60. Арнайы мақсаттағы әскери бөлімдерде (бұдан әрі – АМБ) келісімшарт бойынша әскери қызмет атқаратын (қызмет атқару үшін іріктелген) әскери қызметшілерге арнайы мақсаттағы бөлімшелерге арналған талаптар қойылады.

61. Медициналық қуәландыру АМБ қызмет атқару үшін іріктелген азаматтарға, ӘОО келген әскери қызметшілерге, сондай-ақ басқа да әскер түрлері мен тектерінен қызмет бойынша ауысу кезінде өткізіледі.

Жауынгерлік жүзушілер (сұңғуірлер) және парашютпен секіру жасауға тартылатын АМБ әскери қызметшілері он екі айда бір рет медициналық қуәландырудан өтеді.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

62. АМБ әскери қызметшілерін медициналық қуәландыру АМБ-да қызмет атқаруға жарамдылық санатын өзгертуді көздейтін науқастануға байланысты стационарлық емделуден соң, әскери бөлімнің медицина қызметінің бастығы баянатының негізінде әскери бөлім командирінің шешімі бойынша жіберіледі.

63. Медициналық қуәландыру басталғанға дейін әскери қызметшілер мынадай медициналық зерттеу нәтижелерін:

1) медициналық қуәландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген жалпы қан талдауын;

2) медициналық қуәландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген жалпы зәр талдауын;

3) медициналық қуәландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген мерезге Вассерман немесе микропреципитация реакциясын (микрореакция);

4) медициналық қуәландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген қандағы қант талдауын;

5) медициналық қуәландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей өткізілген мұрын қуысының рентгенограммасын;

6) медициналық қуәландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген тыныштықтағы және жүктемеден соң ЭКГ;

7) медициналық қуәландыру актісі ашылған күнге 3 (үш) айдан кешіктірмей өткізілген құрсақ қуысы органдарының және бүйректің УДЗ;

8) ЭЭГ, көрсеткіштер бойынша медициналық қуәландыру актісі ашылған күнге 3 (үш) айдан кешіктірмей өткізілген мидың компьютерлік томографиясын (бұдан әрі – КТ) немесе магнитті-резонанстық томографиясын (бұдан әрі – МРТ);

9) АИТВ-инфекцияның болуын тексеруді (медициналық қуәландыру актісі ашылған күнге 6 айдан кешіктірмей өткізілген);

10) 40 (қырық) жастан асқан адамдарға ішкі көз қысымының өлшеуін;

11) медициналық куәландыру күніне дейін 3 (үш) айдан кешіктірмей өткізілген қеуде қуысы органдарын екі қырынан (тура және бүйірден) флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеуді;

12) В және С вирустық гепатиттері маркеріне қан талдауын (медициналық куәландыру актісі ашылған күнге 6 (алты) айдан кешіктірмей өткізілген);

13) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге 3 (үш) айдан кешіктірмей жүргізілген артериялық қысымның тәуліктік мониторингін;

14) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге 3 (үш) айдан кешіктірілмей жүргізілген спирографияны;

15) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге үш айдан кешіктірмей өткізілген аудиометрия мен тимпанометрия ұсынады.

Жоғарыда көрсетілген құжаттарды ұсынбаған адамдар медициналық куәландыруға жіберілмейді.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

64. АМБ әскери қызметшілерінде Талаптарға сәйкес АМБ-да әскери қызметке жарамдылық санатын жеке бағалау көзделетін науқастану болған жағдайда "АМБ-да қызмет өткеруге жарамды" деген қорытынды мынадай жағдайларда:

1) қолбасшылықтың пікірі бойынша әскери қызметшіні әскери қызметте қалдырудың мақсатқа сайлылығы;

2) сырқатын жағымды болжау;

3) алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Бұл жағдайда қорытынды жоғарыда көрсетілген барлық талаптар болған кезде шығарылады. Сырқатты болжау оның сипатын, басталуын, өршу дәрежесін, жазылу процесін және әскери қызметшінің әскери қызмет міндептерін орындауы кезінде болуы мүмкін асқынударды ескере отырып айқындалады.

Ескерту. 64-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. Егер АМБ әскери қызметшілері АМБ-да қызмет өткеруге жарамсыз болған жағдайда штаттық немесе штаттық емес ӘДК, ПД ӘДК әскери қызметке жарамдылық санаты туралы қорытынды шығарады.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-параграф. Радиоактивті заттармен, ионды сәулелену көздерімен, электр магнитті өріс және лазерлік сәулелену көздерімен қызмет өткеру үшін іріктелетін және қызмет өткеретін әскери қызметшілерді медициналық куәландыру

66. Радиоактивті заттармен (бұдан әрі – РЗ), ионды сәулелену көздерімен (бұдан әрі – ИСК), электр магнитті өріс және лазерлік сәулелену көздерімен (бұдан әрі - ЭМӘ және ЛС көздерімен) қызмет өткеру үшін іріктелетін және қызмет өткеретін адамдар медициналық куәландыру басталғанға дейін:

1) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген жалпы қан талдауын;

2) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген жалпы зәр талдауын;

3) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген мерезге Вассерман немесе микропреципитация реакциясын (микрореакция);

4) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген қандағы қант талдауын;

5) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей өткізілген мұрын қуысының рентгенограммасын;

6) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген тыныштықтағы және жүктемеден соң ЭКГ;

7) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге 3 (үш) айдан кешіктірмей өткізілген құрсақ қуысы органдарының және бүйректің УДЗ;

8) АИТВ-инфекцияның болуын тексеруді (медициналық куәландыру актісі ашылған күнге 6 (алты) айдан кешіктірмей өткізілген);

9) 40 (қырық) жастан асқан адамдарға ішкі көз қысымының өлшеуін;

10) медициналық куәландыру күніне дейін 3 (үш) айдан кешіктірмей өткізілген кеуде қуысы органдарын екі қырынан (тура және бүйірден) флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеуді;

11) В және С вирустық гепатиттері маркеріне қан талдауын (медициналық куәландыру актісі ашылған күнге 6 (алты) айдан кешіктірмей өткізілген) ұсынады.

Медициналық көрсеткіштер бойынша қосымша медициналық зерттеулер тағайындалады.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - КР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. РЗ-мен, ИСК-мен, ЭМӘ және ЛС көздерімен қызмет өткеріп жатқан әскери қызметшіні стационарлық тексеруге және медициналық куәландыруға жіберу кезінде әскери медициналық мекемеге маманның еңбек жағдайлары мен жұмыс орнының

санитарлық-гигиеналық сипаттау картасы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес ұсынылады.

68. РЗ-мен, ИСК-мен, ЭМΘ және ЛС көздерімен қызмет өткеруге жарамдылығын жеке бағалау көзделген аурулар кезінде ӘДК-нің қызметке жарамдылығы немесе жарамсыздығы туралы қорытындысы патологиялық процестің орнын толтыру деңгейін, куәландаудың атқарып отырған немесе тағайындалатын мамандық бойынша еңбек өтілін және атқарып отырған немесе тағайындалатын мамандық бойынша еңбек өтілін ескере отырып, деңсаулық жағдайын, әскери бөлім қолбасшылығының және дәрігерінің куәландаудың атқарып отырған немесе тағайындалатын мамандық бойынша әскери қызметтің міндеттерін орындау қабілеті туралы пікірлерін ескере отырып, шығарылады.

69. Әскери қызметке уақытша жарамсыздығы анықталған жағдайда РЗ-мен, ИСК-мен, ЭМΘ және ЛС көздерімен қызмет үшін іріктелетін адамдарға қатысты РЗ-мен, ИСК-мен, ЭМΘ және ЛС көздерімен қызмет өткеруге жарамсыздығы туралы қорытынды шығарылады.

70. Талаптардың III бағаны бойынша әскери қызметке жарамсыздықты, РЗ-мен, ИСК-пен, ЭМΘ және ЛС көздерімен қызмет өткеруге іріктелетін және қызмет өткеріп жатқан әскери қызметшілердің әскери қызметке жарамдылығын жеке бағалауды көздейтін тармақтары бойынша РЗ-мен, ИСК-пен, ЭМΘ және ЛС көздерімен қызмет өткеруге жарамсыздығы туралы қорытынды шығарылады.

71. 18 жасқа дейінгі адамдар, жұктілі анықталған сәттен бастап және баланы емізу кезінде әйелдер РЗ-мен, ИСК-мен, ЭМΘ және ЛС көздерімен жұмыс істеуге жіберілмейді.

72. РЗ-мен, ИСК-мен, ЭМΘ және ЛС көздерімен жұмыс істеуге жарамсыз деп танылған әскери қызметшілерге қатысты да әскери қызметке жарамдылық санаты туралы қорытынды шығарылады.

6-параграф. Запастағы азаматтарды әскери қызметке шақыру кезінде медициналық куәландау

73. Запастағы азаматтарды әскери қызметке шақыру кезінде медициналық куәландау басталғанға дейін қорғаныс істері жөніндегі бөлім (басқарма) (бұдан әрі – ҚІб(Б) запастағы азаматты медициналық куәландау картасын ресімдейді.

74. Әскери қызметтен деңсаулық жағдайы бойынша шығарылған (босатылған) азаматтарды медициналық куәландау кезінде ҚІб (Б) бұған дейін шығарылған ӘДК қорытындысының мөр қойылған көшірмесін ұсынады.

75. Медициналық куәландау басталғанға дейін азаматтар мынадай медициналық зерттеу нәтижелерін:

1) медициналық куәландау актісі ашылған күнге күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген жалпы қан талдауын;

- 2) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге құнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген жалпы зәр талдауын;
- 3) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге құнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген мерезге Вассерман немесе микропреципитация реакциясын (микрореакция);
- 4) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге құнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген қандағы қант талдауын;
- 5) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге құнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей өткізілген мұрын қуысының рентгенограммасын;
- 6) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге құнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей өткізілген тыныштықтағы және жүктемеден соң ЭКГ;
- 7) медициналық куәландыру актісі ашылған күнге 3 (үш) айдан кешіктірмей өткізілген құрсақ қуысы органдарының және бүйректің УДЗ;
- 8) АИТВ-инфекцияның болуын тексеруді (медициналық куәландыру актісі ашылған күнге 6 (алты) айдан кешіктірмей өткізілген);
- 9) 40 (қырық) жастан асқан адамдарға ішкі көз қысымының өлшеуін;
- 10) медициналық куәландыру күніне дейін 3 (үш) айдан кешіктірмей өткізілген қеуде қуысы органдарын екі қырынан (тура және бүйірден) флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеуді;
- 11) В және С вирустық гепатиттері маркеріне қан талдауын (медициналық куәландыру актісі ашылған күнге 6 (алты) айдан кешіктірмей өткізілген) ұсынады.

Медициналық көрсеткіштер бойынша алдын алу екпелері және қажетті медициналық зерттеулер жүргізіледі.

Жоғарыда көрсетілген құжаттарды ұсынбаған адамдар медициналық куәландыруға жіберілмейді.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - КР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

76. Талаптарға сәйкес әскери қызметке жарамдылығы дербес бағалау көзделетін науқастанулар болған кезде келісімшарт бойынша әскери қызмет өткөрген және келісімшарт бойынша әскери қызметке кірген кезде куәландырылатын азаматтарға қатысты, сондай-ақ әскери қызметке шақыру кезінде запастағы офицерлер құрамының әскери міндеттілеріне қатысты ӘДК: "Әскери қызметке шектеулі жарамды" деген қорытынды шығарады.

77. Егер әскери қызметтен денсаулық жағдайы бойынша босатылған азамат медициналық куәландыру кезінде ӘДК қорытындысын қайта қарау және әскери қызметке жарамдылық санатын айқындау туралы мәселе қоятын болса, ҚІБ (бөлім) бастығы қайта куәландыру жүргізуге жолдама берудің мақсатқа сай екендігін қарайды.

Осы мақсатта денсаулық жағдайының жақсарғанын растайтын құжаттар, диспансерлік есептен алынғаны туралы анықтамалар, медициналық картасынан үзінділер (стационарлық науқастың медициналық карталары, амбулаториялық науқастың медициналық картасы), денсаулық жағдайын сипаттайтын басқа да медициналық құжаттар сұратылады. Денсаулық жағдайында оң серпінділік болған кезде қайта куәландырылатын азамат облыстық жергілікті атқару органының медициналық комиссиясында алдын ала медициналық куәландырудан өтеді, бұл ретте алдын ала қорытынды шығарылады.

Әскери есептен шығара отырып әскери қызметке жарамсыз деп танылған, сондай-ақ психикалық бұзылуы нәтижесінде денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметтен шығарылған адамдар медициналық куәландыруға жіберілмейді.

Қорғаныс істері жөніндегі департамент (бұдан әрі – ҚІД) бастығы оның өтінішін, әскери билетін, медициналық кітапшасын, ӘДК қорытындысын, медициналық құжаттармен расталған алдын ала медициналық куәландыру нәтижелерін ведомствоның штаттық ӘДК-ге жолдайды.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

78. Штаттық ӘДК ұсынылған құжаттарды зерделейді, егер өтінішті қанағаттандыру үшін негіздеме бар екені белгіленсе, әскери қызметке жарамдылық санатын айқындау мақсатында медициналық куәландыру өткізіледі.

79. Медициналық куәландыру жүргізілгеннен кейін штаттық ӘДК қорытындыны науқастануы туралы куәлікпен ресімдейді, бұл ретте мертігудің, науқастанудың себепті байланысы көрсетілмейді.

3-тaraу. Әскери қызмет өткеруге (міндеттерді орындауға) байланысты Қазақстан Республикасы азаматтарының науқастануының, мертігүінің (жаралау, жарақаттану, контузия алу) (бұдан әрі – мертігу) және қаза табуының (қайтыс болуының) себепті байланысын айқындау

80. Науқастанудың, мертігудің, қаза табудың (қайтыс болудың) себепті байланысын :

1) ҚР ҰҰ әскери қызмет өткеретін азаматтарға – штаттық ӘДК, штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК, ПД ӘДК.

2) ҚР ҰҰ әскери қызмет өткерген азаматтарға - штаттық ӘДК айқындаиды.

Ескерту. 80-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81. Науқастану, мертігу туралы жаңадан ашылған жағдайлар және олардың әскери қызмет (міндеттерді орындаумен) байланысы болған кезде науқастанудың, мертігудің

себепті байланысы туралы қорытынды сырттай (құжаттар бойынша) (бұрын шығарылған қорытындының күшін жоя отырып) қайта қаралады.

Науқастанудың, мертігудің, қаза табудың (қайтыс болудың) себепті байланысы туралы штаттық ӘДК қорытындылары жарамдылық мерзімін шектеусіз бір рет бір данада беріледі.

82. Әскери қызмет өткөрген әскери қызметшілерге, азаматтарға мертігудің себепті байланысын белгілеу туралы ӘДК қорытындысы қызметтік тергеу материалдарының негізінде мертігу туралы анықтамаға сәйкес шығарылады.

83. Мертігу туралы анықтаманы әскери қызметші немесе азамат әскери қызмет өткөрген әскери бөлімнің командирі береді. Мертігу туралы анықтамада мертігудің мән-жайы және әскери қызмет міндеттерін орындаумен (өткерумен) байланысы көрсетіледі.

Штаттық, штаттық емес (тұрақты әрекет ететін) ӘДК, ПД ӘДК мертігу туралы анықтаманы және мертігудің мән-жайын көрсететін растау құжаттарын қарау негізінде мертігудің себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысын шығарады.

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

84. Мертігудің, науқастанудың себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысын шығарған кезде мертігу туралы анықтама болмаған кезде мертігу, науқастану себебі мен жағдайлары көрсетілген құжаттар (түпнұсқалары): қызметтік және медициналық мінездемелер; амбулаторияда медициналық көмекке алғаш жүргінуі туралы науқастарды есепке алу кітабынан үзінді; әкімшілік немесе қызметтік тексеру, анықтау немесе қылмыстық іс материалдары; аттестациялар; әскери-медициналық мекеменің анықтamasы; науқастану тарихы немесе одан үзінді; науқастану турали куәлігі; әскери бөлім немесе әскери-медициналық мекеме дәрігерінің әскери қызметшінің медициналық кітапшасына медициналық көмекке бастапқы жүргінуі туралы жазбасы; мұрағат басқармасының анықтamasы назарға алынады.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

85. Науқастанудың, мертігудің, қаза табудың (қайтыс болудың) себепті байланысын айқындау: азаматтардың, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшелерінің, зейнетақымен қамсыздандыруды жүзеге асыратын органдардың, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының кадр қызметтерінің, Қазақстан Республикасы сот пен прокуратура органдарының өтініші негізінде айқындалады.

86. Мертігудің, науқастанудың себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысы хаттамалар кітабына, әскери қызметшінің мертігу, науқастану жағдайларын растайтын

құжатқа сілтеме жасай отырып, науқастануы туралы күәлігіне немесе анықтамаға, науқастану тарихына, медициналық кітапшаға жазылады.

87. Науқастануы туралы күәлікте, анықтамада немесе басқа да медициналық құжаттарда науқастанудың, мертігудің себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысы болмаған кезде, көрсетілген құжаттарды дұрыс ресімдемеген, азамат қолда бар науқастанудың, мертігудің себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысымен келіспеген кезде, сондай-ақ әскери қызмет өткеруді растистын құжаттарда "науқастануы бойынша" немесе "денсаулық жағдайы бойынша" әскери қызметтен босату туралы жазбалар болған кезде құжаттар штаттық ӘДК-ның қарауына жолданады.

88. Құжаттарды қарау нәтижелері 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша штаттық (штаттық емес) ӘДК отырысының хаттамасымен ресімделеді (бұдан әрі - отырысының хаттамасы) және осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша науқастанудың, мертігудің себепті байланысы туралы штаттық (штаттық емес) ӘДК-ның қорытындысы шығарылады.

89. Әскери қызмет өткерген азаматтың құжаттарында науқастану диагнозы көрсетілмеген, бірақ медициналық куәландыру сәтінде қолданылған Науқастану кестесінің тармағы көрсетілген жағдайда штаттық ӘДК науқастанудың, мертігудің себепті байланысы туралы өз қорытындысында Науқастану кестесінің көрсетілген тармағында көзделген науқастанудың атауын көрсетеді.

90. Егер әскери қызметшіде әртүрлі жағдайда туындаған (алған) бірнеше науқастану, мертігу немесе олардың салдарлары анықталса, себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысы жеке шығарылады.

91. Егер құжатта себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысы бұрын шығарылған науқастанудың, мертігудің диагнозы нақты көрсетілмесе, штаттық ӘДК оның тұжырымын өзгертушілік, алғашқы диагнозды көрсетеді, одан кейін науқастанудың, мертігудің нақтыланған диагнозын көрсетеді және ол бойынша себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысын шығараады.

92. Егер азаматтың медициналық куәландыру нәтижелері туралы құжаттары болмаса немесе оған медициналық куәландыру жүргізілмесе, науқастанудың, мертігудің себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысын шығару үшін негіздеме науқастану тарихындағы, медициналық кітапшадағы, медициналық анықтамадағы, мұрагат анықтамасындағы жазбалар болып табылады.

93. ӘДК-ның қорытындысы:

1) егер әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде, сондай-ақ радиоактивтік заттардың, иондандырушы сәулелену көздерінің, зымыран отыны компоненттерінің және өзге де жоғары уытты заттардың, электрлік магниттік өріс көздерінің және

оптикалық кванттық генераторлардың әсер етуі негіз болған зақымданулар нәтижесінде алынса, әскери қызметшілерге "Әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде мертіккен" деген қорытынды;

2) егер өте қауіпті инфекциялық эпидемиялық ошағында болу уақытында жүқтүрілса, ал медициналық персонал санынан қуәландырылуышыда бұдан басқа туберкулезben, вирусты гепатитпен және АИТВ-инфекциясымен науқастанғандарға (науқастармен тікелей қарым-қатынаста болған адамдар үшін) медициналық көмек көрсету бойынша қызметтік міндеттерді орындау кезінде жүқтүру салдары болса, "Әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде алынған науқастану" деген қорытынды;

3) егер қуәландырылуышыда әскери қызмет өткеру кезеңінде туындаса немесе көрсетілген кезеңде әскери қызметке жарамдылық санатын өзгеретін ауырлық дәрежесіне жеткен болса, сондай-ақ әскери қызметтен босатылғаннан кейін созылмалы баяу үдемелі науқастану кезінде, егер науқастанудың басталуын әскери қызмет өткеру кезеңіне жатқызыса, науқастанудың басталуын көрсетілген кезеңге жатқызуға мүмкіндік беретін медициналық құжаттар болған кезде созылмалы баяу үдемелі науқастану кезінде әскери қызмет өткерген әскери қызметшілерге немесе азаматтарға "Әскери қызмет өткерумен байланысты науқастану" деген қорытынды шығарылады.

94. ӘДК-ның "Иондандырушы сәулелену әсеріне байланысты алынған науқастану" деген қорытындысы радиоактивтік заттардың, иондандырушы сәулелену көздерінің қолайсыз әсерінен болған науқастану кезінде әскери қызметшілерге және әскери қызмет атқаратын (жұмыс істейтін) азаматтарға шығарылады.

Сондай-ақ, қорытынды 1986-1990 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы (бұдан әрі - Чернобыль АЭС) авария салдарын жою жөніндегі жұмыстарды орындауға тартылған әскери қызметшілерге немесе әскери қызмет өткерген және ядролық қару сынағына қатысқан немесе 1949-1991 жылдар кезеңінде радиоактивтік заттармен ластанған аумақта әскери қызмет (әскери жиындар) атқарған әскери қызметшілерге шығарылады.

95. Осы Қағидалардың 94-тармағында көрсетілген науқастанудың себепті байланысын анықтау кезінде ӘДК Кодекстің 7-бабының 76) тармақшасында көзделген құзыретіне сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен иондаушы сәулелену әсерімен байланысты аурулардың тізбесін, архивтік деректер мен медициналық құжаттарды басшылыққа алады.

96. ӘДК-ның "Бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде алынған мертігу (жарапану, жарақаттану, контузия алу)"; "Әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде алынған мертігу (жарапану, жарақаттану, контузия алу)"; "Майданда болумен байланысты науқастану"; "Ауғанстанда немесе жауынгерлік іс-қимылдар жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызмет өткерумен байланысты науқастану" деген қорытындысы

"Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 6 мамырдағы Заңымен мәртебесі белгіленген әскери қызмет өткерген әскери қызметшілерге, азаматтарға шығарылады.

97. Жауынгерлік іс-қимылдарға қатысумен байланысты науқастанудың, мертігудің себепті байланысын белгілеу үшін штаттық ӘДК-ге әскери қызмет өткергені туралы құжаттар, әскери қызмет өткеру кезеңінде науқастану, мертігу фактісін растайтын мұрағаттық құжаттар және әскери қызметтен босатылғаннан кейін ресімделген медициналық құжаттар ұсынылады.

98. ӘДК-ның қорытындысы:

1) "Әскери қызмет міндеттерін орындаумен байланысты емес қайғылы оқиға нәтижесінде алынған мертігу" деген қорытынды мертігу әскери қызмет міндеттерін орындаумен байланысты болмаған жағдайларда әскери қызметшілерге;

2) "Науқастану әскери қызмет өткерумен байланысты емес" деген қорытынды, егер науқастану куәландырылуышыда әскери қызметке шақырғанға, келісімшарт бойынша әскери қызметке түскенге дейін туындаса және келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеру кезеңінде куәландырылуышының әскери қызметке жарамдылық санатын өзгертертін дәрежеге жетпесе, әскери қызметшілерге шығарылады.

99. ӘДК-ның қорытындысы:

1) "Әскери қызмет міндеттерін орындау нәтижесінде қайтыс болуға әкеп соқтырған мертігу" деген қорытындысы, егер әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде мертігу нәтижесінде қайтыс болса, әскери қызметшілерге шығарылады. Сондай-ақ, мұндай қорытынды азаматтарға әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде алынған мертігу салдарынан қайтыс болса әскери қызметтен босатылған соң, шығарылады;

2) "Әскери қызмет міндеттерін орындау нәтижесінде қайтыс болуға әкеп соқтырған науқастану" деген қорытындысы, егер өте қауіпті инфекциялық эпидемиялық ошағында болу уақытында жүқтүрылса, ал медициналық персонал санынан бұдан басқа қызметтік міндеттерін орындау кезінде туберкулезді және АИТВ-инфекциясын жүқтүру салдарынан қайтыс болса (науқастармен тікелей қарым-қатынастары бар адамдар үшін) әскери қызметшілерге;

Әскери қызмет өткерген азаматтарға мұндай қорытынды әскери қызметтен босатылғаннан кейін өте қауіпті инфекциялық эпидемиялық ошағында болу уақытында жүқтүрылса, ал медициналық персонал санынан бұдан басқа қызметтік міндеттерін орындау кезінде туберкулезді және АИТВ-инфекциясын жүқтүру салдары болса (науқастармен тікелей қарым-қатынастары бар адамдар үшін);

3) "Әскери қызмет өткеру кезеңінде қайтыс болуға әкеп соқтырған науқастану" деген қорытынды, егер әскери қызмет өткеру кезеңінде алынған науқастану салдарынан қайтыс болса, әскери қызмет өткерген әскери қызметшілерге;

Мұндай қорытынды әскери қызмет өткеру кезеңінде алынған науқастану салдарынан қайтыс болса, әскери қызмет өткерген азаматтарға шығарылады.

4) өлімнің себепті байланысы туралы қорытынды медициналық құжаттарды, әскери қызмет өткери кезеңіндегі медициналық қуәландыру деректерін және басқа да құжаттарды зерделеген соң, өлімнің себебі мен әскери қызмет өткери кезеңінде (әскери қызмет міндеттерін орындау нәтижесінде) алынған мертігу, науқастану арасында тікелей себепті байланыс болған жағдайда шығарылады.

4-тaraу. Әскери қызметшілердің әскери қызмет міндеттерін (қызметтік міндеттерді) атқару кезінде алған, мүгедектікке әкелмеген мертігуінің ауырлық дәрежесін айқындау

100. Мүгедектікке әкелмеген мертігудің ауырлық дәрежесін:

- 1) Қазақстан Республикасы ҮҮ әскери қызметшілерінде – штаттық ӘДК, штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК, ПД ӘДК.
- 2) Қазақстан Республикасы ҮҮ әскери қызмет өткерген азаматтарда – штаттық ӘДК айқындаиды.

Ескерту. 100-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

101. Мертігудің себепті байланысын белгілеу туралы ӘДК қорытындысы осы Қағидалардың 82-тармағының негізінде шығарылады.

102. Мүгедектіктің ауырлық дәрежесі Ауыр немесе женіл мертігу тізбесінің негізінде шығарылады, бұл ретте осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес әскери қызметші мүгедектікке әкелмеген мертігу алған жағдайда бір жолғы өтемақы тағайындау туралы шешім қабылданады.

103. Құжаттарды қарау нәтижелері осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша отырыс хаттамасымен ресімделеді.

104. Алған мертігудің ауырлық дәрежесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 868 қаулысымен бекітілген Әскери қызметін өткери кезеңінде әскери қызметші немесе әскери жиындарға шақырылған әскери міндетті қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, оған мүгедектік белгіленген кезде немесе ол әскери қызмет міндеттерін орындауға байланысты мертіккен жағдайда біржолғы өтемақы төлеу қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтамамен ресімделеді.

105. Ауырлық дәрежесі туралы анықтама бір данада ресімделеді, қуәландырушының қолына беріледі.

5-тaraу. Психофизиологиялық зерттеу

106. ПФЗ мыналарға:

келісімшарт бойынша әскери қызметке түсетін азаматтарға;
ӘОО-ға кандидаттарға;
офицерлік лауазымға тағайындау кезінде әскери қызметшілерге;

қайта күәландыру үшін (бұған дейін ҰҰ қатарынан денсаулық жағдайы бойынша шығарылған) ӘДК жіберілген азаматтарға;

әскери прокуратура, әскери тергеу органдары мен бөлімшелері жіберген адамдарға;

ӘДК психиатр – дәрігері (сарапшы), ӘДК невропатолог - дәрігері (сарапшы) жіберген адамдарға қатысты жүргізіледі.

Ескерту. 106-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

107. ПФЗ мақсаты мынадай қабілеттерді:

экстремалды жағдайларды қоса алғанда алдағы қызметтің жағдайлары мен сипатына оңтайлы бейімделуін қамтамасыз ететін жеке ерекшеліктерін;

ауытқыған (нормативтік емес) мінез-құлқының және кәсіптік науқастануының болжалды даму деңгейін;

тапсырылған іске жауапкершілік сезімін, өзіне талап қоя білуін, өзінің күшін, мүмкіндігін және мінез-құлқын шынайы және сынни бағалай білуін;

жаналыққа ұмтылуды, адамдарда жағымды пікір қалыптастыра білуді;

жұмысқа қабілеттілігі мен төзімділігін, қысылтаяң жағдайларда нақты және табанды әрекет ете білуді, өз бетінше дұрыс шешімдер қабылдай білуді;

логикалық ойлай білуді және бір қызмет түрінен екіншісіне ауыса білуді анықтау болып табылады.

108. ПФЗ негізгі әдістемелері:

мотивациялық бағыт, өзін-өзі бағалау, тұлғааралық мінез-құлқы стилі, мінез-құлқы ерекшеліктері, стресске жауап беру түрі, жетекші қажеттіліктер, көңіл-күй фоны, жеке тұлғаның бейімделу дәрежесі және бейімделудің ықтимал түрі, көшбасшылық қасиеттердің ауырлығы сияқты компоненттерді қамтитын тұлғаның толық психологиялық портретін жасауға арналған "Тұлғаны жан-жақты зерттеу" әдістемесі (бұдан әрі - ТЖЗӘ);

зерттелетін адамның зияткерлік нәтижелігін және ойлау ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін Равеннің "Прогрессивті матрицалары" немесе Қысқа бағдарлау тесті (бұдан әрі – КБТ) (20-ға толмаған адамдар үшін);

эмоциялық-жігерлік саланың ерекшеліктерін бағалауға мүмкіндік беретін Люшердің түстік тесті психодиагностикалық зерттеудің негізгі әдістері болып табылады.

Ескерту. 108-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

109. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін азаматтарға және ӘОО-ға кандидаттарға назарын, есте сақтау, жұмысқа қабілеттілігін, эмоционалдық

тұрақтылығын, сондай-ақ орталық нерв жүйесінің функционалдық жай-күйінің басқа да ерекшеліктерін диагностикалау жүргізіледі:

- 1) сандарға арналған жады (механикалық жады) – сандық материалды есте сактау мен сактаудағы жеке айырмашылықтарды анықтауға бағытталған;
- 2) Ассоциация сөздеріне мағыналық жады;
- 3) ұзақ жұмыс кезінде тұрақтылықты, көлемді, шаршауды және зейіннің ауытқуын анықтауға бағытталған "Кедергісіз" және "кедергілі" түзету сынамасы (бір әдістеме ретінде бағаланады);
- 4) шоғырлану деңгейін анықтауға арналған "аралас сзықтар" ("кедергісіз" және "кедергілі" түзету сынамаларын жүргізу арасындағы үзілісте жүргізіледі);
- 5) зейіннің тұрақтылығын және жұмыс қабілеттілігінің динамикасын, реакциялардың жылдамдығын анықтауға арналған Шульте кестелері;
- 6) "кедергісіз" Горбов-Шульте кестесі-ауысу кезінде назар аудару ерекшеліктерін анықтауға арналған;
- 7) "кедергілі" Горбов-Шульте кестелері эмоционалды тұрақтылықты бағалауға арналған.

Осы тармақтың 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген тексерулер жекелеген әдістемелер ретінде бағаланады және бейімсіздік белгілерін қоса алғанда, мінез-құлық, мінездемелік жоспар, эмоционалдық тұрақсыздық тәуекел белгілері кезінде қолданылуы мүмкін.

Диагностика нәтижелері мен қорытындысы осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша психофункционалды диагностика қорытындыларын тіркеу журналында тіркеледі және осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес хаттамамен ресімделеді.

Ескерту. 109-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

110. ПФЗ қорытындылары бойынша осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес психофизиологиялық зерттеу нәтижелері бойынша қорытынды ресімделеді.

ПФЗ түпкілікті қорытынды деректері осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша психофизиологиялық зерттеу қорытындыларын тіркеу журналына тіркеледі.

Ескерту. 110-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

111. Психофизиологиялық іріктеу өткізу үшін:

- 1) ПФЗ бастығының кабинеті;
- 2) жеткілікті отырғызатын орын санымен топтық ПФЗ арналған сынып;

3) психологтың функционалдық диагностика жүргізуге және жеке тексеруге арналған кабинеті жабдықталады.

112. Топтық ПФЗ арналған сынып әскери қызметшіні жеке жан-жақты психодиагностикалық зерттеуге арналған және осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес әскери қызметшілерді топтық психодиагностикалық зерттеу және полиграфологиялық жауап алу үшін сыныпты ресімдеу және жабдықтау жөніндегі талаптарға сай болады.

113. Психологтің кабинеті психофункционалдық диагностика жүргізуге, жеке тексеруге және әңгімелесуге арналған, осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес психологтің кабинетін ресімдеу және жабдықтау жөніндегі талаптарға сәйкес келеді.

114. Куәландырылатындарды қайта ПФЗ бұған дейінгі тексеруден кейін кемінде алты айдан соң өткізіледі. Қайта тексеру кезінде алдыңғы зерттеулердің мұрағаттық деректері зерделенеді және ескеріледі.

115. ПФЗ жүргізу ӘДК дәрігер-мамандары медициналық куәландырғаннан кейін, бірақ ӘДК дәрігер-психиатры медициналық куәландырғанға дейін жүзеге асырылады.

116. ПФЗ тексеруге келген адамдарда өзімен бірге: медициналық тексеру акті немесе картасы, жеке куәлігі болуы тиіс.

117. Созылмалы ауруларының асқыну белгілер бар, алкогольді немесе алкогольдік уланудың айқын белгілері бар адамдар ПФЗ жіберілмейді. Тәуліктік, тұнгі кезекшіліктен соң ПФЗ жүргізуге тыйым салынады, мұндай жағдайларда ПФЗ басқа күнге ауыстырылады.

118. ПФЗ күннің бірінші бөлігінде жүзеге асырылады. ПФЗ процесінде психоэмоционалды күйзеліс, шаршағандық, науқастанғаннан кейінгі жағдай анықталса, тексеру басқа күнге ауыстырылады, бұл туралы ӘДК бастығына ақпарат беріледі. ПФЗ өткізу күні мен уақыты куәландырылатын адаммен алдын ала келісіледі.

119. Тестілеу тапсырмалары және нұсқаулықтар куәландырылатын адамға қалауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

120. ПФЗ барысында куәландырушыларға мобильдік құрылғы (интернет модульді ұялы телефондар, смартфондар, планшеттер және т.б.) пайдалануға тыйым салынады. Осыған ұқсас фактілер анықталған жағдайда ПФЗ маманы жазбаша түрде ӘДК бастығына хабарлайды және акті жасайды. Бұл ретте ПФЗ қайта өтуге тыйым салынған мобильдік құрылғыларды пайдалану фактісі анықталғаннан кейін алты айдан соң рұқсат етіледі.

121. ПФЗ-ға:

негізгі психологиялық әдістемелерді қолдана отырып, жеке адамның психологиялық ерекшеліктері туралы нысандалған деректерді алу мақсатында топпен ПФЗ. ПФЗ тест бланктерін өндеумен және әрбір куәландырылатын адам бойынша бастапқы материалдар пакетін қалыптастырумен аяқталады;

осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамаға сәйкес жүргізілген жеке ПФЗ, бақылау және әңгімелесу;

бейімделудің бұзылу белгілері болған кезде қосымша тесттер қолдану жатады.

122. Куәландырылатын адамдардан бейімделудің бұзылу немесе психикалық бұзылу белгілері анықталған кезде ол туралы мәліметтер хаттамаға енгізіледі және әскери қызметке жарамдылығын анықтау кезінде одан әрі қолдану үшін ӘДК-нің дәрігер-психиатрына беріледі.

123. ПФЗ нәтижелері бойынша психологиялық мінездеме жазылады, онда әскери қызметке (оқуға) тұсу себептері, зияткерлік деңгейі мен ерекшеліктері, өзін-өзі бағалауы, коммуникативтік және эмоциялық-ерік қасиеттері, жеке тұлғаның бағыттылығы (әлеуметтік және мінез-құлық бағдары), жеке басының басқа да қасиеттері жазылады.

Ескеरту. 123-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

124. ПФЗ нәтижелері бойынша "ұсынылады" немесе "ұсынылмайды" деген қорытынды шығарылады.

"ұсынылады" деген қорытынды қызметтің немесе оқудың табыстылығы, кәсіби даярлығының деңгейімен немесе тұрақты кәсіби дағдылардың пайда болуымен айқындалатын жеткілікті тиімді және сенімді кәсіби қызметі, ауытқымалы (нормадан тыс) мінез-құлықтың төмен ықтималдылығы болжанатын адамдарға қатысты қабылданады.

Куәландырылушы "ұсынылды" деп танылған, бірақ айқын дәрежеге жетпейтін ситуациялық стресстік жай-күй және (немесе) басқа да мінез-құлық реакциялары болған жағдайда психологиялық сипаттама мәтінінің мазмұнында әскери бөлімше психологына әскери қызмет атқарудың алғашқы алты айында (ЖОО кандидаттары үшін – ЖОО-да оқудың алты айында) бөлімше психологының тиісті есептік құжаттарына жазба енгізе отырып, айна кемінде бір рет байқау, бақылау, түзету және (немесе) қолдау қажеттілігі туралы ұсынымдарды енгізуге жол беріледі.

"ұсынылмайды" деген қорытынды:

1) функционалдық резервінің тез таусылуына байланысты ұсынылған лауазымда немесе окуда қызметтің табыстылығын сенімді болжауға мүмкіндік бермейтін жеке, зияткерлік, когнитивтік, эмоционалды ерекшеліктері бар;

2) айқын дезадаптация белгілері, қызметке немесе окуға қанағаттанарлықсыз жігері, жеке басының теріс ерекшеліктері, мінез-құлқының әлеуметке жат нысандары бар;

3) кәсіби маңызды психологиялық қабілетінің деңгейі, функционалдық жүйелері мен зияткерлік қабілетінің резерві төмендеген;

4) ТЖЗӘ бойынша 3 есе дәйексіздік анықталған;

5) ТЖЗӘ шынайы нәтижелері кезінде бір немесе одан да көп шкала бойынша көрсеткіштердің көтерілуі айқындалады 1, 2, 3, 4, 6, 7, 8, 0 75 Т-баллдан жоғары не бір немесе одан көп шкала бойынша 5, 9 80 Т-баллдан жоғары не бір мезгілде 2, 4, 7 шкала бойынша жоғары 70 Т-балл;

6) психофункционалды диагностиканың 7 әдістемесінің 3-і және одан астамы бойынша немесе бір мезгілде Горбов-Шулт кестелері бойынша "кедергісіз" (ауыстыру кезінде назар аудару ерекшеліктерін анықтауға) және "кедергілі" (эмоционалдық тұрақтылықты бағалау үшін) бойынша қанағаттанарлықсыз нәтижелермен;

7) "Прогрессивті Равен матрицалары" әдістемесі бойынша 30 балдан кем көрсеткіштері бар, КОТ әдістемесі бойынша 12 балдан кем;

8) тиісті әдістемелер бойынша қолайлы болжам шеңберіне кірмейтін қосымша тестілердің көрсеткіштері бар;

9) агрессия, жанжал, эмоционалдық тұрақсыздық түріндегі мінезд-құлық және өзге де реакциялар, ПФЗ жүргізу кезінде көрсетілген және ӘДК қызметкері жазбаша тіркеген адамдарға қатысты шығарылады.

Ескерту. 124-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

125. Психологиялық мінездеменің мәтіні қорытындылармен бірге медициналық зерттеу анықтамасына енгізіледі және ПФЗ бастығының (психолог) қолымен расталады. ПФЗ барлық материалдары медициналық куәландыру актісімен және картасымен бірге тігіледі және сақталады.

Ескерту. 125-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

126. Актіге немесе медициналық зерттеу картасына ПФЗ түпкілікті қорытындысын тіркеу нөмірі мен күні, әдістеме нәтижелері мен ПФЗ қорытындылары енгізіледі.

127. ПГЗ психологиялық физиологиялық куәландыру кезінде туындаитын адамның кейбір физиологиялық реакцияларын арнайы медициналық датчиктердің көмегімен тіркейтін жауап алу рәсімі. Қосымша ақпарат алу, азаматтардан және әскери қызметшілерден алынған мәліметтердің растығын тексеру полиграфиялық зерттеу жүргізудің негізгі мақсаты болып табылады.

128. ПГЗ жолдаманы кадр қызметтері осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша береді. Жолдамамен бірге ПГЗ-ға кемінде 1 (бір) күн қалғанда мөрленген конвертте осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша тапсырма жіберіледі.

129. ПГЗ өткізу алдын ала жазба бойынша өткізіледі. Зерттелетін адам туралы деректерді, жоспарланған ПГЗ өткізудің мақсаттарын, күні мен уақытын полиграфолог осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Полиграфологиялық зерттеуге алдын ала жазылу журналында" көрсетеді.

130. ПГЗ өткізудің негізгі міндеттері:

жүріс-тұрысындағы жасырын ауытқуды, жағымсыз тәуелділігін, психикалық және дене тәуелділігін туғызатын есірткі, психотроптық және басқа да психикалық белсенді заттарды қолдануын;

әскери қызметтен толыққанды өтуіне кедергі келтіретін жасырын сырқаттарын, өз-өзіне қол жұмсауга бейімділігін;

бұған дейін орын алған сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасау фактілерін, бөгде адамдарға құпия немесе қызметтік ақпаратты таратуды;

тыйым салынған қоғамдық ұйымдар, қылмыстық, террористік және басқа да заңға қайшы ұйымдар қызметінің мұддесінде әскери қызметке кіру ниетінің құқыққа қайшылығын;

тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық, оның ішінде сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тарту фактілерін;

тыйым салынған қоғамдық ұйымдармен, қылмыстық және террористік ұйымдармен байланысын, егер бұған дейін олардың лауазымдық міндеттеріне кірмесе, коммерциялық құрылымдарға қатысуын;

лауазымдық өкілеттігін асыра пайдалануын;

өзге де қауіп-қатер факторларын (бастамашының жазбаша тапсырмасына сәйкес) анықтау болып табылады.

131. ПГЗ полиграфты пайдалана отырып, полиграфолог жүргізеді және оған бірқатар кезеңдер кіреді:

- 1) зерттелетін адаммен тестілеу алдында әңгімелесу;
- 2) зерттелетін адамды тестілеу;
- 3) корытынды шығару.

Зерттеу зерттелетін адамның қалауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілінде жүргізіледі және зерттелетін адамның қадір-қасиетін түсіру немесе қорлау сезімінің туындауын болдырмауы тиіс. Қажет болған жағдайда аудармашы ұсынылады.

132. Полиграфолог зерттеу жүргізер алдында қолдағы материалдармен алдын ала танысады, қажет болған кезде зерттелетін адамның денсаулығының жай-күйі туралы медициналық құжаттарды зерделейді және тиісті медициналық мамандарымен кеңеседі

133. Зерттелетін адаммен жүргізілетін тестілеу алдындағы әңгімелесу:

- 1) зерттелетін адамның құқықтарын, сондай-ақ зерттеудің міндеттерін түсіндіруді;
- 2) полиграфпен және оның жұмыс қағидатымен танысады;
- 3) сұрақтарды талқылауды және түзетуді;

4) жауаптан жалтаруды, тәртібі мен әңгімесіндегі қүйгелектігін, іс-қимылдының сәйкесіздігін анықтау мен тіркеуді көздейді.

134. Зерттелетін адам тестілеуден өтер алдында осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі бөлімнен тұратын декларация толтырады. Декларацияның бірінші бөлімі тестілеу алдында, екінші бөлігі тестілеуден өткен соң толтырылады.

Зерттеу сәтінде көңіл-күйі нашарлаған зерттелетін адам бұл туралы тестілеуді жүргізу басталғанға дейін полиграфологқа хабарлайды және ол туралы декларацияда көрсетеді. Бұл жағдайда ПГЗ екі реттен асырмай кейінге қалдыруға он күнтізбелік күн ішінде жол беріледі. ПГЗ кейінге қалдыру туралы әскери бөлім командиріне (бастамашы) хабарланады.

135. Егер зерттелетін адам:

1) жүрек-қантамыры немесе тыныс алу қызметінің бұзылуына байланысты сырқаты құрт ушыққан жағдайда (зерттелетін адам тиісті медициналық қорытынды ұсынады);

2) зерттелетін адам алкогольге немесе есірткіге мас қүйде болса, сондай-ақ улануының қалдық құбылыстары болса;

3) жүктілігі туралы деректер болса ПГЗ жіберілмейді.

136. ПГЗ барысында қажеттілігіне қарай полиграфолог анықталуы тиіс тақырыптардың сұрақтарына өзгерістер мен түзетулер енгізуге құқылы, бұл ретте сұрақтың мәнін өзгертпейді.

137. Зерттеу жүргізген кезде оны аудио және бейнеге жазып алу жүзеге асырылады, ол туралы зерттелетін адамға хабарланады.

138. ПГЗ өткізу кезінде полиграфолог ғылыми сынақтан өткізілген, полиграфологтар қауымдастықтары ұсынған әдістемелерді пайдаланады.

139. Зерттелетін адамды ұздіксіз тестілеудің ұзақтығы 180 минуттан аспайды. Жүктемені азайту үшін тестілеу барысында зерттелетін адамға ұзақтығы 15 минутқа дейінгі демалыс беріледі.

Зерттеу жүргізген кезде бір полиграфологқа арналған жұмыс жүктемесі күніне екі адамнан аспауы тиіс.

140. Зерттелетін адам ПФЗ осы мақсатта арнайы жабдықталған үй-жайда өтеді.

141. Зерттеуден өту нәтижелері бойынша зерттелетін адамның қойған сұрақтарға берген жауаптарының дұрыстығы туралы тұжырымы бар қорытынды жасалады. Қорытындыда жүргізілген зерттеулердің мәнін барынша анықтайтын қосымша мәліметтер көрсетіледі.

142. Зерттеу барысында алынған ақпарат жасырын сипатта болады, сондай-ақ қосалқы мәнге ие болады, кадр қызметтерінің қызметкерлері ҚР ҰҰ әскери қызметке қабылдау туралы мәселені шешкен кезде пайдаланады.

143 Полиграфологиялық зерттеу нәтижелері туралы қорытындыны полиграфолог үш жұмыс күні ішінде екі данада әзірлейді. Қорытындының бір данасы кадр қызметтерінің және саптық бөлімдердің өкіліне "Полиграфологиялық зерттеуден өту туралы қорытынды беруді есепке алу журналына" жазба қалдырып, қол қою арқылы беріледі.

144. ПГЗ нәтижелері бойынша қорытынды конвертке салынады, ӘДК мөрі қойылады және тікелей бөлім командиріне (бастамашы) ұсынылады.

145. ПГЗ бас тартылған жағдайда "Полиграфологиялық зерттеуден өтуден бас тарту актісі" әзірленеді.

146. Зерттеудің нәтижелерін жария еткені және бұрмалағаны үшін полиграфологқа және ҚР ҰҰ мүдделі қызметтерінің бастықтарына Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауапкершілік жүктеледі.

147. Зерттеу нәтижелері туралы қорытындының екінші данасы, жолдама, полиграфологиялық зерттеуден өтуден бас тарту актісі, полиграфологиялық зерттеу туралы декларация, полиграммалар түріндегі психофизиологиялық реакциялар электрондық тасымалдағышы, аудио және бейне материалдар ӘДК архивінде ағымдағы жыл ішінде сакталады, кейіннен материалдар сактау үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының архивіне жіберіледі.

148. Полиграфқа техникалық қызмет көрсету бес жылда бір рет жүргізіледі.

6-тарау. ӘДК медициналық құжаттарын ресімдеу

149. Куәландыру нәтижелері бойынша ӘДК осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес қорытындылар шығарады.

Ескерту. 149-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

150. ӘДК отырыстарының хаттамалары кітабын барлық ӘДК-да сол комиссиялардың хатшылары жүргізеді. ӘДК отырыстарының хаттамаларына бастық, ӘДК отырысына қатысқан комиссия мүшелері (екеуден кем емес) және комиссия хатшысы комиссия отырысы өткізілген күні қол қояды, ал комиссия қорытындысы куәландырылуышыға жарияланады.

Штаттық ӘДК-де осы Қосымшаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сырттай сараптама жүргізу хаттамаларының кітабы да жүргізіледі. Сырттай сараптама жүргізу материалдары жеке іске тігіледі және 60 жыл бойы сақталуы тиіс.

151. Хаттамалары кітабына куәландырылуышының паспорттық деректері (жеке басын куәландыратын құжат негізінде), арнайы тексерудің нәтижелері, науқастанудың белгіленген диагнозын растайтын арнайы зерттеулер нәтижелері және ӘДК қорытындысы жазылады.

152. Науқастануы туралы куәліктің данасы хаттамалар кітабына қосымша ретінде сақталады. Хаттамалары кітабында және науқастануы туралы куәліктің көрсетілген данасында ӘДК хаттамасының күні, нөмірі және қорытындысының мазмұны жазылады

Ескерту. 152-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

153. Штаттық, штаттық емес ӘДК отырыстарының хаттамалары кітаптары, науқастануы туралы қуәліктер (медициналық қуәландыру туралы анықтамалар) 60 жыл бойы сақталуы тиіс.

154. Уақытша әрекет ететін ӘДК отырыстарының хаттамалары кітабы 10 жыл бойы сақталуы тиіс.

155. ӘДК отырыстарының хаттамалар кітабын ӘДК тікелей осы комиссияларда қуәландырылатын адамдарға ғана жүргізеді.

Ескерту. 155-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

156. Штаттық ӘДК-ге ұсынылған науқастануы туралы қуәліктерді (медициналық қуәландыру туралы анықтамаларды) қараған кезде штаттық ӘДК бекіткен қорытындыға бастық, комиссия отырысына қатысқан комиссия мүшелері (кемінде екеу) және хатшы қол қойған науқастануы туралы қуәліктердің (медициналық қуәландыру туралы анықтамалардың) төртінші данасы ӘДК отырыстарының хаттамалары болып табылады.

Науқастануы туралы қуәліктің төртінші данасы 60 жыл сақталуы тиіс.

157. Науқастануы туралы қуәлік бейбіт уақытта осы Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша:

1) әскери қызметке шектеулі жарамды;

бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды;

әскери есептен шығара отырып, әскери қызметке жарамсыз деп танылған барлық әскери қызметшілерге;

2) оқуга жарамсыз деп танылған әскери оқу орындарының курсанттарына (офицерлік атақтары жоқ тындаушыларға);

3) АМБ әскери қызметке жарамсыз деп танылған АМБ әскери қызметшілеріне;

4) РЗ-мен, ИРК-пен, ЗОҚ-пен, ЭМӨ көздерімен қызмет өткеретін және РЗ-мен, ИРК-мен, ЭМӨ көздерімен жұмыс істеуге жарамсыз деп танылған әскери қызметшілерге қатысты:

5) әскери қызмет өткерген азаматтарға және қуәландырылатын адамдарға олардың әскери қызметтен шығарылуы сәтіндегі жарамдық санатын айқындау үшін;

6) әскери қызметке шақырылған, бірақ әскери бөлімдерге жіберілмеген және:

әскери қызметке шектеулі жарамды;

әскери есептен шығара отырып, әскери қызметке жарамсыз;

бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды;

әскери қызметке шектеулі жарамды деп танылған запастағы офицерлерге жасалады.

158. ӘДК-нің науқастануы туралы қуәлікпен, әскери қызметке жарамдылық санатын өзгерту анықтамасымен ресімделген қорытындысын штаттық ӘДК бекітеді.

159. Жүктілігіне байланысты РЗ-мен, ИРК-пен, ЗОҚ-пен, ЭМӨ көздерімен қызметке жарамсыз деп танылған әскери қызметші-әйелдерге ӘДК қорытындысы анықтамамен ресімделеді және штаттық ӘДК бекітпейді (бақыламайды).

160. Сараптамалық құжаттар (науқастануы туралы куәлік басқа медициналық құжаттармен бірге) бекіту үшін төрт данада штаттық ӘДК жіберіледі. Бекітілген (бекітілмеген) соң, науқастануы туралы куәліктің үш данасы науқастануы туралы куәлікті ресімдеген ӘДК-ге жіберіледі, ал төртінші данасы штаттық ӘДК-де сақталады.

Бекітілген соң, науқастануы туралы куәліктің бірінші және екінші данасын науқастануы туралы куәлікті ресімдеген ӘДК әскери қызметшінің қызмет орны бойынша әскери бөлімге жолдайды, ал үшінші данасы ӘДК-де сақталады.

161. Әскери қызмет өткерумен байланысы жоқ науқастанумен әскери қызметке жарамсыз деп танылған мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің науқастануы туралы анықтама бес данада бекіту үшін штаттық ӘДК-ге жолданады.

Штаттық ӘДК бекіткеннен кейін науқастануы туралы куәліктің үш данасы науқастануы туралы куәлікті ресімдеген ӘДК-ге қайтарылады, төртінші данасы әскери қызметшінің әскерге шақырылған жері бойынша ҚІД-ге жіберіледі, бесінші данасы штаттық ӘДК-де сақталады.

162. Штаттық ӘДК психикалық бұзылулары, қатерлі жаңа өскіндері, венерологиялық аурулары бар адамдарға, ЖИТС-пен науқастанғандарға, АИТВ-жұқтырғандарға жасалған науқастануы туралы куәліктердің немесе анықтамалардың әрбір данасының беткі жағының жоғарғы бөлігіне мынадай мазмұндағы мөртабанды қояды: "Көшірмелер жасауға, қолға беруге, мәліметтерді жариялауға тыйым салынады".

163. Медициналық куәландыру кезінде науқастануы бойынша демалысқа мұқтаж деп танылған әскери қызметшілерге Медициналық куәландыру туралы анықтама үш данада ресімделеді.

Анықтаманың бірінші және екінші даналары әскери қызметшінің әскери қызмет өткери орны бойынша әскери бөлімнің командиріне жіберіледі, ал үшіншісі штаттық ӘДК-де бақылау үшін басқа медициналық құжаттармен бірге қалады.

164. Штаттық ӘДК-де бекітілмеген сараптамалық құжат сарапшының қорытындысымен қоса оны жасаған ӘДК-ге қайтарылады. Сарапшының қорытындысында оның бекітілмеу себебі мен тиісті нұсқаулар мазмұндалады.

Бекітілмеген сараптамалық құжаттың бір данасы штаттық ӘДК-де 5 жыл бойы сақталады.

165. Штаттық емес ӘДК, ПД ӘДК бекітілмеген сараптамалық құжатты алғаннан кейін бекітілмеу себептеріне талдау жүргізеді, штаттық ӘДК нұсқауларын орындайды және осы Қағидамен белгіленген тәртіпте қайта бекітуге жолдайды.

Бекітілмеу себептерін талдау нәтижелері, штаттық ӘДК нұсқауларын орындау куәландырылуышының сараптамалық құжатында көрсетіледі.

Күжаттарды бекітуге қайта жіберген кезде ауру туралы күеліктің бастапқы нөмірі өзгермейді, бірақ бөлшек арқылы хаттамалар кітабына сәйкес келесі өтпелі (реттік) нөмірлеу көрсетіледі.

Бұрын бекітілмеген сараптамалық құжатты қайта бекітуге ұсынбау жағдайлары туралы штаттық емес ӘДК штаттық ӘДК-ні себептерді негіздеумен жазбаша түрде хабардар етеді.

Ескерту. 165-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

166. Соғыс уақытында науқастануы туралы күелік:

1) әскери қызметке жарамсыз, 6-12 айдан кейін қайта медициналық куәландырумен әскери қызметке уақытша жарамсыз деп танылған барлық әскери қызметшілерге

2) әскери қызметке жарамсыз деп танылған запастағы офицерлерге жасалады.

167. Соғыс уақытында науқастануы туралы күелікпен ресімделген ӘДК қорытындысы штаттық ӘДК-де бекітілуге, ал медициналық куәландыру туралы анықтамамен ресімделген қорытынды бақылауға жатады.

168. ӘДК-нің сот ұйғарымы бойынша бұған дейін ведомстволық штаттық ӘДК куәландырған әскери қызметшілерге қатысты шығарған шешімі осы Қағидаларға 25-көсімшага сәйкес нысан бойынша сottың ұйғарымы бойынша анықтамамен ресімделеді.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық ұланында әскери-
дәрігерлік сараптама өткізу
қағидаларына
1-көсімшада

Ескерту. 1-көсімшада жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Әскери бөлімнің (мекеменің)

бұрыштық мөртаңбасы

(әскери-медициналық мекеме
көрсетіледі) бастығына медициналық куәландыруға _____ жолдама

1. _____

анықтау мақсатында медициналық куәландырылуға жіберіледі.

2. Тегі, аты, болса әкесінің аты (егер болса) _____

3. Әскери атағы _____

4. Туган жылы _____

5. Әскери бөлім _____

6. Мамандығы _____

7. Атқаратын лауазымы _____

8. Әскери қызметке шақырылды (келісімшарт бойынша түсті)

(корғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім), әскери қызметке шақырылған, келісімшарт бойынша түскен айы мен жылы көрсетілсін)

9. Алдын ала диагнозы _____

10. Жіберілген күні _____

11. ӘДК қорытындысын _____

(әскери бөлімнің немесе кадр қызметінің атауы мен пошталық мекенжайы) _____ жіберуінде сұраймын.

12. Ерекше белгілер _____

Командир (бастық) _____

(әскери атағы, қолы, аты-жөні, тегі)

Фотосуретке арналған орын

(әскери бөлімнің елтаңбалық мөрі)

Ескертпе: әскери қызметшілерді АМБ-да қызмет атқаруға жарамдылығын анықтау үшін жіберу кезінде 12-тармақта олардың арнайы мақсаттағы бөлімшелерге тиесілігі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық ұланында әскери-
дәрігерлік саралтама өткізу
қағидаларына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында әскери-дәрігерлік саралтама өткізу кезіндегі зерттеу әдістемесі

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Әскери-дәрігерлік комиссияда медициналық куәландыру әскери қызметке (оқуга) кандидаттар, әскери қызметшілер өздерінің аурулары немесе олардың білінү дәрежелері туралы айтуға немесе патологиялық ауру сипаттарын білдіруге мүдделілік танытпаған кезде, науқастануы бойынша шығуға мүдделі, өздерінің сырқаттарын асырып айтуға немесе сылтау іздеуге бейім әскери қызметшілерге қатысты өткізіледі.

2. ӘДК мамандарын куәландырылушылардың белгілі бір тексеруді талап ететін дене және психикалық саулығын неғұрлым толық және тиімді бағалау міндеті біріктіреді.

3. Медициналық куәландырылушының актісі мен картасы комиссиядан өту кезінде куәландырушының қолында болатындықтан, психиатрдың жазбасы оларға

қолжетімді болмауы тиіс, сондықтан психиатр актіні не картаны қорытынды комиссияға ұсыну үшін өзіне қалдыра отырып, ең соңғы болып куәландырады.

4. Комиссиядан өту кезінде мамандар куәландырылушы мінезінің ерекшелігін немесе ауру белгілерін (жанжалға бейімділік, ашуланшақтық, мінез-құлқының ерекшелігі) анықтаса, өз көзімен көрген сарапшы әңгімелесу кезінде пайдалану үшін ол туралы психиатрға хабарлайды.

5. Куәландырылушы барлық сарапшыдан (психиатрдан басқа) өткен соң ең сонында психиатрға (ол бар жерде) келеді, психиатр психологтың берген мәліметтерін пайдалана отырып, әңгімелеседі.

6. Терапевт бірқатар мамандардың: окулистің (гипертензияның сипатты белгілері бар, склеротикалық және дистрофиялық өзгеріс белгілері бар көз ұясының жағдайы), невропатологтың (вегетативті-тамырлы дисфункциялар және т.б.), хирургтың (жүрек және басқа органдарға рефлекторлық ауру беретін остеохондроздар, органдарға рентгенологиялық және басқа да зерттеулер жүргізуді талап ететін кеуде клеткаларының деформациялануы), оториноларингологтың (органдар мен жүйелердің қабынуын білдіретін мұрын қуыстарының инфекция ошағы) деректерін пайдаланады. Сондықтан терапевт зерттеуді көрсетілген мамандардан кейін жүргізеді.

7. Невропатологтың сүйектерді байланыстыратын аппараттардың зақымдануын және (жиі кездесетін остеохондрозды қоса алғанда) нервтері зақымданған сүйектің сынуын анықтайтын хирургтен, сондай-ақ қарау кезінде бас миының тамырларына әсер ететін көз ұяшығындағы өзгерісті анықтайтын окулистен кейін куәландыру жүргізгені мақсатқа сай.

Басқа дәрігер-сарапшылардың арасында кезекшілікті реттеудің объективті қажеттілігі жоқ.

8. Медициналық куәландыру санитарлық нормаларға сәйкес үй-жайларда жүргізіледі: көлемі бойынша кемінде 9 метр, оның ішінде куәландырылушкины қоса алғанда бір адамға 3 метр, жарықтандыру люминесцентті жарықтандыру кезінде кемінде 300 люкс және қыздыратын шаммен жарықтандыру кезінде 150 люкс, қолайлы температура кемінде 18 градус.

9. Тексерілушінің психикалық денсаулығын, жеке басының сипаттық ерекшелігін нәтижелі сараптау үшін, онымен ашық, сенімді әңгіме өткізу қажеттілігі психиатрға, сондай-ақ психологқа жеке қызмет бөлмесін бөлуді талап етеді.

10. Көшенің тыныш жағында орналасқан жеке қызмет бөлмесінде терапевт сапалы аускультативтік зерттеуді қамтамасыз ететін куәландыру жүргізеді.

11. Көздің өткірлігін зерттеуді офтальмолог тексерушіден Головин-Сивцев кестесіне дейінгі ара қашықтық 5 метр болатын, ұзындығы кемінде 5,5 метр кабинетте жүргізіеді. Офтальмоскопия жүргізу үшін қараңғыланған үй-жай жабдықталады.

12. Оториноларингологтың қызмет бөлмесі шудан оқшауландырылған, жасанды жарық көзімен қараңғыланған, 6 метр қашықтықтан есту қабілетін тексеру үшін

диагоналы кемінде 6,5 метр болуы тиіс. Іңғайлы болу үшін еденге 0,5 метр сайын белгілер жасалады.

13. Бір қызмет бөлмесінде офтальмолог пен ЛОР-дәрігердің; невропатолог пен хирургтың бірге жұмыс істеуіне рұқсат етіледі.

14. Жаппай психологиялық зерттеу жүргізу үшін кең зал жабдықталады, әр тексерілуші жеке жұмыс орнымен қамтамасыз етіледі. Штаттағы бір психологқа бекітілген отырғызылатын орынның саны 12-ден аспауы тиіс. Куәландыруға дейінгі кезеңдегі медициналық бақылау туралы ӘДК-ға түскен ақпараттың көлеміне қарамастан дәрігер-сарапшылар ұсынылған құжаттарды мұқият зерттеп, анамнестикалық мәліметтер жинаиды, жан-жақты объективті клиникалық, зертханалық және басқа да қосымша зерттеулер жүргізеді.

15. Әскери-дәрігерлік сараптауда өмір анамнезі және сырқат анамнезі ерекше орын алады. Аталған зертханалық зерттеу деректеріндегі патологиялық өзгерістермен қатар қозғалыс нүктесі болып табылатын куәландырылушы туралы мәліметтің бағалылығы мақсатқа бағытталған сұрақтар қоя білуге де байланысты.

16. Егер зерттеу әдістемесі, препараттар (вестибулометрия, мистикалар, мидриатикалар және т.б.) зерттеуді қыындаңатса немесе басқа мамандардың тексеруіне мүмкіндік бермесе, оларды қолдану ӘДК-да куәландырудың соңында белгіленеді.

17. Қызметке жарамдылыққа сырқаттану сипаты немесе дene кемістігі, оның кезеңі, ауыру процесінің бұзылу және компенсация дәрежесі, сол аурудың асқынуына ықпал еткен нақты жағдайлар, сондай-ақ органның (жүйенің) және тұтас организмнің компенсаторлық мүмкіндігі және функционалдық икемділігі ескеріле отырып, жеке баға берілуі тиіс.

18. Нормадан ауытқышылыққа құдік туган жағдайда куәландырылушы байқалған өзгеріске және тиісті мамандардың медициналық куәландырылударына қарай жан-жақты тексеру жүргізуге тиіс. Егер амбулаторлық тексеру кезінде диагноз түсініксіз болса, куәландырылушы стационарлық тексеруге жіберіледі.

2-тарау. Хирургиялық зерттеу және антропометриялық өлшемдері

19. ӘДК-нің штатында орта медицина қызметкерлері (медициналық тіркеушіден басқа) болмаған жағдайда, хирург-сарапшы жалпы дененің дамуын анықтау үшін өлшеу құралдарының көмегімен: бойына, дene салмағына, кеуденің ауқымына, өкпенің өміршендейтін сыйымдылығына, қол білесігінің күшіне және тұлғалық күшіне негізгі антропометриялық өлшеулер жүргізеді.

20. Мына жағдайларда бойын:

1) тұрып өлшету үшін, куәландырылушы бой өлшегішке шығып, оның тік тұрған планкасына жауырын аралығын, жамбасын және өкшесін тигізіп тұрады. Құлақтың үстіңгі жағы мен көз қуысының сыртқы бұрышы бір горизонталь бағытта жату үшін бас тік ұсталады. Бой өлшегіштің жылжымалы планкасы төбеге тиіп тұруы керек;

2) отырып өлшету үшін, куәландырылуши бой өлшегіштің ашылып-жабылатын орындығына тұзу отырып, бой өлшегіштің тік планкасына жауырын ортасын және бөкесең тигізеді. Бас тұрып өлшенгендеңгідей сол қалпында ұсталады. Аяқтары тізеден тік бұрыш тәрізді бүгіледі. Есеп отырғандағы жоғарғы нұктеден 0,5 сантиметрге (бұдан әрі - см) дейінгі дәлдікпен жүргізіледі.

21. Дененің салмағы медициналық таразыда өлшенеді. Куәландырылуши таразының ортасына тұрады. Көрсеткіштер 0,1 килограмм дейінгі дәлдікпен жазылады.

22. Кеуденің ауқымы резенке өлшегіш лентасымен күш түсірмей, артынан – жауырынның төменгі бұрышының астымен, алдынан – еркектерді кеудесінің төменгі тұсынан, ал әйелдерді кеудесінің үстінен IV жуп қабырғасы шеміршегінің тұсынан өлшенеді. Куәландырылуши бұл кезде қолдарын түсіріп, тыныш тұрады. Мұнда үш көрсеткіш белгіленеді: тыныс алу үзілісі сәтінде, терең дем алу және дем шығару.

23. Өкпенің өміршендік сыйымдылығы спирометрдің немесе пневмотахометрдің көмегімен анықталады. Куәландырылуши терең дем алғаннан кейін, оны трубкаға жібереді.

24. Қол білezігінің күші қолын алға созған күйі әуелі оң, содан соң сол қолымен барынша динамометрді қысумен өлшенеді.

25. Тұлғалық күш тұлғалық динамометрді пайдаланумен анықталады. Куәландырылуши тізесінің тұсындағы динамометрдің тұтқасынан екі қолымен айқастырып, тізесін бүкпей барынша тартады.

26. Хирургиялық зерттеудің тікелей міндепті қызметте нақты лауазымда істеуге кедергі болатын хирургиялық ауруларды және тірек-қозғалыс аппаратында, бұлшық ет пен тамыр жүйелерінде, зәр жолдары жүйелерінде болуы мүмкін ауытқушылықты табу болып саналады.

27. Дененің даму деректерін дұрыс бағалау, сондай-ақ көрінбейтін жасырын немесе басталып келе жатқан хирургиялық ауруды табу тек жоспарлы тексеру кезінде ғана анықталады.

28. Зерттеуді бастар алдында хирург шағымды, бұрынғы жарақаттары, хирургиялық аурулары және жедел операциялары туралы деректерді анықтайды.

29. Куәландырылуши жалаңаш күйінде қаралады. Дененің мұсіні сагитталдық және қапталдық тегістікте тексеріледі. Дұрыс мұсін басты тұзу (тік) ұстаумен және мойын-иық сзығының симметриялы көрінісімен, қылқанды өсіндінің орта қалпымен, жауырын бұрыштарының бір деңгейде және симметриялы орналасуымен, мықын үш бұрышының бірдей конфигурациясымен, кеуде клеткаларының сәл алға шығыңқылығымен және аяқтарының дұрыс пішінімен сипатталады.

30. Тері қабаттарының: пигментациясы, жұқаруы, қабыршақтануы, құрғауы, трофиялық және басқа да бұзылуы тексеріледі. Мұнымен бірге қалқанша безінің көлемі анықталады. Тыртықтар болса, олардың сипаты мен қайдан пайда болғаны анықталады

31. Кеуде қуысын тексергенде омыртқаның қисаюымен байланысты немесе бұрыннан бар деформация (түтік тәрізді немесе килевидтік кеуде) тексеріледі. Бұғананың дұрыстығы анықталады.

32. Іш және оның пішіні тексеріледі. Қарау кезінде сыртқы жыныс органдарының даму аномалиясына назар аударылады.

33. Жауырынның асимметриясы анықталса, оның омыртқаның деформациясымен немесе Шпренгель ауруымен – жауырынның туғаннан биік орналасуына байланысты екеніне назар аударылады. Омыртқаның деформациясы кезінде кеуде бөлігінде көбінесе кифоз, сирек - лордоз, белде – лордоздың жиі күшеюі, сирек – кифоз анықталады. Сколиоздың болуына және оның түріне назар аударылады.

34. Куәландырылушының тұрысына баға беріледі. Мәжбүр болып отырған жағдай мүмкін ауруды сезінуіне, анатомиялық өзгерістерге немесе компенсация нәтижесіндегі патологияларға байланысты болуы мүмкін.

35. Аяқ-қолдар ішкі немесе сыртқы ротациялы, түсіру және көтеру, бүгілу және жазылу жағдайында болады.

Бұрынғы сынған, шыққан сүйектер мен буындарды және басқа да зақымдарды анықтау үшін негізгі тану тармақтарына, сүйектердің дөңес жерлеріне, бұлшық ет үстіне назар аударылады. Қалыпты шынтақ буыны иықтан созылған қалыпта иық сүйегінің үстіңгі бұлшық еті мен шынтақтың ұшы бір сзықтың бойында болады. Шынтақ буыны бүгілгенде бұл тану тармақтары шынтақтың ұшымен тең бүйірлі үшбұрыш құрайды.

36. Жамбастың пішіні және орналасуы тексеріледі. Көп адамдардың (80 процентке дейін) қалыпта бір аяғы екінші аяғынан қысқарақ болатынын еске сақтау керек. Аяқ бір-бірінен 2 сантиметрге немесе одан көбірек қысқа болған жағдайда жамбастың айтарлықтай қисықтығы байқалады. Қысқарған аяқты созған жағдайда жамбастың қисықтығы жойылады. Мұндай жағдайларда омыртқаның компенсаторлық қисаюын деформацияға жатқызуға болмайды. Аяқтардың ұзындықтары бірдей болса және жамбастың деформациясы кезінде қосымша тексеруді қажет ететін омыртқа деформациясын есепке алмау керек.

Бөксе қатпарлары мен жамбас сүйегінің үлкен ұршығының симметриялықтары байқауға алынады.

37. Белдемше-құйымشاқ аумағы мен артқы тесік аумағында эпителиалды құйымшақ жолдары мен олардың асқынуы, созылмалы парапроктит, пааректальды терең жарапарының, геморриальді түйіндердің, артқы тесіктің ұңғреюінің пайда болуы тексеріледі. Бар болуы мүмкін геморроидальді түйіндердің және тік ішектің шығып кетуін тексеру қуәланушының жүресінен отырған қүйінде жеңіл және қүшті, қатты қүшенген жағдайында тексеріледі.

Тік ішек пен аталақ бездің қабынуын саусақпен тексеру көрсеткіштері бойынша жүргізіледі.

38. Аяқтарды қарау кезінде олардың осінің жағдайы тексеріледі. Мыналар анықталады: тұзу аяқтар, 0-тәріздес, тізелер біріккенде, тірсек иіндері бір-бірінен ажырап, жамбас пен тірсек білектері сыртқа ашылатын бұрыш құрайтын X-тәріздес аяқтар ажыратылады. Аяқтың 0-тәріздес қисаюын анықтау үшін тірсектің ішкі жіліншегінің арасындағы ара қашықтық өлшенді.

Табандары мен өкшесі тексеріледі.

39. Бас сүйегін қолмен басқанда шенбер сүйектерінің жарақаттанудан немесе операциядан кейінгі ақаулары, жұмсақ тканьдер мен сүйектердің ісік тәріздес өсінділерін байқауға болады.

40. Шеткі лимфа түйіндерінің жағдайы, тері тургоры мен оның температуrases, тұлғаның дамуы анықталады.

41. Қарынды саусақпен басу арқылы оның көк етінің жай тұрған және қүшейген кездегі жағдайы (қарын ақ сыйығының жарығы, кіндік, сыртқы шап жарығы, операциядан кейінгі жарықтар), ішкі ағзалардың, сыртқы шап сакиналарының жағдайы анықталады.

Жарықтың бұлтиюы болса, оның көлемі, ішіндегісі және орнына келуі бағаланады.

42. Дамудың аномалиясын, ұрық безінің және ұрық тұтікшесінің шеменін, ісіктерін, тас байлануын, қабынуларын анықтау мақсатында аталық бездер, олардың қосымшасы, ұрық тұтікшелерінің элементтері, аталық без саусақпен басып тессеріледі.

43. Тірек қозғалысы аппараттарының және омыртқалардың күйін бағалау үшін оның анатомиялық өзгерістерін ғана емес, сонымен ірге функционалдық мүмкіншіліктерін де анықтау қажет. Ирі буынның анкилозы аяқ-қолдың (сегменттің) функционалдық қолайлы бірқатар жағдайларда әдеттегі атқаратын жұмыс көлемін шектемейтінін ескеру қажет.

44. Аяқ-қол буындарындағы қозғалыс көлемін зерттеу барлық жазықтар бойынша белсенді және баяу қимылдардан басталады.

45. Аяқ-қолдар ауқымын өлшеу сантиметрлік лентамен симметриялы участеклерде: - жоғарғы, орта және төменгі үштен бірін, иық пен тірсектің неғұрлым жуан жерлерін өлшеу арқылы жүзеге асырылады.

46. Буындардағы қозғалыс көлемін өлшеу кезінде қателіктер жібермеу үшін мынадай әдістеме басшылыққа алынады:

1) иық буыны - бұгу: куәландырылуши дәрігерге қарай қырынан тұрады. Бұрыш өлшегіштің қозғалмайтын браншасы дененің тік осіне параллель қойылады, ось пен қозғалмалы бранша – иық сүйегінің ұлken ұршығын, оның сыртқы ойпазымен жалғастыратын сыйыққа параллель және ортасына орналасады.

Куәландырылуши денесін шалқайтпай және иық белдемшесінің көмегінсіз қолдарын тік созып, барынша жоғары көтереді. Жазу: дәл сол жағдайда қол барынша сыртқа қарай созылады. Созу: куәландырылуши дәрігерге арқасын беріп тұрады. Жауырын бұрыштары бір деңгейде, жауырынның ішкі шеті омыртқаның тік сыйығына

параллель жатады. Өлшегіштің қозғалмайтын браншасы дененің тік осіне параллель орналасады, қозғалатыны - акромионды шынтақ сүйегінің шыбықшасымен жалғастыратын сызыққа параллель орналасады.

2) Шынтақ буын – бұгу және жазу: куәландырылуши дәрігерге қарай қырынан тұрады, алақандарын алға қаратып, қолдарын төмен салбыратады. Бұрыш өлшегіштің жылжымайтын браншасы иық сүйегінің дөңесін қолтық сыртымен жалғастыратын сызыққа паралелль, ал жылжымалы бранша – иық сүйегінің қолтық сыртын кәрі жіліктің без тәріздес өсіндісімен жалғыстыратын сызықпен параллель орналасады. Бұғана жайлап бар мүмкіндігінше иіледі. Бұрыш өлшегіштің осі шынтақ буынның көлденең осіне (қолтықтың сыртқы ішкі төменгі жалғастыратын сызыққа) сәйкес келуі тиіс.

3) Білезік буыны - сыртқа қарай жазу, ішке қарай, ульнарлық және радиальдік бұгу. Бұғана көлденең жазықтықта, білезік тік ұсталады және бас бармақ бүгіледі.

Бұрыш өлшегіштің жылжымайтын браншасы білезік сүйегінің біз тәріздес өсіндісі мен екі басты бұлшық ет сіңірінің сырт жағына паралелль, ал жылжымалы бранша екінші жіліншек сүйектің ұзына бойына орналастырылады. Алақан сыртқа, ішке бүгіліп жазылады, бұл ретте бұрыш өлшегіштің осі буынның көлденең осімен сәйкес келуі тиіс.

4) сан-жамбас буыны – бұгу және жазу: куәландырылуши шалқасынан жатып, тексерілетін аяғын созады, екіншісін сол жамбас буыннан және тізе буыннан барынша бүгіп, сол қолымен ұстап отырады. Бұрыш өлшегіштің жылжымайтын браншасы үлкен ұршық шұңқырының ұшын жалғастыратын сызыққа паралелль, ал жылжымалы бранша үлкен ұршық пен санның сыртқы бұлшық етін жалғайтын сызықтың бойымен қойылады.

Өлшеу кезінде тексерілетін аяқ тізе буыннан бүгіледі.

Созу: куәландырылуши шалқасынан жатып, аяқтарын созады, өкшелері қосылған, қолдары жанында. Бұрыш өлшегіштің жылжымайтын браншасы санның семсер тәріздес өсіндісінің сызығы бойынша орналастырылады, тексерілетін аяқ барынша жанына созылады.

5) тізе буыны – бұгу және жазу: куәландырылуши шалқасынан жатады. Бұрыш өлшегіштің жылжымайтын браншасы сан сүйегінің сыртқы шұңқырымен жалғастыратын үлкен ұршық сызығына паралелль, ал жылжымалы бранша кіші толарсақ сүйегінің басын сыртқы тірсекпен жалғастыратын сызыққа параллель орналастырылады. Әуелі тізе барынша бүгіліп, сонан соң жазылады.

6) толарсақ табан буыны – табанның бүктеліп жазылуы: куәландырылуши шалқасынан жатады, ал 90 градустық бұрышқа қойылады. Бұрыш өлшегіштің жылжымайтын браншасы толарсақ сүйегінің басын сыртқы шұңқырымен жалғастыратын сызыққа паралелль, ал жылжымалы бранша – табаннның сырт жағына орналастырылады. Әуелі сыртқа, сонан соң ішке қарай бүгіледі.

47. Барлық өлшеу кезінде бұрыш өлшегіштің браншасы аталған өлшеу сықыттарына ауып кетпеу үшін мұқият қарап отыру қажет.

48. Аяқ-қолдың ұзындығы сантиметрлік лентамен өлшенеді. Аяқ-қолдың осін есепке ала отырып, симметриялық бірдей таным нұктелері қолданылады.

Қолдар үшін бұл ось тоқпақ жілік басының ортасынан және иықтың көтеріңкі тұсынан, кәрі жіліктің басымен, шынтақ ұшымен, ал аяқтар үшін мықын сүйегінің алдыңғы жоғарғы осімен, тізенің үстіңгі жағымен осы нұктелерді жалғастыратын тұзу сзық бойынша үлкен бақайдан өтеді. Аяқ-қолдың қысқалығын анықтау үшін олардың табиғи (анатомиялық) және салыстырмалы ұзындығын тексерудің үлкен маңызы бар.

49. Бұындардың анкилозасы, контрактурасы кезінде, тірсектер ішке немесе сыртқа ауытқыса, жамбас-сан бұындарының патологиясы кезінде ауру және сау аяқ-қолдың анатомиялық ұзындығы бірдей болуы мүмкін, ал ауру аяқ-қолдың салыстырмалы ұзындығы қысқа болады. Аяқ-қолдың анатомиялық ұзындығы сегмент бойынша, ал салыстырмалы ұзындығы қол мен аяқтың басынан аяғына дейін тұра сзық бойынша өлшенеді.

50. Иықтың анатомиялық ұзындығы тоқпан жіліктің үлкен дөңесінен шынтақтың өсіндісіне дейін: бұғана-шынтақ өсіндісінен шынтақ сүйегінің біз тәріздес өсіндіге дейін өлшенеді.

51. Санның анатомиялық ұзындығы үлкен ұршықтың үстінен тізе буынының буын саңылауына дейін, балтыр – тізе буынның буын саңылауынан сыртқы тобыққа дейін өлшенеді. Алынған әрбір сегменттің қосындысы аяқ-қолдың анатомиялық ұзындығын құрайды.

52. Қолдардың салыстырмалы ұзындығы тұзу сзық бойынша акромиялдық жауырын өсіндісінен үшінші саусақтың ұшына дейін, аяқтардың ұзындығы – мықын сүйектің алдыңғы жоғарғы осінен табанның астына дейін өлшеумен анықталады.

53. Омыртқаны зерттеу осыткі күш түсіруді орындаудан және қылқанды өсіндінің жоғарғы перкуссиялық облысын қосымша анықтайтын нұктелерді анықтау мен паравертебральды нұктелерді саусақпен басып қараудан басталады.

54. Омыртқаның мойын бөлігінің қозғалысы басты еңкейту және бұру жолымен анықталады.

Норма бойынша бас алға – 40 градусқа дейін иек кеудеге тірелгенше иіледі, артқа – қаншалықты иілгенше, жанына – иығына тигенше. Басты екі жаққа 85 градусқа дейін бұруға болады.

Омыртқаның кеуде мен бел тұсы тік сзықтан жанына қарау 25-30 градус шегінде қозғалады.

55. Омыртқа алға және мейлінше көп қозғалады. Омыртқаның алға-артқа қозғалысының шегі куәландырылушины алға қаттырақ еңкейтумен анықталады.

Бірқалыпты доға жасаудың орнына омыртқа түзу қалпында қалып, еңкею жамбас-сан буындарының есебінен жасалады. Әрі қарай еңкею куәландырылуши еденнен үлкен емес бір затты көтеру кезінде жасалатыны байқалады.

56. Омыртқа деформациясына, қылқанды өсіндінің жоғарғы проекциялық құдік туғанда терісіне бриланттық жасыл қоспамен белгі салады. Омыртқаның деформациясын өлшеуге болады. Бұл үшін жетінші мойын омыртқаның қылқан өсіндісінің үстіне тіктеуіш (тік бағытты көрсететін аспап) жapsырады. Егер тіктеуіш бөксе қатпарларының тұра ортасымен өтсе, сиолиоз дұрыс деп саналады. Егер тіктеуіш ауытқыса, деформацияны кейін рентгенограмманың деректерімен салыстыру үшін оның көлемін дереу өлшеу қажет. Жауырынның шеті мен омыртқаның арасы симметриялық нүктеде салыстырылады, тұлғалық күшті (динамометрия) анықтау көрсеткіштері бағаланады. Омыртқаның деформациясы тыныс алу функциясының бұзылуымен білінетіндіктен, өкпенің табиғи сыйымдылығын, тыныс алудың минуттық көлемін, өкпенің барынша вентиляциясын т.б. анықтау қажет.

57. Омыртқаның деформациясын растау мақсатында тексеруді дененің тік және горизонтальды жағдайында омыртқаның рентгенографиясымен (флюорография) толықтыру қажет.

58. Табанның патологиялық өзгерісін бағалау үшін (жалпақ табандылық, деформация) Чижиннің және Фридляндтың индекстері қолданылады. Чижин индексін анықтау кезінде (табанның ізін өлшеу) қағазға табанның із таңбасы салынып, табан із таңбасының ені мен ойылған табанның ені өлшенеді. Із таңба енінің ойылған табанның еніне қатысты жалпақтық дәрежесін анықтайды: 0-ден 1-ге дейінгі индекс – норма, 1-ден 2-ге дейінгі индекс – жалпаю, 2-ден жоғары – май табандылық.

Май табандылыққа баға беру үшін:

күмбез биіктігі x 100

табан ұзындығы

формуласы бойынша Фридляндтың индексі (табан күмбезінің жалпауы) анықталады.

Күмбез биіктігі еденнен ладия тәріздес сүйектің ортасына дейін циркульмен анықталады. Норма бойынша Фридляндтың индексі 30-28-ге, ал жалпақ табандылық кезінде 27-25-ке тең.

59. Май табандылықтың дәрежесі рентген арқылы неғұрлым дұрыс анықталады. Түрегеп тұрып күш түсіру (аяқ киімсіз) арқылы табанның профильдік суреті түсіріледі. Рентгенограммада ұшбұрыш салу жолымен табан күмбезінің бұрышы және биіктігі анықталады. Бұрыш ладия және сына тәрізді сүйектің біріккен жерінің төменгі жағынан өкше денесінің үстіне және бірінші бақайشاқ сүйегінің басына дейін жүргізілген сыйықтардан құралады.

Күмбездің биіктігі – ұшбұрыштың негізінде қолденең күмбез бұрышының биіктігінен түсірілген перпендикуляр ұзындық, - бірінші бақайشاқ сүйегі басының

өкше үстін дөңесті өкше сүйегінің үстімен байланыстыратын сзық. Норма бойынша күмбез бұрышы 125-130 градусқа, күмбез биіктігі – 39 миллиметрге (бұдан әрі – мм) тең.

60. I дәрежелі жалпақ табандылық: өкше күмбезінің ішкі бұрышы – 131-140 градус, күмбез биіктігі – 35-25 мм. II дәрежелі май табандылық: өкше күмбезінің ішкі бұрышы – 141-155 градус, күмбез биіктігі – 24-17 мм. Тепкі сүйек қысқарған. III дәрежелі май табандылық: күмбез бұрышы 155 градустан жоғары, күмбез биіктігі 17 мм-ден кем.

61. Мұнымен бірге бас бақайдың контрактурасын бөліп тұратын табанның көлденең күмбезінің жалпауы байқалады. Табан домаланған және сыртқа қарай майысқан.

62. Куәландырылышының жатқан қалпында магистральды тамыр соғысы пальпаторлы және аускультивті түрде тексеріледі. Қажет болған жағдайда нитроглециринмен сынау арқылы ангиография, флегография, реовазография, доплерография және қан айналымының жағдайының объективті көрсеткіштерін көрсететін басқа да зерттеулер жасалады.

3-тарау. Ішкі органдарды зерттеу

63. Ішкі органдарды зерттеуге шағымды, анамнезді, сондай-ақ жалпы қараудан басталатын объективті тексеру кіреді, мұнымен бірге жалпы түріне, дене бітімін, тері астындағы май клеткаларының даму дәрежесіне, тері қабаттарының түсіне назар аударылады. Терінің созылғыштығы мен ылғалдылығы, оның кейбір учаскелердегі температурасы, лимфа түйіндерінің күйі, бұлшық еттер саусақпен сипау арқылы анықталады.

Содан соң зерттеу жүйе бойынша жүргізіледі.

64. Қан айналымы органдарын зерттеу кезінде тамыр соғысы (жиілігі, ырғағы, сипаты) және тыныш жағдайдағы (отырған кездегі) arterиалдық қысымы анықталады. Артериалдық қысым жоғары болса 10-15 минуттан кейін қайта өлшеу керек, егер ол нормадан жоғары күйінде қала берсе қолайсыз факторлар жоқ кезде (эмоционалдық, денеге күш түсіру, үйқы қанбау және т.б.) 3-5 күннен кейін қайта тексереді. Артериалдық қысым көтерілген жағдайда артериялық қысымның тәуліктік мониторингті жүргізіледі (бұдан әрі - АҚТМ). Қалыпты систолалық (максималды) қысым 100 - 130 мм. сын. бағ. аралығында болады, диастолалық (минималды) қысым - 60-85 мм. сын. бағ. Артериялық гипертензияның дәйекті белгісі ретінде қан қысымы 140/90 мм. сын. бағ. және одан да көп (тыныш жағдай аясында жасалған екі немесе одан да көп АҚ өлшемдерінің орташа өлшемі) болатын жағдайды қарастырған жөн.

Денеге күш түсіруден (15-20 рет отырып-тұру) кейін 3 минуттан соң бұрынғы келу жылдамдығын, тамыр соғысын және arterиалдық қысымын өлшеу арқылы міндettі түрде жүрек-тамыр жүйелеріне функционалдық байқау жүргізіледі, сұңгуір маман (сұңгуір, терең су сұңгуірі) мамандықтары бойынша арнайы курстарға, сондай-ақ парашютпен секірумен байланысты курстарға тағайындалатын, жіберілетін арнайы

мақсаттағы бөлініс әскери қызметшілеріне білінбейтін артериалдық гипертензияны анықтау үшін міндетті түрде АҚТМ жүргізіледі.

Ескеरту. 64-тармақ жаңа редакцияда - КР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. Шеткі тамырларды зерттегендеге әр аумақтағы артерияның соғу сипатына (төс ойық көк тамырына, ұйқы, иық, құрсақ асты және басқа да артерияларға) назар аударылады.

66. Перкуссия және пальпация арқылы жүректін шекарасы, жүрек ұшының соғысы, жүрек аумағындағы және оның төңірегендегі басқа да пульсациялар анықталады.

67. Куәландырылушыны түрлі жағдайда (жатқызып, тұрғызып), денеге құш түсіргеннен кейін, тыныс алдырмай жүрек қағысын (кушеюін, әлсіреуін, акцетін) тыңдау кезінде жүрек тонының дыбысына және оның сипатына (ыдырауына, екіге бөлінуіне, қосымша тонның пайда болуына), сондай-ақ жүрек шуылына баға беріледі. Шуылды тыңдағанда оның жүрек қызметіне (систоликалық, диастоликалық), сипатына, қүшіне, ұзақтығына, орналасуына және айрықша иррадиациясына (ауырған жердің сол аумаққа тигізетін әсері) қатысын анықтау қажет. Шуылды органикалық және функционалдық деп бөледі. Органикалық шуылдар жүрек зақымданғанда, миокард, клапандар немесе одан шығатын тамырлар зақымдалса және туда біткен кемісі болса байқалады. Функционалдық шуыл түрлі себептерге: жүйкенің қозуына, жұқпалы аруларға, анемияға, пубертаттық кезеңдерге т.б. байланысты.

68. Жүрек шуылының себептері мен сипатын анықтау үшін зерттеудің қосымша әдістерін: өңешті контрасттау арқылы жүректі ұш проекцияда рентгенография, электрокардиография, фонокардиография, эхокардиография жасауды, басқа да зерттеулерді пайдаланады.

69. Тыныс алу органдарын тексергенде барлық куәландырылушылар міндетті түрде рентгенологиялық, ірі кадрлы флюорографиялық және клиникалық әдістермен мүқият тексеруден өтеді.

Сұнгуір маман (сұнгуір, терең су сұнгуірі) мамандықтары бойынша арнайы курстарға, сондай-ақ парашютпен секірумен байланысты курстарға тағайындалатын, жіберілетін арнайы мақсаттағы бөлініс әскери қызметшілеріне өкпенің өміршенендік сыйымдылығын (бұдан әрі ΘӨС) анықтау үшін міндетті түрде спирография жүргізу қажет.

70. Науқас адамның шағымын бағалаған кезде ентікпенің сипатына (тыныс алғанда, шығарғанда физиологиялық немесе патологиялық қындық), жөтелдің ерекшелігі (ұзақтығы, болатын уақыты, қаттылығы, тембрі, ылғалдылығы және оның ерекшеліктері), кеуде ауруының локализациясына, қарқындылығына, иррадиациясына және бұл аурудың тыныс алумен, жөтелмен байланысына назар аударылады.

71. Жұзін сырттай көру арқылы терінің ционитикалық бояуын, газ алмасудың қыындығын байқататын шырышты, ентікпеге байлансты тыныс алу кезінде мұрын қанаттарының қозғалуын, бет үшіншің қызылын анықтауға болады.

72. Мойынды қарағанда оның көлемі мен формасына, лимфа түйіндерінің күйіне назар аударады.

73. Тыныш тұрғанда және терең тыныс алу кезінде кеудені тексергенде оның формасы, бұғанасы, бұғананың үстіңгі, астыңғы шұңқырлары, жауырыны, кеуде клеткаларының екі жағының да симметриялылығы, тыныс алу түрі, жиілігі, ырғағы, тыныс алу қозғалысының тереңдігі, тыныс алу актісі кезінде көмекші бұлшық еттердің қатысуы анықталады.

74. Кеуде клеткалары ауруының орнын және олардың ресистенттігін (жұмсақтығын), дауыс дірілінің айқындығын пальпация арқылы анықтайды, ал ол плевралдық қуысқа сары су жиналудынан немесе өкпеде инфильтраттың болуын, плевра үйкелісінің шуылын білуге мүмкіндік береді.

75. Салыстырмалы перкуссия кезінде өкпенің шекарасы, төменгі шетінің қозғалтқыштығы (өкпе шетінің қалыпты күйдегі қозғалтқыштығы дем алғанда және дем шығарғандағыны қосқанда 6-8 см құрайды), өкпе басының биіктігі мен ені анықталады, сондай-ақ өкпе тіндерінің ауасы шоғырланғанда – эмфизема) анықталады.

76. Өкпені тыңдағанда тыныс алу сипаты, оның қарқындылығы және тыныс алу мен шығарудың ара қатынасы анықталады. Негізгі тыныс алудағы шуылдар (везикулярлық, бронхиалдық тыныс алу және олардың өзгеруі) және патологиялық тыныс алудағы шуылдар (плевраның үйкелісі кезіндегі шуылдар, қырылдар, крептациялар) бағаланады.

77. Өкпеде мұқалған перкуторлық дыбыс немесе тыныс алуудың бронхиалдық, әлсіреген, амфориялық түріндегі аускультативтік өзгерістер, ылғалды қорыл, крептациялар анықталған кезде, туберкулездің күдікті симптомдары анықталған жағдайда куәландырылуышыларды фтизиатрдың қарауына немесе мамандандырылған емдеу мекемесіне стационарлық тексеруге жібереді.

78. Асқазан-ішек жолы ауруын анықтау үшін қарын қуыстары органдарын зерттеген кезде дұрыс жиналған анамнездің үлкен мағынасы бар. Куәландырылуышылардың шағымдарын талдау бойынша диспенсиялық бұзылуардың, ауырған кезде сезу сипатына, олардың тағам ішумен байланысына, аурудың қайталану кезеңі мен маусымына көңіл аудару қажет.

79. Байқауды ауыз қуысын: тістерді, қызыл етті, тілді, жұмсақ таңдайды және жүткіншақты зерттеуден бастау керек. Одан кейін қарын қуысы органдарын байқау және пальпация жүргізіледі. Куәландырылуышы жарық түсетін жаққа қарап, аяғын түзу салып және қолдарын дene бойына созып, күшеткаға етпетінен жатқызылады. Басы шамалы көтеріңкі болғаны жөн және күшетканың жастықшасына денесін бос ұстап жатуы керек. Дәрігер куәландырылуышының оң жағында тұрып, аурушаңдығын,

қарынның көк бұлшық еттеріндегі қүштенуді, ақ сзызық жарығының болуын, сыртқы ісіктерді және т.б. анықтай отырып, шамалы сыртқы пальпация жүргізеді. Онан кейін Образцовтың әдісі бойынша буындардың, көк бауырдың, бүйректердің, ішек-қарынның, терең орналасқан өсінділердің жағдайын анықтай отырып, терең жылжымалы пальпацияға аудысады.

80. Прекуссия кезінде бауырдың жоғары шекарасы, асқазанның төменгі шекарасы мен көкбауырдың көлемі анықталады.

81. Қарын қуысы органдарының ауруын көрсетіп тұрған симптомдарды анықтау кезінде, қосымша зертханалық, аспаптық және рентгенологиялық зерттеулерді жүргізу қажет.

82. Бүйрек жүйесін зерттеген кезде бұрын басынан өткерген аурулардың мүмкін болған дизуриялық құбылыстармен байланысына, артериалдық гипертонияның бар болуына және ауру синдромының сипатына көніл аудара отырып, анамнезді мұқият жинақтау керек.

83. Байқау бет ісіктері мен пастоздықтың болуын анықтаудан басталуы тиіс. Пальпация арқылы бүйректердің көлемін, бел аумағын қолмен ұрып көріп ауру синдромының болуын анықтайды.

84. Бүйректердің ауру симптомдарын анықтау кезінде, қосымша: зертханалық, аспаптық және рентгенологиялық зерттеулер жүргізу қажет.

85. Бүйрек ауруы диагностикасының күрделілігін ескере отырып, экскреторлық урографияны, ультрадыбыстық зерттеуді, радиоизотоптық рентгенографияны, зәрдің бакпостарын, зәрдің лабораториялық талдауын қоса жүргізетін кешенді зерттеу жүргізу қажет.

86. Терапиялық аурулардың бірқатары бұлшық еттердің және буындардың зақымдануымен өтетіндігін ескере отырып, байқау кезінде: буындар конфигурациясының өзгеруіне, қозғалыс көлеміне, қабыну белгілерінің болуына көніл аудару қажет. Аурудың жекелеген белгілерін анықтаған кезде қосымша зерттеулер жүргізу керек.

4-тарау. Нерв жүйесін зерттеу

87. Сарапши-невропатологтың міндеті нерв жүйесінің локалдық шашыранқы немесе диффуздық органикалық зақымдануға әкеліп соққан органдар мен жүйелердің залалдануын, вегативтік немесе функционалдық ауытқулардың көрінуін, осының негізінде ішкі органдардың функциялары бұзылған неврологиялық симптомдардың байланыстарын анықтаудан және нақты лауазымда функционалдық міндеттерді орындау мүмкіндігі немесе еңбеккек жарамдығын жоғалту дәрежесі туралы хаттама толтырудан басталады.

88. Сарапши-невропатолог байқауды офтальмолог көз ұясын қарағаннан кейін жүргізеді.

89. Клиникалық-неврологиялық зерттеу медициналық құжаттармен танысқаннан, шағымдарды анықтаудан және анамнезді (жалпы анамнезді және ауру анамнезін) жинақтаудан кейін жүргізіледі.

90. Қалшылдаған ұстамалы аурудың, есінен тану жайттарының, бұлшық еттің әлсіз ауруының болуы, отбасында жүқпалы аурулардың, интоксикациялардың, нерв ауруларының болуы анықталады.

91. Неврологиялық зерттеу кезінде атрофиялардың, парездердің болуына дұрыс баға беру, терінің трофикалық бұзылуларын, жүріс-тұрысы мен статистикасының өзгеруін анықтау үшін куәландырылушылар толық шешінуі тиіс.

92. Неврологиялық зерттеуді мүқият байқау және бас сүйегін пальпациялау, тіпті куәландырылушы бас сүйек-мидың жарақаттануының бар екендігін жоққа шыгарған жағдайларда мақсатты зерттеулер өткізуге негіз бола алғын та біткен және кейіннен пайда болған ақауларды анықтау мақсатында үлкен мәні бар, ол мақсатты бағытталған тексеру: ЭХОЭГ-ні, екі проекцияда краниографияны, қажет болған жағдайда ЭЭГ-ні, КТ-ні немесе бас миының МРТ өткізуге негіз болуы мүмкін.

93. Бас сүйек-ми нервтерін зерттеген кезде ең алдымен көз қарашығына көңіл аударылады, олардың нысаны мен көлемі, жарыққа реакциясы (тура және біріккен) анықталады. Жалғыз симptom сияқты бірдей емес көлемдегі қарашықтар (анизокория) нерв жүйесінің органикалық ауруларының белгілері болып табылмайды, та біткен аномалиялардың, он иннервация және басқаларының біркелкі еместігінің зардалтары болуы мүмкін. Қарашықтардың деформациялануы нерв жүйесінің органикалық зақымдануына құдік туғызуы қажет, бірақ оның органикалық симptom сияқты маңызы қарашықтың әдеттегідей реакциясы кезінде асыра бағалаудың қажеті жоқ. Қарашық реакциясының өзгеруі көп жағдайда орталық нерв жүйесінің органикалық аурулардың белгісі болып табылады және сондықтан да қарашық реакциясын зерттеу қарқынды, толық жарық көзінің болуы кезінде тиянақты түрде өткізілуі керек. Қарашық реакциясын конвергенциямен бірге аккордацияға зерттеу кезінде бір және басқа қарашықтың сығырайтылуын бақылап түрү қажет.

94. Сонымен бірге кей адамдар көз осін "тапсырыс бойынша" конвергенциялай алмайды, ол конвергенцияның парезі туралы жалған түсінік беретінін есте ұстаған жөн. Қарашық реакцияларын зерттеу кезінде, сондай-ақ қарашық реакцияларының жарыққа, конвергенцияға және аккомодацияға көңіл аударылады.

95. Қарашық реакцияларын өрескел бұзушылық (Аргайл-Робертсон симтомы, қарашықтардың рефлекторлық қозғалмаулар, конвергенцияға және аккомодацияға реакцияның болмауы) және өте жүқа (бір қарашықтың екінші қарашықпен салыстырылуы бойынша реакция жандылығының айырмашылығы, конвергенцияға және аккомодацияға реакцияның баяулығы) мағыналары бар.

96. Қарашық реакциясының өзгеруі кезінде қозғалу аясын, сезімталдықты, рефлекстерді және т.б. көбірек тиянақты түрде зерттеу қажет.

97. Қараышқтарды зерттегеннен кейін көздің, қыли көздің жағдайына, көз саңылауларының еніне, көз алмаларының қозғалысына диплопияның, нистагмның болуына көніл ауларылады.

98. Қыли көз әр кезде көз қозғалысы нервтерінің зақымдануын көрсетпейді, ол туа біткен ақау болуы мүмкін немесе көру аномалиясына себепші болады.

99. Көз алмасының көзді шеткі қабырғасына қарай бұрган кезде жекелеген нистагмоидтың тартылуы нерв жүйесінің органикалық зақымдануының сиптомуы болып табылмайды, бірақ нистагмның кез келген жағдайы аса көніл аударуды және қуәландырылуышының көбіне тиянақты түрде неврологиялық зерттелуін: КТ-ні немесе бас миының МРТ талап етеді.

100. Одан кейін қалған бас сүйек-ми нервтері:

беттегі сезімталдықтың, тәменгі жақ сүйегінің қозғалысының кейбір түрлері, шайнау мускулатурасының шиеленісуі және корнеальды және конъюнктивальды рефлекстер;

мұрын-еріндік әжімдердің анық көрінуі, тістердің ақсиоы, қабақтың түйілуі, көзді сығырайту, мандайдың тыржиоы (мұрын-еріндік әжімдердің анық көрінуінің жеңіл ассимериясының дара симптомы ретінде мағынасы болмайды);

таңдай қозғалысы, жұтыну, фонация, жұмсақ таңдай рефлексі;

кеуде-бұғана-емшек және трапеция түріндегі бұлшық еттердің жағдайы мен күші, иықты көтеру, бастың бұрылуы зерттеледі;

тілдің қозғалуы (тілдің бір жаққа қарай ауытқуы дара симптом ретінде әлі де болса нерв жүйесінің зақымдануын көрсетпейді), фибриллярлық діріл және атрофия органикалық патологияның белгісі болып табылмайды.

101. Көру нервісінің функциясын офтальмолог, есту нервісін оториноларинголог зерттейді.

102. Қозғалу саласын зерттеген кезде қол-аяқтардың пассивті және активті қозғалыстарының көлемі, бел омыртқаның қозғалу көлемі, бұлшық еттердің күштері, олардың тонустары, бұлшық еттердің атрофиясы, оның жайылуы және айқын көрінуі, фибриллярлық және фасцикулярлық дірілдеу, бұлшық еттің және нервтердің механикалық қозуы (Хвостек және Труссо симптомы), синкинезия, гиперкинездер (дірілдеу, хорея, атетоз, торзиондық спазм, тиктер және т.б.), акинезия анықталады. Бұлшық еттер бұзылған күдікті жағдайларда ЭМГ-ге қуәландырылуға жіберіледі.

103. Қозғалыстың үлестірілуін зерттеу кезінде саусақ-мұрын, өкше-тізе көрсеткіш сыйнамалары қолданылады, диадохокинез, Ромберг қалпындағы орнықтылығы тексеріледі, аяқ алысы оқып-зерттеледі. Жұмылған қастың, тілдің, созылған қол саусақтарының діріліне көніл аударылады. Сөйлеудің бұзылуы (мәнерлеп өлең айту, мұрындық рең, дизартрия, тұтығу, афониялық ауытқулар) әңгімелесу және қуәландырылуышыдан жауап алу кезінде анықталады. Мұндай патологиялық өзгерістердің болуы КТ-ні немесе бас миының ЯМРТ-ны тағайындауды қажет етеді.

104. Нерв жүйесінің көптеген органикалық аурулары сіңірлердің рефлекстерімен бірге жүреді, сондықтан да оларды зерттеу аса маңызды болып табылады.

105. Карпо-радиалдық (периостальдік), бұлшық еттің екі басымен бірге), жазылатын шынтақ (булшық еттің екі басымен бірге), тізелік және ахилловтық, қарындық, жұмыртқалық, табандық, рефлекстер зерттеледі, патологиялық рефлекстердің (Бабинскийдің, Россолимоның, Бехтеревтің, Оппенгеймнің және басқалардың, ауыз бұлшық етінің патологиялық рефлекстері - еріндік, мұрын, сору) бар немесе жоқ болуы тексеріледі. Тек рефлекстердің бар болуы ғана еместігі не олардың жоғалуы көбіне перифериялық немесе орталық нерв жүйелерінің органикалық зақымдануын көрсетеді. Осыны ескере отырып, рефлекстерде жалған айырмашылықты алмау үшін рефлектордың зерттеу техникасына назар салу қажет. Бұлшық еттердің күштерінен рефлекстердің тежелеуі мүмкін екенін есте ұстау керек және бұл жағдайларда назарын басқа жаққа аудару тәсілін қолданып, рефлекстрдің әртүрлі ахуалын зерттеу керек.

106. Қолдың саусақтарында рефлекстердің болмауы туа біткен ауытқулықтан болуы мүмкін, сондықтан рефлекстердің біркелкі болмауы немесе бір жағында болмауы үлкен мағына береді.

107. Тізелік және ахилдік рефлекстердің болмауы нерв жүйесінің органикалық ауруына (арқа арықтығы, полиневриттің, полиомиелиттің, миелодисплазияның зардаптары және т.б.) әрқашан күдік тудырады. Тізелік және ахилдік рефлекстер болмаған кезде қосымша зерттеу әдістерін (бел омыртқаның бел-крестік бөлігін рентгенографиялау, қанның Вассерман реакциясын, қажет болған жағдайда КТ-ні немесе бас миының ЯМРТ-ны) қолдану қажет.

108. Кейде клонустармен бірге патологиялық рефлекстердің болмауы кезінде немесе қарынның тірі рефлекстері кезінде рефлекстердің біркелкі көтерілуі нерв жүйесінің органикалық зақымдану белгілері болып табылмайды, мұндай көтерілу невроз кезінде байқалуы мүмкін.

109. Сезімталдықты зерттеген кезде аурулықтың, парестезияның болуы, олардың сипаттамалары, көріну дәрежесі, локализация, нерв тұтіктерінің аурулығы, ауыратын нүктелер, нерв тұтіктерінің созылу симптомдары, сезімталдықтың аурулық, температуралық, қажет болған жағдайда басқа да түрлері (анестезия, гипостезия, гиперстезия, гиперпатия) және оның салалары анықталады.

110. Вегативтік нерв жүйесін зерттеген кезде беттің, кеуденің, қол-аяқтардың (бозарыңқылышы, қызылтымдығы, акроцианоз, вазомоторлардың ойыны) тері қабықтарының бояуларына, терінің трофикалық ауытқуларының болуына, тердің бөлініп шығуына көңіл ауларылады, терінің дымқылдық ассиметриясына және оның температурасына назар салынады.

111. Терілік-вегативтік рефлекстер: жергілікті дермографизм, рефлекторлық дермографизм, пиломоторлық рефлекс және жүрек қан тамырларының рефлекстері:

көздік-жүректің (Данъини-Ашнер феномендері), мойындық және басқалары зерттеледі. Ортоклиникалық сынама, Эрбеннің сынамасы және басқалары жүргізіледі. Артериалдық қысымның динамикасына көніл аударылады. Вегетативтік нерв жүйесінің бұзылуында аса мүқият неврологиялық: РЭГ немесе УЗДГ, қажет болғанда, ангио режимде МРТ өткізу ұсынылады.

112. Патологиялық тұрақсыздықты, вегетивті иннервацияның көтерінкі қоздыруышының анықтау невротикалық ахуалын объективті түрде бағалауда, сондай-ақ қызметтердің кейбір түрлері үшін сұрыптау мәселелерінде мәні бар.

Сұнгуір маман (сұнгуір, терең су сұнгуірі) мамандықтары бойынша арнайы курстарға, сондай-ақ парашютпен секірумен байланысты курстарға тағайындалатын, жіберілетін арнайы мақсаттағы бөлімше әскери қызметшілеріне міндепті түрде ЭЭГ, ЭХО-ЭГ, көрсетімдер бойынша КТ немесе МРТ жүргізу қажет.

5-тaraу. Психикалық жағдайды зерттеу

113. ӘДК психиатр-дәрігерінің негізгі міндепті ҚР ҰҰ әскери қызметке психикалық аурумен ауыратын және мінез-құлқы бұзылған адамдарды жібермеу, сондай-ақ психикалық аурулармен ауыратын қатардағы және басшы құрам адамдарын, әскери қызметшілерді ерте анықтау, оларды арнайы емдеу мекемелерінде емдеу және әскери қызметке жарамдылығы туралы шешім қабылдау үшін госпитальга уақтылы жатқызу болып табылады.

114. ӘДК психиатр-дәрігері аурудың жасырын, шектесетін жағдайларына және баяу өрбитін түрлеріне кездеседі, аурулар өздерінің психикалық денсаулығын ату деп бағаламаған кезде, олар психикалық көмекке жүгінбейді және психикалық денсаулық орталықтарында (бұдан әрі – ПДО) есепте тұрмайды немесе қызметке орналасуға не қызметті жалғастыруға мүдделі бола отырып, өздерінде бар психикалық ауруды дәрігерден жасыруға күш салады. Бірқатар жағдайларда психикалық ақауы анық көрінбеген жағдайда және бұл адамдардың әлеуметтік бейімделуі әлі зардан шекпеген кезде, мидың органикалық зақымдануының, бас сүйек-ми жарақатының, психоздардың зардаптарымен ұшырасады.

115. Объективті түрдегі анамнестикалық мәліметтер болмаған жағдайда қызметке (окуға) кандидаттың денсаулығы туралы әрбір қосымша ақпарат көзі ерекше маңызды және соңғы сараптамалық шешімге елеулі әсер етуі мүмкін. Мұндай деректер көзі түрғылықты, жұмыс, оку немесе қызмет орындары бойынша емханадан, психоневрологиялық және наркологиялық медициналық орталықтардан, басқа да медициналық денсаулық сақтау ұйымдарынан алғынған мәліметтер, мектептен, басқа да оку орындарынан, жұмыс, қызмет орнынан мінездемелер, туыстары берген мәліметтер, әскери билеттің деректері, қосымша зерттеулер (психологиялық, электроэнцефалографиялық және басқа) және дәрігердің жеке әнгімелесуінен алғынған мәліметтер болуы мүмкін.

116. Медициналық қуәландыру өткізу кезінде ПДО мәліметтері (өткізілген наркотест нәтижелері бар) осы мекемелерде қаралуда болуы фактілерін анықтау үшін анықтама түрінде міндettі түрде сұратылады. Психикалық ауруы бойынша қуәландырушылар үшін мәліметтер түрғылықты жері бойынша ПДО-дан ресми хат түрінде сұратылады.

Невротикалық бұзылу деңгейінің алғаш рет диагнозы қойылған ПДО-дан шығарылғаннан кейін бөлімнің психологияры әскери қызметшілермен психологиялық түзету жұмысын және ол бойынша ұсынымдары бар есеп жүргізеді, қуәландыру актісіне салынады. Ауру туралы қуәлікте психологиялық түзету жұмысының нәтижесі көрсетіледі.

Ескерту. 116-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

117. ПДО-да зерттеуде болуы туралы мәліметтер болған кезде зерттеу жүргізілген психиатриялық стационардың науқастану тарихынан толық үзінді көшірме сұратылады

118. Куәландырылатын адаммен әңгімелесу кезінде өмір анамнезі, психикалық аурулардың тұқым қуалаушылық әсері, бала жасындағы дамуының ерекшеліктері туралы мәліметтер, алған жаракаттары, кекештенуінің, энурездің, үйіктаған кезде жүруі және фобияларының болуы ескеріледі. Оны қарау кезінде, бет әлпетіне, мимикасына, жүріс, тұрыс, қозғалыс ерекшелігіне, реакциясының дұрыстығына, дәрігермен әңгімелесуге көзқарасына назар аударылады. Суициальды тенденцияларға ерекше көңіл бөген жөн:

науқастың сыртқы келбетін, тұрысын, ишаратын, бет әлпетін бағалау;

психомоторлық қозудың, дабдырудың, нақыштылығының, бет-аузын тыжырайту, стереотипті қозғалыстардың болуына немесе болмауына назар аудару;

эмоционалдық жай-күйі (үреу, қорқыныш, уайым, қобалжу, жабырқау, қуану және т.б.), назарын шоғырландыру ерекшелігі туралы ұсыныс жасау;

айналасындағыны қабылдаудың бұзылуын (галлюцинация), сандырақтық идеяларын, ұзақ уақыт және қысқа уақыт есте сақтауының бұзылуын анықтауға тырысу ;

соматикалық және невротикалық мәртебесінің бар деректерін бағалау.

119. Куәландырылатын адамның психологиялық жай-күйін бағалауда бастысы жалпыға ортақ зерттеу әдістерімен (эксперименттік-психологиялық зерттеу, электроэнцефалография, ми томографиясы және басқалары) тіркесуі қажет (тиісті көрсетілімдер кезінде) клиникалық зерттеу әдісі болып табылады.

120. Куәландырылатын адамның психологиялық жай-күйін зерттеу мынадай реттілікпен өткізіледі: ақыл-ой, зейін, ойлау, ой-өрісі, эмоциялық-жігері жай-күйі бағаланады, психопатологиялық симптома тикасының болуы немесе болмауы

анықталады. Зейінін зерттеу кезінде оның ойын шоғырландыру қабілеті аталып өтіледі (жабығуы, ойының ауытқуы, тұрып қалуы). Есте сақтауын зерттеу кезінде жылдам және нақты есте сақтауы, өткен және ағымдағы оқиғаларды айтуы, есте сақтаудағы қателесуінің болуы, амнезияның түрі (ретроградты, антеградты) және басқалары анықталады. Ойлауын бақылау кезінде пікірінің және пайымдауының қисындығына, ретіне, нақты нәресні ойлаудағы пайымдылығына, ойын шоғырлауына, астарлылығына, абстрактылы ойлауының басымдылығына назар аударылады. Ойлау қарқыны (ұшқыр, қалыпты, ұзак), оның бағыты (проблемалар, қызығушылық) айқындалады. Интеллектін зерттеу кезінде мақал-мәтелдердің ауыспалы мағынасын жинақтау және түсіну қабілеті, білім қоры, оларды толықтыру және пайдалану қабілеті айқындалады. Наукастың өз жағдайын сындарлы бағалау мүмкіндігі айқындалады. Болашаққа деген ұстанымы анықталады. Эмоциялық жағдайының жай-күйін бағалау кезінде көңіл-күйі (көтерінкі, қалыпты, тәмен, тұрақсыз), көңіл-күйіндегі патологиялық ауытқулар, оның ұзақтығы, түрі бағаланады. Сыртқы белгілер бойынша эмоциясының қалыптылығы немесе қалыпты еместігі, оз сезімін ұстаяу немесе басу қабілеті бағаланады. Жігері куәланырылатын адамның құштарлығы мен мінез-құлқының ерекшеліктері бойынша бағаланады. Қабылдау қабілетіндегі бұзылуышылқтардың болмауы немесе болуы анықталады: иллюзия, галлюцинация, олардың мазмұны, оларға көзқарасы (сыни, қалыпты, немкүрайлы), кеңістікті, уақытты, өзінің жеке басын қабылдау апасының өзгеруі. Осы бұзылуышылқтарды, сондай-ақ ойға келген идеялар мен сандырақтрды анықтау үшін куәланырылатын адамды мақсатты сұрастыру талап етіледі.

121. Ретімен жүргізілген психологиялық, физиологиялық зерттеу, тестілеу нәтижелері бойынша психологпен әңгімелесу, дәрігер-сарапшы психиатрдың клиникалық әңгімелесуі куәланырылатын адамның психикалық деңсаулығын зерттеу кешенін құрайды.

122. Әртүрлі аурулардың клиникалық белгілерін растау немесе патологиялық айқындалу дәрежесіне жетпеген психикалық күйлерді бөлу мақсатында клиникалық практикада қолданылатын қосымша бірқатар әдістемелерді қолдана отырып терендептіп зерттеу үшін кандидаттар ПФЗ-ға жіберіледі.

ПФЗ қорытындысы ӘДК дәрігер-психиатрына зерттелетін адаммен мақсатты және терең клиникалық әңгімелесуіне, жасырын психопатологиясын анықтауға және куәланырылатын адам жеке басының психопатологиялық ерекшеліктері туралы ұсыныс жасауына мүмкіндік береді. Көрсетілген зерттеу көмекші ақпарат беретінін ескерген жөн. Дәрігер-психиатр психодиагностикалық зерттеудің нәтижелерінен толық сараптамалық қорытынды шығармайды, себебі олардың шынайылығы және сараптамалық мәнінің дәрежесі көптеген факторларға тәуелді: зерттеу жүргізген психологтың даярлық және практикалық тәжірибесінің деңгейі, алған нәтижелердің толық өндөлуі, оларды дұрыс түсіндіруі және басқа да себептер.

123. Психикалық аурулармен ауыратын және шектес күйдегі адамдарға, әскери қызметшілерге әскери-дәрігерлік психиатриялық сараптау өткізу кезінде оларды медициналық куәландыру мамандандырылған емдеу мекемесінде стационарлық зерттегеннен кейін жүргізіледі. Әскери қызметшінің ПДО-да зерттеу жүргізуге мұқтаждығы туралы мәселені психиатр дәрігер шешеді. Стационарға медициналық қызметтің бастығы жібереді және әскери бөлім командирінің қолымен куәландырылады. Психиатриялық стационарға жатқызу куәландырылатын адамның келісімімен жүргізіледі.

Ескерту. 123-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

124. ПДО-ға зерттеуге жіберілетін әскери қызметшілерге психикалық ауру белгілерінің болуын көрсететін толық мәліметтерді қамтитын қызметтік мінездеме, сондай-ақ амбулаторлық науқастың медициналық картасынан, медициналық кітапшасынан дәрігер-психиатрдың қарау деректері, соматикалық ауруларының болуы туралы мәліметтері бар нақты үзінді жасалады.

125. Қызметтік мінездемеде әскери қызметшінің денсаулық жағдайының атқаратын лауазымы бойынша қызметтік міндеттерін орындаудына тигізетін әсері туралы мәліметтер, науқастануы бойынша әскери қызметшінің қызметтік міндеттерін атқарудан ұзақ уақыт және жиі босатылуы туралы мәліметтер, әскери қызметші бастығының денсаулық жағдайы бойынша оны қызметте қалдырудың мақсатқа сайлығы туралы пікірі көрсетіледі. Сондай-ақ, әскери қызметшінің психологиялық ауытқуы бар деп ұйғаруға негіз беретін әрекеттер жасауды туралы фактілер, алкоголь және басқа да психоактивті заттарды шамадан тыс пайдалануға әуестігі көрсетіледі. Әскери қызметшілердің қызметтік мінездемелері әскери бөлім қолбасшылығының қолымен куәландырылуы тиіс. Бұл құжаттар куәландырылатын адам тексеріліп жатқан емдеу мекемесіне ұсынылады, сондай-ақ екінші данасы одан әрі медициналық куәландыру актісіне тігіледі.

Ескерту. 125-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

126. ӘДК сарапшы-психиатры Кодекстің 7-бабының 32) тармақшасында көзделген құзыретіне сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілдеп орган бекіткен Қазақстан Республикасының халқына психикалық денсаулық саласында медициналық-элеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартында көрсетілген бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету дәрігерлер персоналдың құзыретіне кіретін шектес психикалық және мінез-құлық бұзылулары диагноздарын өздігімен белглейді.

Психикалық аурудың сараптамалық диагнозы мамандандырылған мекемеде консилиумдық қараумен расталуы тиіс. Консилиумның нәтижелері медициналық күеландыру актісіне қоса беріледі.

127. Пациенттің келісімісіз медициналық көмек көрсету мынадай адамдарға қатысты рұқсат етіледі:

- 1) өз еркін білдіруге мүмкіндік бермейтін шок, коматозды күйдегілер;
- 2) айналасындағыларға қауіп төндіретін аурумен ауыратындар;
- 3) ауыр психикалық ауытқуы (ауруы) барлар;
- 4) қоғамға қауіпті әрекет жасаған психикалық ауытқушылығы (ауруы) барлар.

Көрсетілген адамдарға сараптамалық шешім стационарлық емдеу аяқталғаннан кейін шығарылады.

128. Әскери қызметші стационарлық тексеруден бас тартқан жағдайда оған медициналық күеландыру әскери-консультативтік комиссияның қорытындысымен ПДО-дағы амбулаторлық тексеру нәтижелері бойынша өткізілетіні түсіндіріледі. Әскери қызметшінің тексерден бас тартуы оның баянатымен (қолхатымен) және актімен ресімделеді, ол ӘДК мүшелерінің қолымен күеландырылады және медициналық күеландыру актісіне қоса беріледі.

6-тарау. ЛОР-органдарды зерттеу

129. Куәландырылышының құлағын, мұрын, тамағын зерттеу шудан оқшауланған, ұзындығы кемінде алты метр үй-жайда жүргізіледі. Объективті зерттеу бүйірлік жасанды жарық көзі бар қараңғы бөлмеде жүргізіледі. Бөлмеде бір мезгілде екі куәландырылышыдан артық болмайды. Есту өткірлігін зерттеу үшін едендегі немесе қабырға бойындағы қашықтық алдын-ала метрмен және жарты метрмен белгіленеді. Зерттеу сыртқы тексеруден басталады, содан кейін иіс, мұрынмен тыныс алу және есту зерттеледі.

Құлақ, мұрын, тамақты зерттеуге шағымдарды анықтау, анамнезді, эндоскопияны зерделеу және көрсетілген органдардың функцияларын зерттеу кіреді.

Ескеरту. 129-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрігымен.

130. Анамнезді жинау кезінде куәландырылышыдан құлақ, тамақ, мұрын ауыруларымен ауырғаны туралы анықтайты (бұдан бұрын құлақтан ірің ағудың, тамақ ауруы, жиі немесе ұзақ тұмаудың болуы, шайқалуға сезімталдығы). Онымен бірге сөйлеу ақаулары, олардың сипаты мен айқындалу дәрежесі анықталады.

131. Есту мүшесі зерттеу құлақ қалқанын, еміздік тәрізді өсінділерді, козелоктарды және олардың сезімталдығын анықтай отырып, жақын орналасқан аясын байқаудан бастаған қажет.

132. Сыртқы есту жолын тексеру үшін куәландырылатын есту жолының жалғастырылған осі рефлектор тұсірген жарық сәулелерінің бағытымен дәл келу үшін мойның шенбердің төрттен бір бөлігіне бұру қажет.

133. Сыртқы есту жолының алғашқы бөлімін тұзетуге мүмкіндік туғызатын құлақ қалқанын жоғары және артқа қарай созу қажет. Сыртқы есту жолындағы жарғақ-шеміршектік бөлімі терісінің шектелген гиперемиясы мен терінің ауруы сызыдауық шаққан кезде байқалады. Жайылған гиперемия, ісік, эпителийдің аздаған бөлінгендерді, десквамациясы сыртқы есту жолының диффузиялық қабынуын айғақтайды.

134. Содан кейін құлақ қалқанының көмегімен дабыл жарғағы қаралады. Дабыл жарғағында қабыну процесі болған кезде жарық рефлексі жоғалады немесе нысанын өзгертеді, қан тамырларының инъекциясы, гиперемия байқалуы мүмкін. Орта құлақтың іріңдеп созылмалы қабынуы кезінде дабыл жарғағындағы перфорациялық тесік ұзақ уақыт сақталады, ол арқылы ірің бөлінеді, жиі грануляция, полиптер, холестеатома көрінеді.

135. Мұқият тексеру және дабыл жарғағының қымылдауын Зигленің пневматикалық түтігін қолдана отырып анықтайды. Бұл түтікті (оның жалпақ жағы линзамен герметкалық жабылған) сыртқы есту жолына тығыз кіргізеді. Түтікпен жалғасқан резенке балонның көмегімен сыртқы есту жолында кезекпен қысымды көтереді және төмендетеді. Дабыл жарғағының қозғалысын бекітілген линза арқылы бақылайды.

136. Жоғарғы тыныс алу жолдарын зерттеу кезінде тыныс және дауыс пайда болу функциясы бағаланады. Сыртқы бөліктері мен мұрынның, жұтқыншақтың қуысы тексеріледі. Сыртқа шығатын ауаның иісіне көзіл бөлінеді.

137. Бұдан әрі мұрындық және жұтқыншақ (алдыңғы, ортаңғы және терең орналасқан риноскопия) тексеріледі. Шырыштың жағдайы, іріңің, полиптердің болуы-болмауы тексеріледі. Мұрынмен тыныс алу мұрынның оң немесе сол жолын кезекпен жабу арқылы тексеріледі, куәландырылушыға аузын жауып дәрігердің алақанына немесе мақта ұлпасына дем алу ұсынылады. Мұрынмен тыныс алу күрт бұзылған, мұрыннан сасық иіс шыққан, қарлыққан, мыңқылдау, миндалина өзгерген, жұтқыншақтың ісуі, шырыштағы жара болған кезде мұқият тексеру жүргізу қажет. Кекештену анықталған кезде сарапшы дәрігерлер невропатолог және психиатрдың тексерістерінің нәтижелері, ал қажет болған жағдайда логопедтің кеңесі қолданылады.

138. Иіс сезу төрт стандартты: сірке қышқылының 0,5% ерітіндісі (әлсіз иіс), таза шарап спирті (орташа иіс), әдеттегі валериана тұнбасы (кушті иіс), мұсәтір спирті (ультра күшті) істердің көмегімен зерттеледі. Бұл сұйық заттар нысандары мен түстері бойынша бірдей нөмірленген сауыттарда сақталады. Диссимуляцияны анықтау үшін тазартылған суы бар тұра осындағы сауыттар болуы тиіс.

139. Иіс сезудің бұзылуы перифериялық немесе орталық болуы мүмкін. Бірінші жағдайда олар мұрын қуысындағы потологиялық процестермен (созылмалы тұмау,

мұрынның полипозы, кеңсіріктің қисауы және т.б.) негізделеді. Мұрын тынысы қындаған кезде респираторлық гипосмия немесе аносмия пайда болады. Гипо- және аносмия түріндегі иіс сезінудің перифериялық бұзылуы иіс сезінудің эпителия патологиясымен, мысалы ауыр риниттің, озеннің, атрофикалық өзгерістердің, әр түрлі уытты әсерлердің және т.б. салдарымен байланыста болады. Орталықтан иіс сезудің бұзылуы сезу анализаторының бұзылуына байланысты, бұл ретте тексерілетіндер мүқият неврологиялық зерттеуге жатады.

140. Жұтқыншақты зерттеу (фарингоскопия) екі кезеңге бөлінеді. Біріншіде – зерттелуші еркін тыныс алғып, тілін тісінен шығармауға және жұтқыншағының бұлшық еттерін бос ұстап тырысуы тиіс, екіншіде "эээ..." деп дыбыс шығару керек, осы сэтте жұмсақ таңдай жоғары көтеріліп, оның қозғалу дәрежесі белгілі болады, тілді ауыздың төменгі жағына бос қойып, шпательмен сәл басып ұстайды (қатты басқан кезде тіл көтеріліп, зерттеуді қындағады). Жұтқыншақты зерттеген уақытта шырышты қабатының күйіне, көмекейге (екі шпательдің көмегімен оларды орнынан қозғайды), көмекейдің тамырлар имегімен байланысын және мойын без түйіндерінің жағдайын зерттейді.

141. ЛОР-органдарын қарап болған соң, сыйырлап сөйлеу арқылы құлақтың есту деңгейі анықталады. Әр құлақтың есту қызметі бөлек түрде анықталады, ол үшін тексерілмейтін құлақ жарғағының шеміршегін саусақпен бітеп тұру қажет. Есту қызметін тексеру үшін Воячектің кестесі пайдаланылып қана қоймай, 21-ден 99-ға дейінгі сандарды да қолдануға болады, бұл ретте тексерілуші адам дәрігердің бет әлпеті мен ернінің қимылын көрмеуі тиіс. Дәрігердің ерін қимылды арқылы айтылған сөзін болжай алмау үшін тексерілушіге көзін жауып тұру немесе қабырғаның белгілі бір нүктесіне қарап тұру ұсынылады. Дәрігер алғашқы айттылған дыбыс ырғағын сақтау мақсатында келесі сөзді тыныс алғаннан кейін өкпеде қалған ауа арқылы айтуды мүмкін. Зерттеу кемінде 6 метр арақашықтықтан басталады. Есту деңгейін ара қашықтықпен өлшеп, қорытындылау (1 метрден немесе жарты метрден) тексерілуші адам дәрігердің сыйырлап айтқан сөздерінің бәрін немесе басым көпшілігін (6-дан 5-ін немесе 5-тің 4-ін) қайталап айтқан кезде белгіленеді.

142. Есту деңгейінің төмендеуі объективтік мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда және басқа да күмән туғызатын жағдайда есту және басқа да органдары жан-жақты тексеру қосымша әдістері қолданылады.

143. Медициналық куәландыруды өткізу кезінде әскери қызметке әуе-, автомотокөлігінде жиі жүргүре байланысты лауазымдарына, сондай-ақ барлық білім беру мекемелеріне түсетін адамдардың вестибулярлы аппаратын міндettі түрде тексереді.

144. В.И. Воячектің қос қабат айналдыру әдісімен зерттеу кезінде (тепе-тендікті жоғалтқан реакциясы) зерттелушінің басы мен денесін алдыға қарай 90 градусқа енкейтеді, Баранидың креслосына отырғызылып, 10 секунд ішінде 5 рет айналдырады.

Айналдыруды тоқтатқаннан кейін тексерілуші сол қалпында, көзін жұмып, 5 секунд отырады, осыдан кейін оған тез арада денесін тік ұсташа ұсынылады. Мұның нәтижесінде вестибулярлы аппаратының құрама рецепторлары тітіркенеді. Егер тексерілушінің вестибулярлы аппаратының қоздырығыш қызметі бірқалыпты болса, салмақ түсірген кезде ол мұны жеңіл өткереді де, айтарлықтай қозғалыс немесе вегетативті реакция болмайды. Қозғалыстың күшті болуы, әсіресе вегетативтік реакцияның пайда болуы түсірілген "салмаққа" сезім мүшелері төзімділігінің төмендігін білдіреді.

145. Көрсеткіштер болған жағдайда (шағым айтылған жағдайда, арнайы іріктеу кезінде, диагнозды айқындағанда және т.б.) қосымша зерттеулер рентгенография, аудиометрия, тимпанометрия жүргізіледі.

Сұнгуір маман (сұнгуір, терең су сұнгуірі) мамандықтары бойынша арнайы курстарға, сондай-ақ парашютпен секіруге байланысты курстарға тағайындалатын, жіберілетін арнайы мақсаттағы бөлімшелерінің әскери қызметшілеріне міндепті түрде аудиометрия, тимпанометрия жүргізіледі. Дабыл жарғағының перфорациясы, мұрының көңсірік қалқасы қисаю және мұрынмен тыныс алудың тұрақты қындаумен немесе шектеулі қындаумен тыныс алу анықталған жағдайда өтуге рұқсат берілмейді.

7-тaraу. Дерматовенерологиялық зерттеу

146. Дерматовенерологиялық зерттеу тері жамылғыларын, шырышты қабатын көзben шолып қараудан басталады, шағымдары мен анамнездері зерттеледі.

147. Дұрыс, әрі мұқият жинақталған анамнездің тері немесе жыныс ауруларының диагнозын қоюға зор мағынасы бар. Тері ауруларымен ауыратын тексерілушінің қызмет ерекшелігін ескере отырып, диагностикадан өткізу тәсілі кәсіби дерматозды анықтау көмегімен тигізеді. Тері лейшманиозы, лепр, флегботодермия және басқа да дерматоз аурулары бар деген күдік болған жағдайда, тексерілушінің қысқа мерзім болса да аталған аурулар кездесетін жерлерде болған-болмағанын анықтау қажет. Егер тексерілуші жыныс мүшесінен іріңін, эрозия немесе язва элементтерінің пайда болғаны жөнінде шағымданса, оның кездейсоқ жыныстық қатынаста болған мезгілден кейін қанша уақыт өткетін көрсетуі диагноз қояр кезде атқарар маңызы зор.

148. Көбінесе дерматоз ауруларына диагноз қою үшін аурудың маусымдық кезеңін, дәрі-дәрмектерді немесе азық-түлік түрлерін қабылдағаны жөніндегі фактілерді айқындау қажет.

149. Бірқатар жағдайларда сұрастыру арқылы отбасына үйір болған қышыма, дерматомикоз, тұқым қуалайтын және туа біткен дерматоз (керотоздардың кейбір нысандары, Дарье ауруы және т.б.) сияқты аурулардың диагнозын қою барысында, сондай-ақ ежелік ауруының болуын немесе болмауын, оның күшейе түсуі мен бәсекеүін тәуліктің белгілі бір уақытында белен алуын анықтау кезінде тигізер көмегі көп.

150. Кейбір аурулар, мысалы, түйінді қышыну, созылмалы трихофития, жүйелі склеродермия, түйінді эритема әйелдерде жиі кездессе, ринофима, келоид – ерлерде кездеседі.

151. Алғашқыда аурудың қай уақытта және дененің қай тұсында пайда болғанын, қандай өзгерістерге ұшырағанын, яғни, оның даму кезеңіндегі сипаты, өршуі мен қайталану жиілігі немесе ұзақтығы (егер ондай болса), ішкен тамаққа байланысты бөрткеннің шығуы және бұрын-соңды қолданылған терапиялық емнің әсері, оның тиімділігі анықталады.

152. Тері мен бөртпені қараган сәттен күндізгі сәулені немесе электр жарығын жеткілікті түрде пайдаланған қажет. Тері жамылғылары мен шырышты қабының түсін, икемділігін және созылғыштығын, бұлшық еттер мен тері асты майлары клеткаларының тығыздығын анықтау қажет, сондай-ақ майлары қабат пен тері бездерінің, тырнақтың және шаштың жағдайына, рең бояуларының ерекшелігіне, пайда болған тыртықтар мен сызаттарға көніл аудару керек.

153. Тексерілушінің тері-қан тамырларындағы қозғалыстың өзіндік екпінін білдіретін тері, жүйке тамырлары аппаратының механикалық тітіркену кезеңіндегі жауапты реакциясы – дермографизмін білдіреді. Теріден үшкір емес затпен тырнаған кезде 2-3 минуттан кейін жоғалатын қызыл жолақ қалса, қалыпты дермографизмнің болғанын дәлелдейді. Жайылып түсетін қызыл дермографизм - экзема, псориаз ауруы бар адамдарда кездессе, оның тұрақты ақ түсі және ақ түске айналатын – нейродермитпен ауыратындарда, уртикарлы түрі - крапивница, қасыну сияқты аурулары бар адамдарда кездеседі.

154. Терінің бұлшық ет - қылышқты рефлекс ("қаз терісі") сүйк затпен теріге жеңіл тигізіп өту арқылы білуге болады. Қалыпты жағдайда ол 5-10 секунд сақталады, кейін ізсіз жоғалады. Бұл рефлекстың болмауы симпатикалық иннервацияның бұзылуын білдіреді және ихтиозбен, Гебра қасынуы ауруларымен ауыратын адамдарда байқалады . Оның көтерілуі орталық және вегетативтік нерв жүйесінің диффуздық немесе диссеминирленген нейродермитпен ауыратын адамдарда кездеседі.

155. Лепраға, серингомиелияға, патомияға күдік болған кезде диагностикалау көбінесе терінің түйсігуіне, ауру мен қызуға сезімін зерттеудің шешуші мәні болады. Тері мен шырышты қабатының зақымдануы жөнінде дәйекті түрде, белгіленген сызбаны ұстана отырып, баяндаған жөн. Алдымен бөрткеннің қабыну немесе қабынбау сипаты бар-жоғын көрсеткен орынды. Кейін бөл бөрткен қабынуының қай тобына: ауыр түріне (эксудатив компоненттерінің басымдылығы) немесе аурудың ай түріне (пролифератив компоненттерінің басымдылығы) жататыны белгіленеді. Әрі қарай элементтердің көбірек орналасуын жаза отырып, бөрткеннің бәсекесуін көрсетеді. Көптеген дерматоздардың кезінде бәсексу ұнамды болып келеді, дегенмен, мұның

диагноз қою үшін көмекші мәні бар. Содан соң зақымданудың етек алуына назар салынады, ол эритродермияның сипатын қабылдап, шектелген, диссеминерленген, негізгі, әмбебап, сондай-ақ симметриялы және асимметриялы болып келеді.

156. Осы қуәландырылуышыдағы алғашқы және қайталанған морфологиялық элементтерді жазады және олардың ерекшеліктерін: түр-түсін, шекарасын, нысанын, кескіні (пішін үйлесімін), консистенциясын, қарым-қатынасын жүйелеп жазады. Морфологиялық элементтердің шекарасы анық не қанық емес, кенеттен немесе керісінше баяу болуы мүмкін. Элементтердің - ауқымды ұғымның нысанын жазып болған соң дәрігер папулаға қатысты тегіс, сүйір және домалық пішінді және т.б. Элементтердің сұлбасы бойынша домалық, сопақ, полигональді және полицикликалық, ұсақ-, іріфестон пішінді және т.б. Консистенциясы бойынша элементтер ағаш-тығыз, тығыз –созылмалы, жұмсақ, қамыр тәрізді.

157. Кескіні бойынша элементтер дәңгеленген, сопақша, полигональді немесе полициклді, кішігірім немесе ірі оюға ұқсас және т.б. болып келеді. Консистенция бойынша элементтер ағаштай қатты-тығыз, қатты-иілгіш, жұмсақ қамыр тәріздес болып келуі мүмкін. Элементтердің беті тегіс, кедір-бұдырлы, дәңесті және болуы ықтимал. Өзара қатынасы бойынша элементтер бір-бірінен оқшауланған немесе қосылыш тұрады, бірінші жағдайда бөрткеннің ошақталып орналасуы жөнінде айтылып отыр. Егер бөрткен өзінің оқшаулануы бойынша, шенберлерді, жартылай шенберлерді, сопақшаларды, доғалдарды еске түсірсе, онда бөрткеннің топтасу дұрыстығын білдіреді. Егер ол белгілі бір участкеде орналасқан, бірақ қандай да бір геометриялық фигура құрамаған жағдайда дұрыс топтастырылмаған бөрткен туралы айтЫлады. Жүйеленген бөртпе деп жүйке бағандарының (айналдыра қына болған кезде), қан тамырларының бойында орналасқан бөртпені айтады.

158. Бірінші және екінші морфологиялық элементтер мен олардың линикалық ерекшеліктері дермтологиялық диагнозды қоюда негіз болып табылады. Бірақтар жағдайларда көзben шолу диагностикасы көптеген дерматоздардың морфологиялық ұқсасытығына байланысты, сондай-ақ "классикалық" дерматоздардың клиникалық бейнеде болуына және олардың ағымында кез-келген атиптіліктің білінуіне байланысты қыынға түседі. Мұндай жағдайда дерматовенеролог тексерудің қосымша әдістерін (пальпация, диаскопия, бөртпені қырнау және басқа) пайдаланғаннан кейін, тиісті мамандардың көмегі арқылы ішкі органдар мен нерв жүйелерін тексеруге, қанның, зәрдің морфологиялық диагнозын қоюға, оның себептері мен пайда болуын анықтау мақсатында арнайы дерматовенерологиялық зерттеулер (биопсийндік материалды патогистологиялық зерттеу, тәзді, солғын гонококкты, туберкулезді микобактерияны, алапес таяқшасын, акантолитикалық клеткаларды, қанның сары су реакцияларын, иммуноаллергологиялық тексеру және басқалары) жүргізуге міндетті.

159. Созылмалы дерматоздар болғанда сараптамалық баға беру диагнозы міндетті түрде көрсетілген теріге жайылған немесе шектелген көріністердің үлкен маңызы бар.

160. Тері ауруларының шектелген формалары деп санаулы ғана (әдетте үштен аспайды) зақымданудың әртүрлі жайылмаған ошақтарын, соның ішінде ауру адамның алақаны көлеміндегі әртүрлі анатомиялық бөліктерді таниды. Анатомиялық облыстарды (табан, тізе, қолдың білесік буыны) бірі есекжеммен зақымдануы кезінде, ошақтың көлемі алақаннан үлкен болса да, шектелген түрі деп бағаланады.

8-тарау. Көру органын зерттеу

161. Куәландырылушының көру ерекшеліктері анамнез жинақталған кезде анықталады, бастаң өткізген аурулар мен жарақаттарға жалпы сол сияқты көру органдарына да, отбасында көз органының тұқым қуалау ауруының болуына (туа біткен нистагм, гемералопия және басқалары) назар аударылады. Әнгімелесу процесінде көз алмасының қалпына және қимыл-қозғалысына, көз салу бағытына, қабақтың кірпік шетінің және т.б. көніл бөлінеді.

162. Көз функциясын зерттеу жалықтыруы неғұрлым аз тәсілдерден басталады және мынадай тәртіпте жүзеге асырылады.

163. Тұсті ажыратуды зерттеу отбасы мүшелерінен басқа барлық куәландырылышыларға қатысты, көбіне босаға кестесін пайдалана отырып жүргізіледі, Рабкиннің полихроматикалық кестелерін пайдалану жоққа шығарылмайды.

164. Тұсті ажырату нысандарының заманауи жіктеуі осы Қағидаларға 27-көсімшага сәйкес тұсті ажырату сараптамасының талаптарына сәйкес келеді.

Ескерту. 164-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тұс қабылдау сезгіштігінің дәрежесі бойынша		Тұсті ажырату нысандарының нұсқалары			
		Спектрдегі максимумдерді дұрыс орналастырганда		Спектрдегі максимумдерді аманалдық орналастырганда	
Тұсті ажырату қабілетінің күштілігі		өте дұрыс трихромазия		өте қатты аномалдық трихромазия	Протаномалия
Тұсті ажырату қабілетінің төмендігі	I дәреже II дәреже III дәреже	Редуцирленген (әлсіз) трихромазия	Прототапшилы Дейтотапшилы Тритотапшилы	Дейтераномалия	
Тұсті ажырату қабілетінің жоқтығы		Дихромазия	Протанопия Дейтеранопия Тританопия		
монохромазия					

165. Шекті белгілер кестесінің көмегімен тұсті ажырату жұмыстарын табиғи жарықпен немесе күндізгі жарық тұстес шамның жарығымен жүргізу ұсынылады. Жарық тұсіру деңгейі шамамен 500-ден 1000 лк. дейін болуы тиіс. Қыздыратын шамдармен немесе тікелей күннің сәулесімен жарық тұсіруге болмайды.

Куәландырушы арқасын жарық түсіп тұрған жаққа (терезеге) қаратып отырады. Әр картаны куәландырушыдан 1 метр жерде дәл көзінің деңгейінде тігінен орналастырып көрсету қажет.

166. Куәландырушы төртбұрыштың ашық тұрған жақтағы бағытын атауы немесе қолымен жоғары, төмен, онға, солға көрсетуі тиіс. Бір тестің экспозициясына жауап беруге 5 секунд уақыт толығымен жетеді. Тестер кестесінің қойылу тәртібін еркін ауыстырып отыру ұсынылады, ал кездейсоқ болжамды болдырмау үшін төрт бұрыштың ашық тұрған жақтағы орнын ауыстырып, бір кестені кемінде үш рет көрсету керек.

167. Барлық 11 кесте бойынша дұрыс жауап бермегендің және реңінің түстерін куәландырылушылардың барлығы дерлік ажыратадай етіп таңдал алынған № 12 кесте көрсетіледі. Бұл бақылау тесті түсті ажыратадай алмайтындығын сылтауратуы мүмкін болған жағдайда оны анықтау және зерттеудің атқаратын тәртібін көрсету үшін қолданылады. Қалған 11 карта сезімталдығының әрқайсысын өз сәйкестігіне қарай жеке байқау үшін тестердің 3 тобын: сезімталдығы жағынан басым түскені спектрдің қызыл бөлігін (№ 1-ден № 4-ке дейін), спектрдің жасыл бөлігін (№ 5-тен № 8-ге дейін) және спектрдің көк түсті бөлігін (№ 9-дан № 11-ге дейін) құрайды.

168. Куәландырушының барлық жауаптары шекті белгілер кестелері бойынша түсті ажыратуды зерттеу хаттамасына жазылады. Дұрыс жауап "+" белгісімен, дұрыс емес жауап "-" белгісімен белгіленеді.

Шекті көрсеткіштер бойынша түсті ажыратуды зерттеу хаттамасы:

Зерттелетін қабылдағыш	қызыл				жасыл				бақылау				бақыл ау
карта №	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	
Сынал 1													
ушын 2													
ың 3													
еселік													
кезең													
мен													
сынал 3													
ғандағы													
жауап тары													

Корытынды _____

Сарашы-дәрігер окулист _____

169. Зерттеу нәтижелеріне баға бермес бұрын тесттердің бірінші тобы (№ 1, 2, 3, 4) прототапшылық және протанопияны, екінші тобы (№ 5, 6, 7, 8) – дейтотапшылық пен дейтеранопияны, үшінші топ (№ 9, 10, 11) – триотапшылықты анықтауға арналғанын естен шығармау қажет.

170. Барлық тесттерді сенімді түрде ажырата білу дұрыс трихромазияны білдіреді. № 1, № 5 немесе № 9 тесттердің біреуін ажырата алмай, қалған тесттердің барлығын ажыратқанда түсті ажырату қабілетінің төмендігін (I дәрежелі) көрсетеді. № 1, 2 немесе № 5, 6, немесе № 9, 10 тесттерді ажырата алмау түсті ажырату қабілетінің орташа (II дәрежелі) төмендігін көрсетеді. № 1, 2, 3 немесе № 5, 6, 7, немесе № 9, 10, 11 тесттерді ажырата алмау түсті ажырату қабілетінің айқын (III дәрежелі) төмендігін көрсетеді. № 1, 2, 3, 4 тесттерді ажырата алмау протанопияға, № 5, 6, 7, 8 тесттерді ажырата алмау дейтеранопияға тән.

171. Қабылдағыштардың екеуінің немесе үшеуінің функциялары бірден бұзылуы әбден мүмкін. Мысалы, I дәрежелі прототапшылықтың II дәрежелі дейтотапшылықпен біріккен түріндегі редуцирленген трихромазия.

172. Жалпы алғанда, барлық тесттерді ажыратушыларда – күшті трихромазия, бір қате жібергенде - әлсіз трихромазия, ал бір топтағы тесттердің барлығын ажырата алмаушыларда – дихромазия, яғни түсті ажырату қабілетінің жоқ екенін білдіреді.

173. Көздің өткірлігі барлық куәландырылушыларда зерттеледі. Ол Ротаның жарық түсіретін аппаратына орналастырылған Головин-Сивцевтің кестесі бойынша анықталады. Кестеге 40 ватт электрошамымен жарық түсірілуі керек.

Әрбір белгінің көрсетілу уақыты 2-3 секундтан аспайды.

174. Кесте әріптердің төменгі жолдары еденнен 120 см. биік тұратындай етіп, куәландырылушыдан 5 метр арақашықтықта терезеге қарама-қарсы қабырғаға орналастырылады. Көздің өткірлігі куәландырылушы кестенің қай қатарынан барлық белгілерді оқыса, сол қатар бойынша ескеріледі. Тек көздің өткірлігіне сәйкес 0.7, 0.8, 0.9; 1.0, қатарларын оқыған кезде бір жолдағы 1 белгіден ғана қате жіберуге жол беріледі. Зерттеу кезінде көздің жоғары өткірлігін болдырмау үшін көзді сығырайтуға тыйым салынады. Көздің 0,1-ден төмендігін анықтау үшін Поляктың қарапайым жарық түсіретін аппаратқа орналастырылған оптотиптері пайдаланылады. Әрбір оптотип кемінде бес түрлі қалыпта көрсетіледі, бұл орайда бес оптотиптің кемінде төртеуі дұрыс қалыпта деп табылса, көздің өткірлігін сол ототип анықтайды.

175. Егер көз өткірлігінің көрсетуі күмән туғызатын болса, зерттеудің бақылау әдістерін қолданған жөн және көздің өткірлігін қайта зерттеуді жүргізу керек.

176. Рефракцияның ауытқу дәрежесі мен сипаты (барлық куәландырылушыларда анықталады) екі түрлі тәсілмен: субъективтік – көздің өткірлігін коррекция арқылы анықтау жолымен және міндettі түрде циклоплегия жағдайында М-холиноблокатор тобының дәнекерлер ерітіндісімен жүргізіледі.

177. 40 жастан асқан адамдарға мидриатиктер тамызу көз іші қысымын тексергеннен кейін жүргізіледі.

178. Головин-Сивцевтің № 4 кестесін оқу үшін қаріптің көмегімен айқын көрудің жақын нүктесін (аккомодация көлемін) анықтау қызметінің сипаты көру функцияларының жай-күйіне жоғары талаптар қоятын адамдарға медициналық

көрсеткіштер бойынша жүргізіледі. Тексерудің алынған нәтижелерін жас нормаларымен салыстырған дұрыс.

179. Көру аумағын тексеру медициналық көрсеткіштер бойынша периметрде (жай немесе проекциялық) жүргізіледі.

180. Медициналық көрсеткіштер бойынша кампиметрия жүргізіледі. Тұнде көруді тексеру (қараңғыға бейімделу) қызметі тұнгі уақытта ұзақ уақыт көздің көруіне күш түсіруді қажет ететін адамдарға жүргізіледі.

181. Көру ағзасының анатомиялық жай-күйін тексеру бірізділікпен барлық куәландырушыларға жүргізіледі. Басында көздің қорғау аппаратының жай-күйі анықталады. Бұл ретте қастардың аумағының жай-күйіне, көз ұяларының пішіне мен бірдейлігіне, қабақтардың, кірпіктердің орналасуы мен жай-күйіне, интермаргиналдық кеңістікке, қабақ конъюктивтерінің ұстіңгі бетінің сипаты мен түсіне, оларда тыртықтардың болуына назар аударылады.

182. Көз жасы аппаратын тексеру кезінде көз жасы нүктелерінің орналасуы мен айқындылығын, ауданын басу арқылы көз жасы қабының жай-күйін ескеру қажет. Көз жасы бөлудің бұзылуына күман болғанда және жас аққанда түсті каналдың және көз жасы-мұрын сынамасының (3% коллаген ерітіндісі немесе 2% флюоресцеин ерітіндісі) көмегімен көз жасын бөлу функциясын тексеру қажет.

183. Теріс немесе баяу жүретін сынап байқау алынғанда сүйиқтарға арналған көз жасы жолдарының анатомиялық, өту қабілетін тексерген жөн.

184. Алдыңғы және көз ортасын бөлетін кесінділердің жағдайы туралы қорытынды жанама жарық түсіру кезінде, өтпелі жарықпен және қуыстық шаммен зерттеуден кейін шығарылады.

185. Көздің түбін зерттеу барлық куәландырушыларда жартылай циклоплегия жағдайында мидриацілдің инстилляциялау жолымен айналы офтальмоскоптың (көрі офтальмоскоптың) көмегімен және қажет болған жағдайда электрлік офтальмоскоптың, рефлекссіз офтальмоскоптың немесе қуыстық шамның көмегімен жүргізіледі.

186. Көз қозғау аппаратын зерттеу кезінде әрбір көздің қозғалысына жеке-жеке және көздің қылилығын, еріксіз жыпылықтауын, конвергенция жағдайын айқындау мақсатымен бинокуллярлық қозғалысқа назар аударады. Қылилық дәрежесі шам арқылы периметр доғасының көмегімен анықталады және градус бойынша, сондай-ақ Меддокс шкаласы арқылы айқындалады. Қылилық бұрышын іс жүзінде Гиршбергтің әдісі бойынша айналы офтальмоскоппен өлшеу ыңғайлы. Қылилық мөлшері шыны айнадағы жарық рефлексінің жағдайы бойынша орналасқан болса, онда қылилық бұрышы 15 С, егер көздің сыртқы мөлдір қабығының ортасында болса - 25-30 С, лимбеде болса – 45 С, лимбeden тыс болса – 60 С тең және одан да артық болады.

187. Көз алмасының қозғалысын анықтау шектеумен ере жүрмейтін диплопияға шағымданған кезде, қызыл бейнесі бар қос бейнелерді зерттеу жүргізіледі.

188. Көздің еріксіз жыпылықтауы айқындалған кезде, оның сипаты мен пайда болуын анықтау керек. Еріксіз жыпылықтаудың себебі көз патологиясынан деп сұнауға негіз болмаған жағдайда невропатолог пен оториноларингологтың кеңестері қажет. Қалыптасқан еріксіз қызметке қарсы көрсету болып табылмайды.

189. Қарашық реакцияларын зеттеу барлық күәландырушыларға қатысты жүргізіледі. Бинокулярлық көру көзге ұзак салмақ түсіруді талап ететін қызметтегі адамдарда және медициналық көрсетулер бойынша анықталады. Бинокулярлық көруді анықтау үлкен диплоскопта, түрлі түсті тестіде (поляроидтық көзілдіріктерді пайдалана отырып) жүргізіледі.

190. Көз ішінің қысымын зерттеу пальпация арқылы барлық күәландырушыларға қатысты жүргізіледі. 40 жастан асқан барлық адамдарға Маклаков тонометрінің көмегімен тонометрия жүргізу керек.

9-тарау. Ауыз қуысы мен жақтарды зерттеу

191. Ауыз қуысы мен жақты зерттеу шағымдарды айқындаудан, олардың сипатын бағалаудан анамнезді, клиникалық және функционалдық зерттеулерді жинаудан құралады. Куәландырушылардың жақ-бет маңайында басынан өткерген ауруларының, жарақаттардың және операциялардың сипаттары анықталады.

192. Объективтік зерттеу бетті ауыз алды мен қуысын қараудан басталады. Жақ асты маңайы мен мойынның лимфатикалық аппаратын зерттеу бір қолмен күәландырылуышының басын қисайтып ұстая арқылы жүргізіледі, ал екінші қолмен жақ асты маңайындағы лимфатикалық тораптар ұстап байқалады. Лимфатикалық тораптарды зерттеу басын алдымен бір жақтан, содан соң екінші жақтан беру арқылы жүргізіледі.

193. Ауыз басы артқа қарай ақырын шалқайтылған кезде екі кезеңде: алғашқыда жақтың жабық түрған кезінде (еріндер, ауыз алды, тістеу), ал содан соң ауыз қуысы (тістер, пародонт, шырышты қабық және тіл) зерттеледі. Тістер мен ауыз қуысы органдарын зерттеу кезінде тіс дәрігерлік айналар, тіс дәрігерлік пинцеттері диагностикалық зондтар пайдаланылады. Самай төменгі жақ буындарының функциясы ауызды ашу және төменгі жақтың жанама қозғалыстары арқылы тексеріледі. Буынның өзін зерттеуді екі қолдың сұқ саусақтарын күәландырушының есту қуыстарына енгізу арқылы өткізеді, сонда бірден алдыңғы жақ тері қабаттарының астынан төменгі жақтың буын басы байқалады.

194. Медициналық күәландыру кезінде сондай-ақ тіс жақ, жүйелері органдарының негізгі функциялары: тыныс алу, сөйлеу, жұтыну, шайнау зерттеледі. Шайнау функциясының бұзылуы шайнау фазасының өзгеруімен, шайнау қысымының теңбе-тең орналастырылмауымен, шайнау қозғалысы санының артуымен және тамақты шайнау уақытының ұзаруымен айқындалады.

195. Шайнау функциясының бұзылуын қалпына келтіру шайнаудың тиімділігі 40% ке төмендегеннен кейін ауырлай түседі.

196. Қажет болған жағдайда Н.И. Агапов бойынша шартты коэффициенттердің көмегімен шайнау тиімділігін жоғалту деңгейі белгіленеді. Бұл ретте барлық тістердің шайнау қуаттылығы 100 %, оның ішінде әр тістің қуаттылығы мынадай сандық мәндермен көрсетіледі: күрек тіс - 1%, алдыңғы тіс - 2%, ұры тіс - 3%, азу алды тістері - 4%, бірінші азу тіс - 6%, екінші азу тіс - 5%. Тістер ішінше түскен жағдайда шайнау тиімділігінің сақталу деңгейі қалған тістер мен антагонистері коэффициенттерінің 100 % сомасынан алып тастау арқылы белгіленеді. Үшінші азу тістер есепке алынбайды.

197. Осы әдістеме бойынша тіс қатарларының шайнау тиімділігін айқындаған кезде тістің жоқтығы ғана емес, осыған орай оның антагонисі функциясына байланысты түсіп қалуы да ескеріледі.

198. Сақталып қалған тістердің шайнау тиімділігін бағалаған кезде сондай-ақ пародонтаның жағдайы есепке алынады. I патологиялық дәрежелі ептілігі кезінде тістердің құндылығы 1/4-ке, ептілігі кезінде II дәрежелі - на 1/2-ке кішірейеді, ептілігі немесе III дәрежелі емдеуге және пломба салуға келмейтін коронасы бұзылған тістер жоқ деп есептеледі.

199. Операциядан, жарақаттан және күрделі протез жасаудан кейін шайнаудың тиімділігін бағалау мақсатында Гельманнның, Рубиновтың (мастикациографаның көмегімен төменгі жақ сүйегінің шайнау қозғалысын графикалық, тіркеу) және басқалардың әдістері қолданылады.

200. Ауыз қуысы мен тістерді объективтік зерттеу байқаудан пальпациядан және перкуссиядан құралады. Қажетті жағдайда электроодонтодиагностика, ортопантомография, тістерді және пародитті өтпелі жарық арқылы зерттеуде Писарев-Шиллердің және басқалардың аппликациялардың үлгілері пайдаланылады.

Ескерту. 200-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

201. Орталық окклюзияда тіс қатарларының қабысусы (тістеу) үш өзара прпендикулярлық жазықтықта (сагиттальдық, тік және көлденен) анықталады. Тістердің ауытқулары кезіндегі түрі, сондай-ақ тіс қатарларының жылжуы сызықтық өлшеу арқылы анықталады. I дәрежелі тістердің ауытқуларына тіс қатарларының 5 мм дейін, II дәрежесіне - 5 ммден 10 мм дейін, III дәрежесіне - 10 мм жоғары жағдайлар жатады. Миллиметрлік бұл мөлшер жақшага алу арқылы ауытқу дәрежесінен кейін көрсетіледі.

202. Тістер болмағанда, олардың патологиясы анықталған жағдайда медициналық куәландыру актісінде, оқуға түсушінің карточкасында міндетті түрде кариоздық, пломба салынған және жұлынып тасталған (КПЖ) тістерінің саны көрсетіле отырып, тіс формуласы көрсетіледі.

10-тaraу. Гинекологиялық зерттеу

203. Гинекологиялық зерттеу шағымды анықтау, анамнезді зерделеу, тұқым қуалау, ауырған аурулары (оның ішінде гинекологиялық), төсек қатынасы, менструациялық овариялды қызметінің, сыртқы және ішкі жыныс мүшесін қарауды қамтиды.

204. Гинекологиялық зерттеу кезінде қолмен зерттеу және аспаптық әдістер қолданылады. Гинекологиялық зерттеудің маңызды әдісі жатырдың (жағдайы, мөлшері, нысаны, консистенциясы, қозғалу дәрежесі және т.б.) және сегізкөздік-түйіні қосымшаларының жағдайларын объективтік бағалауға мүмкіндік беретін бимануалдық сипау болып табылады.

205. Гинекологиялық зерттеу кезінде айнаның (қасық тәріздес – Симпсон, ашылмалы – Куско) көмегімен сыртқы жыныс мүшелерін, қынапты және жатыр мойнын байқау, қыныптық тексеру, қынаптық-құрсақ қабырғалық және қынаптық-тікішек зерттеуі, жатырды барлап қарау, жатырды артқы пункция, жатыр мойнынан биопсия алу, жатыр қуысынан аспираата алу, хромодиагностика (шырышты жатыр мойнының түрлітүсті реакциясы), цитология және тазалық деңгейіне сұртіндін айқындау.

206. Гинекологиялық зерттеуді гинекологиялық креслода өткізеді, бұл ретте пациенттің аяғы креслоның тіреуішінде, ал бөксесі креслода орналасады.

Сыртқы гинекологиялық зерттеу. Сыртқы жыныс мүшелерін тексеру кезінде түкті жабындының деңгейін және сипатын ескереді, үлкен және кіші жыныстық ернеудің жетілуі, бұтаралықтың жағдайы, патологиялық процесстің болуы (қабыну, ісіктер, жаралану, кондиломалар, патологиялық кір). Жыныс саңылауының кеңейуі, қынаптың және жатырдың түсіі немесе төмен түсіі (кушену кезінде). Тік ішек саңылауы аймағындағы патологиялық жағдайы (варикоз түйіндері, жарықшақ сызаттары, кандиломалар, тік ішектен ірің немесе қан аралас кірдің шығуы). Сарпайдың және қынап кіреберісін тексереді, олардың түсін, бөлінді сипатын, патологиялық процесстердің болуын (қабыну, өсінді, жаралардың болуы), несеп шығару арналары қуысының және бартолинді бездердің шығару ағыстарының жағдайын, қыздық пердесін тексереді.

207. Гинекологиялық айналардың көмегімен тексеру – сыртқы жыныс органдарын тексеріп болғаннан кейін жүзеге асырылады. Айнаны қынапқа енгізе отырып, қынаптың және жатыр мойны шырышының реңін тексереді. Бұл ретте шырышты қабықтың реңіне, бөліндінің ерекшелігіне, жатыр мойнының көлемі мен пішініне, сыртқы зевтың жағдайына, жатыр мойны аймағындағы патологиялық процестердің болуына (қабыну, жарақат, жаралардың болуы немесе тесіктің) назар аударады.

208. Қынапты тексеру. Жамбас қуысының жағдайын анықтайды, бартолинді бездердің орналасу аймағын сипайды, қынаптың алдыңғы қабыргасы жағынан несеп жолдарын сипап көреді. Қынаптың жағдайын айқындейді: көлемі, қабыршықтың

созылуын, патологиялық процесстердің (инфилтраты, қотырлану, стеноздың, ісіктердің, кемістік) болуын тексереді. Қынаптың жиырылуы ерекшеліктерін (терендігі, қозғалысы, ауырсынуы) анықтайды. Бұдан әрі жатыр мойнының қынаптық бөлігін, көлемін (гиперплазия, гипертрофия), пішінін (конусты, целиндрлі, тыртықпен, ісіктермен, кандиломалармен формасы өзгерген), сыртын (жылтыр, бүгір, консистенциясын (кәдімгі, жұмсақ, тығыз), жамбас осын (алға, артқа, солға, онға бағытталған), сыртқы зевтің жағдайын (жабық, ашық, пішіні дөңгелек, көлдененеңі, саңылау, зеяние), мойнының қозғалысы және жарылудың болуы тексереді.

209. Екісапты (қынап-құрсаққабырғалық, бимануалды) тексеру – жатырдың, қосалқылардың, жамбас қуысы мен клетчаткалардың ауруларын танудың негізгі әдісі. Айнаны алғаннан кейін өткізіледі. Қолғап киілген бір жақ қолдың сұқ және ортаңғы саусақтары қынапқа енгізіледі, басқа қолды алдыңғы құрсақ қабырғасына қояды. Алдымен жатырды тексереді, қолмен басып қарап оның орналасуын, көлемін, пішінін, консистенциясын, қозғалысын және ауырсынуын тексереді. Жатырды тексеріп болғаннан кейін қосалқыларын тексереді. Қалыпты тұтіктер, әдетте, байқалмайды, сау аналық бездерді тек тәжірибесі мол зерттеуші ғана табуы ықтимал, олар жатырдың бүйір жағынан шағын ұзынша жасанды түрінде байқалады. Қабыну, ісік болған кезде дөңгелек негізгі және сегізкөз-жатыр байламдарын байқауға болады. Артынша жамбас құрсақ және клетчатка (инфилтраттар, тыртықтар, спайка) аймағында патологиялық процесстермен айқындалады.

210. Тікішек (ректальды) және тікішек-құрсақ қабырғасын зерттеу қыздарда атрезия, аплазия, қынаптың стенозында қолданылады, қосымша мынадай патологиялық процестерде: қабыну ауруларында, тікшектен кір шыққанда, тесіктерде, жарықшаларда, дақтарда қолданылады.

211. Ректальды-қынаптық тексеру – қынап, тікішек қабырғасында, төңіректегі клечатқада патологиялық процестер болған кезде қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық ұланында әскери-
дәрігерлік саралтама өткізу
қагидаларына
3-қосымша

Фотосуретке арналған орын

Әскери бөлімнің елтаңбалық мөрі

Әскери оқу орнына түсетін азаматты медициналық куәландыру картасы

1. Тегі, аты, болса әкесінің аты, туған жылы

(әскери қызметшінің әскери атағын көрсету)

2. Тұрғылықты жері (мекенжайы) _____

(әскери қызметшілерге мекенжайы мен әскери бөлімнің шартты атауы)

3. Шалдыққан аурулары, оның ішінде соңғы 12 ай ішінде инфекциялық аурулармен ауырғандығы туралы мәліметтер _____

4. Дәрі-дәрмек құралдарын және басқа да заттарды көтере алмайтындығы (жоғары сезимталдық) туралы мәліметтер_____

5. Диспансерлік есепте алу (бақылау) туралы мәлімет_____

6. Тексеру нәтижелері:

	Алдын ала медициналық күәландыру 20 __ ж. " __ "	Түпкілікті медициналық күәландыру 20 __ ж. " __ " _____
1	2	3
Шағымдар мен анамнез		
Жалпы кан талдауы		
Мерзге микропреципитация реакциясы (микрореакция)		
Жалпы несен талдауы		
Мұрын қуысының рентгенографиясы		
ЭКГ- зерттеу		
Кеуде тіндері органдарының флюорографиясы		
Зәрді гельминттерге зерттеу		
В және С гепатиттерінің маркерлеріне қанды зерттеу		
АИТВ-инфекциясы на қанды зерттеу		
Басқа да зерттеулер		
Бойы/дene салмағы		
Қ о л динамометриясы (он / сол қол)		
Д е н е динамометриясы		
Терапевт		

Эндокринді жүйе						
Жүрек-қан тамырлары жүйесі						
Функционалдық синама	тыныштықта	жүктемеден кейін	2 мин кейін	тыныштықта	жүктемеден кейін	2 мин кейін
бір минутта тамыр соғысы						
артериалдық қан қысымы						
Тыныс алу мүшелері						
Ас корыту мүшелері						
Бұйрек						
Көкбауыр						
Жіберілді : (зерттеу түрі, күні)						
Диагнозы						
Корытынды						
Күні, дәрігердің қолы, тегі, аты-жөні						
Хирург						
Лимфа түйіндері						
Сүйек-бұлшықет жүйесі						
Перифериялық қан тамырлары						

Несеп-жыныс жүйесі		
Анус және тікішек		
Жіберілді : (зерттеу түрі, күні)		
Диагнозы		
Корытынды		
Күні, дәрігердің қолы, тегі, аты-жөні		
Невропатолог		
Бассүйек - ми жүйкелері		
Көзғалыс аясы		
Рефлекстер		
Сезімталдығы		
Вегетативті жүйке жүйесі		
Жіберілді : (зерттеу түрі, күні)		
Диагнозы		
Корытынды		
Күні, дәрігердің қолы, тегі, аты-жөні		
Психолог		
Деректер және	ЖЖӘЗ _____ КРТ (Равен) _____ Люшер _____ Психофункционалдық диагностика _____	ЖЖӘЗ _____ КРТ (Равен) _____ Люшер _____ Психофункционалдық диагностика

корытынды:	Корытынды _____	Корытынды _____
Күні, қолы	20 ____ жылғы "___" ____ №____ ПФЗ корытындысы ____ / ____ (қолы) (тегі және аты-жөні)	20 ____ жылғы "___" ____ №____ ПФЗ корытындысы ____ / ____ (қолы) (тегі және аты-жөні)

Психиатр

Қабылдауы		
Зияткерлік саласы		
Эмоцион алды-ерік аясы		
Жіберілді : (зерттеу түрі, күні)		
Диагнозы		
Корытынды		
Күні, дәрігердің қолы, тегі, аты-жөні		

Окулист

	ОҢ көз	СОЛ көз	ОҢ көз	СОЛ көз
Тұсті сезіну				
Тұзетуле рсіз көру еткірлігі				
Тұзетуле рмен көру еткірлігі				
Скиаскоп иялық рефракция				
Бинокулярлық көру				
Анық көрудің жақын нүктесі				

Жас жолдары				
Қабактар мен конъюнк тивалар				
Көз алмалары ның орналасу ы мен козғалыс ы				
Көз қарашық тары мен олардың реакцияс ы				
Оптикал ық орта				
Көздің түбі				
Жіберілді : (зерттеу түрі, күні)				
Диагнозы				
Корытын ды				
Күні, дәрігерді ң қолы, тегі, аты-жөні				
Оториноларинголог				
Мұрынме н тыныс алу	он	сол	он	сол
Сыбырла п сейлеу				
Құлақ барофунк циясы				
Вестибул ярлық аппаратт ың функциял ары				

Иіс сезу		
Жіберілді : (зерттеу түрі, күні)		
Диагнозы		
Қорытынды		
Күні, дәрігердің қолы, тегі, аты-жөні		
Стоматолог		
Тіс түйіс		
Ауыздың сілемейлі қабықшасы		
Тістер		
Қызыл иек		
Жіберілді : (зерттеу түрі, күні)		
Диагнозы		
Қорытынды		
Күні, дәрігердің қолы, тегі, аты-жөні		
Дерматовенеролог		
Жіберілді : (зерттеу түрі, күні)		
Диагнозы		
Қорытынды		
Күні, дәрігердің қолы, тегі, аты-жөні		
Басқа да дәрігер-мамандар		

Диагнозы , корытын ды, күні, дәрігерді ң қолы, тегі, аты-жөні	
Ерекше белгілер (зерттеуден бас тарту, келмеу және т.б. туралы)	
Күні және түрлері	

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - КР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Медициналық қуәландыру нәтижелері:

1) әскери-дәрігерлік комиссияның алдын-ала медициналық қуәландыруы

(ӘДК атауы көрсетілсін)

Талаптардың ____ бағанының ____ тармағы ____ тармақшасының
негізінде _____

М.О. Комиссия бастығы _____

(әскери атағы, қолы, аты-жөні, тегі)

Комиссия хатшысы _____

(әскери атағы, қолы, аты-жөні, тегі)

Комиссияның пошталық мекенжайы _____

ӘДК қорытындысымен таныстым ____ / ____ " ____ 20 ____ ж.

2) әскери-дәрігерлік комиссияның алдын-ала медициналық қуәландыруы

(ӘДК атауы көрсетілсін)

Талаптардың ____ бағанының ____ тармақтың ____ тармақшасы
негізінде _____

М.О. Комиссия бастығы _____

(әскери атағы, қолы, аты-жөні, тегі)

Комиссия хатшысы _____

(әскери атағы, қолы, аты-жөні, тегі)

Комиссияның пошталық мекенжайы _____

ӘДК қорытындысымен таныстым ____ / ____ " ____ 20 ____ ж.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - КР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұлттық ұланында әскери-
дәрігерлік саралтама өткізу
қағидаларына
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша жана редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

Нысан

(әскери-дәрігерлік
комиссияның атауы) Әскери-дәрігерлік комиссия отырыстары хаттамаларының №1 кітабы (науқастану күелігі)

№	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Тұған жылы, әскери атағы	Лауазымы, қызмет орны, жолдаманың № және күні, кім жолдады	Диагнозы және науқастанудың, мертігудің себепті байланысы туралы қорытынды	ӘДК әскери қызметке жарамдылық санаты туралы қорытындысы (тармақтары мен бағандары)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

(әскери-дәрігерлік
комиссияның атауы) Әскери-дәрігерлік комиссия отырыстары хаттамаларының № 2 кітабы (анықтамалар)

№	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Тұған жылы, әскери атағы	Лауазымы, қызмет орны, жолдаманың № және күні, кім жолдады	Диагнозы және науқастанудың, мертігудің себепті байланысы туралы қорытынды	ӘДК әскери қызметке жарамдылық санаты туралы қорытындысы (тармақтары мен бағандары)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

Қазақстан Республикасының
Ұлттық ұланында әскери-
дәрігерлік саралтама өткізу
қағидаларына
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымша жана редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

Нысан

данадан тұратын анықтаманы, науқастануы туралы қуәлікті (көрек емесі сзып тасталсын) алдым. _____ (қолы) _____ (лауазымы, тегі және аты-жөні түсінікті жазылсын)

20 ____ ж."____"

(әскери-дәрігерлік комиссияның атауы)

№_____ медициналық қуәландыру актісі

1. Тегі, аты, әкесінің аты _____
2. Тұған жылы _____
3. Білімі _____
4. Азаматтық кәсібі, мамандығы _____
5. Қарулы Құштерде мерзімді қызметте _____ бастап _____ дейін
қызмет өткерді _____
(айы, жылы) (айы, жылы) (иә, жоқ)
Қызметтен шығу себебі _____
6. Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – ПМ), Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қорғаныс министрлігі (бұдан әрі – ҚМ), ҚР Ұлттық ұланы (бұдан әрі – ҰҰ) органдарында немесе басқа да әлуettі органдарда _____ бастап
(айы, жылы) _____ (айы, жылы) дейін қызмет өткерді _____ (иә, жоқ)
Қызметтен шығу себебі _____
7. Арнаулы немесе әскери атағы _____
Соңғы жұмыс (қызмет) орны және лауазымы (толық) _____
8. Соңғы 12 ай ішінде қанша күн ауырды _____
Қашан және қайда емделді _____

**Мүгедектігі бар адам болыш танылды ма ___, қандай топтағы ___, бастап _____
_____(иә, жоқ)**

- дейін _____, сырқаттануы бойынша
9. Бұрын комиссиядан (ПМ Орталық ӘДК немесе Полиция департаменттерінің ӘДК, ҚМ ӘДК, ҰҰ ӘДК) өткен бе _____
_____ қай жылы _____, қайда _____
(иә, жоқ)
10. Өзімді ұсынылып отырған немесе қызметке әрі қарай
_____ деп санаймын.
(жарамды, жарамсыз)
11. Тұрғын үйінің мекенжайы және телефоны _____

_____ ӘДК-ға әскери билетімді (әскери қызметшілер үшін), қызметтік куәлігімді, паспортымды және емделу, медициналық куәландыру өту туралы қолымда бар медициналық құжаттарымды ұсынуға міндеттенемін. Мен хабарлаған барлық мәліметтердің дұрыстығын өз қолыммен растаймын

200 _____ ж." _____ "

12 және 13 тармақтарды ҮҮ ӘДК медтіркеушісі толтырады.

12. Қызметтік куәліктегі мәліметтер:

№ _____, сериясы _____, қай жерде берілді _____

Күні _____

13. Әскери билеттегі (тіркеу куәлігіндегі) мәліметтер: сериясы және № , берілген күні, кім берді _____, жарамдылық санаты _____,

№ _____ бұйрықтың _____ баптары, атағы _____ қызмет мерзімі _____

ҮҮ ӘДК хатшысы тексерді _____

Объективті зерттеу деректері

1. Хирург. Антропометриялық деректер: Бойы _____ см. Салмағы ____ кг.

Кеуде шенбері: тыныш күйде _____, ая ая жүтқанда _____, ая ая шығарғанда _____

Спирометрия _____

Динамометрия: оң жақ қол басы ___, сол жақ қол басы ___ Тұлға бойы _____

Шағымдар: _____

Анамнез (жарақаттар, операциялар, қайда емделді) _____

Жалпы ағзаның жетілуі _____

Тері және көзге көрінетін кілегейлі қабықшалар _____

Лимфа түйіні _____

Бұлшық ет жүйесі _____

Сүйектік жүйесі және буындары _____

Қалқанша без _____

Шеткери қан тамырлары _____

Несеп жүйесі _____

Ректальды _____

Диагноз: _____

Хирургтың Т.А.Ә., күні, қолы _____

2. Оториноларинголог. Шағымдар:

Анамнез (қандай аурулармен ауырды, жаракаттар, қайда емделді)

Сөйлеу дефектілері

Жүткүншаш, көмекей

	Оң жақ	Сол жақ
Мұрын жолдарының жай-куйі		
Мұрынмен тыныс алу		
Иіс сезімі		
Дабыл жарғақтарының жағдайы		
Сыбырлап сөйлегендегі есту өткірлігі		
Құлақтың барофункциясы		

Вестибулярлық аппараттың қызметі (ОС ның айналуымен екі еселік тәжірибе)

Диагноз:

Отоларингологтың Т.А.Ә., күні, қолы

3. Көз дәрігері. Шағымдар:

Анамнез (қандай аурулармен ауырды, операциялар, қайда емделді)

Түстерді ажырату (Рабкин бойынша)

	Оң жақ көзі	Сол жақ көзі
Коррекциясыз көру өткірлігі		
Коррекциямен көру өткірлігі		
Скиаскопиялық рефракция		
Анық көрудің ең жақын нүктесі		
Қозғалыс аппараты		
Көз жасының жолдары		
Қабағы мен конъюнктивасы		
Көз алмаларының орналасуы мен қозғалмалылығы		
Қарашықтары және олардың реакциялары		
Оптикалық орта (көздерінің алдынғы бөліктері мен терең орта)		
Көздің түбі		
Көру аумағы		
Бинокулярлық көру		



Диагноз: _____

Көз дәрігерінің Т.А.Ә., күні, қолы _____

4. Тіс дәрігері. Шағымдар, анамнез: _____

Формуласы ----- 8 7 6 5 4 3 2 1 ! 1 2 3 4 5 6 7 8

Тіс түйісі _____

Ауыз қуысының кілегейлі қабықшасы _____

Қызыл иектері _____

Диагноз: _____

Тіс дәрігерінің Т.А.Ә., күні, қолы _____

5. Невропатолог. Шағымдар: _____

Анамнез (қандай аурулармен ауырды, жарақаттар, қайда емделді

Бас сүйегі-ми нервтері _____

Шеткери нервтер _____

Рефлекстер _____

Сезгіштігі _____

Вегетативтік нерв жүйесі _____

Диагноз: _____

Невропатологтың Т.А.Ә., күні, қолы _____

7. Психодиагностикалық зерттеу. _____

ЖЖӘЗ _____

Равен (КБТ) _____

Люшер _____

Психофункционалдық диагностика _____

Қосымша әдістеме _____

20 ____ жылғы № ____ қорытынды _____

Ұсынылады (ұсынылған жок) _____

Ескертпе _____

Психологтің тегі, аты-жөні, күні қолы _____

8. Психиатр. Шағымдар: _____

Анамнез (сырқаттануы, зиянды әдеттері, есінен тану, құлау)

Мәртебесі _____ Ақыл-есі _____ Зейіні _____

Есте сақтауы _____

Ойлауы _____

Зияткерлігі _____

Эмоционалдық ерік-жігери _____

Корытынды _____

Психиатрдың тегі, аты-жөні, күні, қолы _____

9. Терапевт. Шағымдар: _____

Анамнез (қандай аурулармен ауырды, қайда зерттеуден өтті, емделді)

Тамақтану _____

Тері жамылғысы _____

Көзге көрінетін кілегейлі қабықшалар _____

Эндокриндік жүйесі _____

Жүргегі: шекаралары _____

Тондары _____

Қайта өлшеу күндері	20 ____ жылғы " ____ " _____ —	20 ____ жылғы " ____ " _____ —	20 ____ жылғы " ____ " _____ —			
Өлшеу жағдайла ры	Отырган дағы тынышты қта	15 рет отырып- тұрганна н кейін	2 минуттан кейін	Отырган дағы тынышты қта	15 рет отырып- тұрганна н кейін	2 минуттан кейін
Пульс						
Артериял ы к қысымы						
1 минуттағ ы тыныс алу						

козғалыс							
ының							
жүйелігі							

Тыныс алу органдары _____

Ас қорыту мүшелері _____

Бауыры _____

Көк бауыры _____

Бүйректері _____

Диагноз: _____

Терапевтің Т.А.Ә., күні, қолы _____

10. Гинеколог. Шағымдар: _____

Анамнез (қандай аурумен ауырды, операциялар) _____

Диагноз: _____

Гинекологтың Т.А.Ә., күні, қолы _____

11. Рентгенологиялық зерттеудің, зертханалық, функционалдық және басқа да зерттеулер мен консультациялардың деректері: _____

Науқастану диагноздары және олардың себепті байланысы _____

ӘДК қорытындысы _____

Талаптардың ____ бағаны ____ бабының негізінде _____
(комиссияның қорытындысын көрсету)

Ілесіп жүрушіге мұқтаж, мұқтаж емес (керексізі сыйылсын).

Ескертпе _____

Комиссия бастығы: _____

Елтаңбалық мөр _____

(комиссия атауы, атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

Сарапшы дәрігерлер: _____

20 ____ жылғы "____" ____

ӘДК қорытындысымен таныстым: _____ / _____ "____" ____ 20 ____

Ж.

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Әскери медициналық мекеменің
(әскери-дәрігерлік комиссияның)
бұрыштық мөртабаны

Мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия алу) туралы анықтама _____
(жарақат алған адамның әскери атағы,
тегі, аты, егер болса әкесінің аты, туған жылды)

1. Мертігу (жаралану, контузия алу, жарақаттану) орны _____
(мертігу (жаралану, контузия алу, жарақаттану) орны, түрі, сипаты және оқшаулау көрсетілсін) _____
2. Мертігу (жаралану, контузия алу, жарақаттану) ____ жылды ____ айы ____ күні алынды.
3. Мертігудің (жаралану, контузия алу, жарақаттану) мән-жайын толық сипаттау (еркін нысанда) _____
4. Мертігу (жаралану, контузия алу, жарақаттану) себептері _____

Мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия алу): 1) әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде, 2) әскери қызметтің міндеттерін орындаумен байланысты емес қайғылы оқиға нәтижесінде алынған.

_____ ұсыну үшін берілді
(анықтама ұсынылатын мекеменің, ұйымның атауы)

Командир (бастық) _____
(әскери атағы, қолы, аты-жөні, тегі)

М.О

" ____ " 20 ____ ж.
(орындаушының лауазымы, атағы, аты-жөні, тегі және қолы)

Казақстан Республикасының Ұлттық
ұланында әскери-дәрігерлік сараптама
еткізу қағидаларына

7-қосымша

Әскери медициналық мекеменің
(әскери-дәрігерлік комиссияның)
бұрыштық мөртабаны

Нысан

(әскери-дәрігерлік комиссияның
атауы) медициналық куәландыру туралы

20 ____ жылғы " ____ " № ____ анықтама

жіберуі бойынша (лауазымды адам, құжат
нөмірі, күні, жіберілу мақсаты мен себебі көрсетілсін)
куәландырды:

1. Тегі, аты, болған кезде әкесінің аты _____
2. Туған жылды _____, Қарулы Қүштерде _____ бастап (айы мен жылды)
3. Әскери атағы _____
4. Атқаратын лауазымы _____
5. Мамандығы _____
6. Әскери бөлім _____
7. Әскери қызметке шақырылды (келісімшарт бойынша түсті) _____

(корғаныс істері жөніндегі бөлім (басқарма) әскери қызметке шақырды, келісім шарт бойынша түскең айы мен жылды көрсетілсін)

8. Әскери қызметшінің қызметі туралы мәліметтер (әскери қызметке жарамдылығын айқындаған кезде толтырылады) _____ (әскери бөлімнен (мекемеден) берілген құжатқа сәйкес мәліметтер көрсетілсін: денсаулық жағдайының әскери қызмет міндеттерін орындауға әсері, әскери қызметшінің әскери қызметті жалғастыруға ниеті және әскери қызметшінің әскери қызметте қалдырудың мақсатқа сәйкестігі туралы қолбасшылықтың пікірі)

9. ӘДК қорытындысы:
1) диагнозы _____
2) мертігудің (жараланудың, жарақаттанудың, контузия алудың), науқастанудың себепті байланысы: _____

ҚР Қорғаныс министрінің 20 ____ жылғы " ____ " _____ бүйрекімен бекітілген Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидаларының _____ тармағы негізінде;

3) әскери қызметке жарамдылық санаты (әскери мамандығы бойынша қызметке, үшү жұмысына және т.б. жарамдылығы): _____
4). ПФЗ қорытындысы: _____

ҚР Қорғаныс министрінің 20 ____ жылғы " ____ " _____ бүйрекімен бекітілген Қазақстан Республикасының ҚК-да, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында қызмет ету үшін адамдардың денсаулық жағдайының сәйкес келуіне қойылатын талаптардың _____ бағаны _____ тармағының _____ тармақшасы негізінде

М.О.

Комиссия бастығы _____

(әскери атағы, қолы, аты-жөні, тегі)

Комиссия мүшелері _____

(әскери атағы, қолы, аты-жөні, тегі)

Комиссия хатшысы _____

(әскери атағы, қолы, аты-жөні, тегі)

Комиссияның пошталық мекенжайы _____

(әскери-дәрігерлік комиссияның атауы)

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2025 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының

Ұлттық ұланында әскери-
дәрігерлік саралтама өткізу

қағидаларына

8-қосымша

Нысан

Әскери-медициналық мекеменің

әскери-дәрігерлік комиссияның)

бұрыштық мөртабаны

Маманың еңбек жағдайлары мен жұмыс орнын санитарлық-гигиеналық сипаттау картасы

1. Тегі, аты, егер болса әкесінің аты _____

2. Жасы (толық жасы) _____

3. Әскери атағы _____

4. Әскери бөлім _____

5. Әскери-есептік мамандығы _____

6. Әскери-есептік мамандығы бойынша қызметі (оның ішінде осы әскери бөлімде)

(жылы, айлары)

7. Корғану шараларын сақтауы:

1) жеке _____

(сақталды, сақталған жоқ)

2) ұжымдық _____

(сақталды, сақталған жоқ)

8. Еңбек жағдайларының сипаттамасы:

			Негізгі кәсіби зияндылықтың сипаттамасы		

